Ұзақ мерзімді әсер ретінде өңірде белсенді, бастамашыл, бәсекеге қабілетті жұмысшы жастар қауымдастығының қалыптасуы күтіледі. Теріс әсерлер анықталған жоқ, керісінше жоба жастар арасындағы әлеуметтік енжарлықтың төмендеуіне және өндірістік салаға қызығушылықтың артуына ықпал етті.

2) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері жұмысшы жастардың әлеуметтік мәртебесінің көтерілуімен және еңбекке ынталандырудың артуымен көрініс тапты. Ақшалай сыйлықтар, сертификаттар мен марапаттар арқылы үздік кәсіпорындар мен белсенді жұмысшы жастар материалдық және моральдық тұрғыда ынталандырылды. Жалпы көлемі 1 600 000 теңгеден астам сыйақы мен сертификаттар табысталды.

Экономикалық тұрғыда жоба кәсіпорындар арасындағы тәжірибе алмасуға, жас мамандармен жүйелі жұмыс жүргізуге қызығушылықты арттырды. Бұл өз кезегінде кадр тұрақтылығына, еңбек өнімділігінің өсуіне және инновациялық ұсыныстардың өндірісте қолданылуына негіз болады.

Әлеуметтік әсер ретінде жұмысшы жастардың қоғамдық өмірге белсенді араласуы, патриоттық сана-сезімінің артуы және өңірдің дамуына үлес қосуға деген жауапкершілігінің күшеюі байқалды. Жоба өңірлік деңгейде әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға және жастар саясатын тиімді жүзеге асыруға нақты үлес қосты.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Қолдау» орталығы» жеке меншік мекемесі

Басым бағыттың атауы: Аймақтағы жастардың психикалық денсаулығын сақтау және нығайту

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1-міндет. «Жоба қызметін үйлестіру, дайындық кезеңін ұйымдастыру».

№ 1 іс-шара. Жоба командасын жасақтау, жоба кеңсесін құру.

Іс-шара аясында жобаға дайындық жұмыстары жүргізілді. Яғни, 3 қызметкерден тұратын жоба командасы жасақталып, жоба кеңсесі құрылды. Жоба жетекшісі - Елеусинова Милана Аминовна, жоба бухгалтері – Қыдырбаев Нұрболат Жетыбайұлы, қоғаммен байланыс жөніндегі маман - Дүйсенов Еділбек Медетұлы.

№ 2 іс-шара. Жоба бойынша ақпараттық жұмыс ұйымдастыру.

Жоба бойынша ақпараттық жұмыс ұйымдастыру бойынша алдымен жастарға психологиялық көмек көрсетуге бағытталған біріңғай дизайндағы арнайы парақшалар ашылды. Бұл парақшаларға ақпараттар мен жоба туралы посттар салынды. Әлеуметтік желідегі ақпараттар алдын-ала жүйелі түрде жасақталған контент-жоспар мен медиа жоспар бойынша жарияланып отырды.

<https://www.instagram.com/sanamensezim/?igsh=MXUycHQ3dW53YjJncA%3D%3D#>

https://www.instagram.com/eq_mangystau.zhastary/?igsh=N2RtZG54NzNxa3J1#

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=674433278980300&id=100092409016129&rdid=QTM8uUcey3ezU9kX#

https://www.tiktok.com/@sana_sezim?_r=1&t=ZM-910Ahguip6i

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=674433278980300&id=100092409016129&mibextid=wwXifr&rdid=SnDC7GIB5ERS5JwG#

№ 3 іс-шара. Брифинг өткізу

Іс-шара аясында 08 шілде күні Маңғыстау облыстық «Қоғамдық коммуникация орталығында» брифинг ұйымдастырылып, жобаның басталуы және жоба аясындағы жоспарлар бойынша ақпарат таратылды.

Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының маманы Гауһар Шамқұлова «Жастар EQ» алғашқы жобасы бойынша атқарылған жұмыстар туралы және «Қолдау» орталығы» ЖММ директоры Елеусинова Милана – жаңа жобаны таныстырып, баяндама жасады. Брифингке БАҚ өкілдері қатысып, республикалық БАҚ құралдарында жарияланымдар жарық көрді.

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1317017793756840&id=100063458953817&mibextid=wwXIfr&rdid=oCnK0oYtPa17s04g#

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=662968843460077&id=100092409016129&mibextid=wwXIfr&rdid=AXWxfJPujal09mHy#

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=663659660057662&id=100092409016129&mibextid=wwXIfr&rdid=V63Mh3UVIMhUhxXD#

https://malim.kz/article/politics/mangystauda-zastar-eq-zobasy-zalgasyn-tappaq-32892?fbclid=IwQ0xDSwL5Zl9leHRuA2FlbQIxMQABHkfc73ng57KJWeL6cfqq_AZWOeV5CEeI5XVAIhsYjzw1Kxb_qX03qhvRTQuy_aem_M6w2SLhKR4-iwAWCeZdsqQ

2-міндет. Республикалық сарапшыларды тарта отырып 4 компонентті 2 күндік оқыту ұйымдастыру

№ 1-іс-шара. Қатысушыларды іріктеу

Республикалық сарапшыларды тарта отырып 4 компонентті 2 күндік оқыту ұйымдастыру үшін алдымен қатысушыларды іріктеу жұмыстары жүргізілді. Оқыту бағдарламаларына қатысу үшін жалпы жиыны 30 адам өтінім тапсырды. Арнайы комиссия олардың 20-сын іріктеп алды.

Комиссия құрамы: Маңғыстау облыстық білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығының әдіскері Ғалия Қойтанова, «PARASAT PRO» ұйымының басшысы Ғазиз Ізтұрғанов, Ақшұқыр мектеп -лицейінің мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Марат Қани, «Маңғыстау-Медиа» ЖШС-не қарасты «Маңғыстау» газетінің бас редакторы Анаргүл Жексенбай. Жеке психолог - Машарикова Гульжанат.

https://www.instagram.com/p/DMSbWIVsEgH/?img_index=1&igsh=eWk2ZmJtY3cweDV0

https://www.instagram.com/p/DMTJ_PosCF8/?igsh=aW14dXZmZW9ndDhl

<https://www.instagram.com/p/DMt1UawoPSO/?igsh=bnI4YzdwMWgzc3Bt>

№ 2 іс-шара. Аймақтағы кемінде 20 психологтың қатысуымен республикалық сарапшыларды тарта отырып кемінде 4 компонентті екі күндік оқыту ұйымдастырылады

2025 жылғы тамыз айында республикалық деңгейдегі сарапшыларды тарта отырып, 4 компоненттен тұратын екі күндік форматта оқыту курстары ұйымдастырылды.

- 2–3 тамыз күндері «Эмоционалды интеллект» тақырыбында кәсіби психолог Ерлан Мұстафин оқыту курсы өткізді.

- 4–5 тамыз күндері «Суицидтің алдын алу және ерте араласу» тақырыбында кәсіби психолог, суицидолог Сымбат Абдрахманова оқыту курсы жүргізді.

- 11–12 тамыз күндері «Психоанализ» тақырыбында психоаналитик Жұлдыз Төлеу оқыту курсы өткізді.

- 26–27 тамыз күндері «Нейропсихология» тақырыбында ҚР балалар психологтары мен нейропсихологтар қауымдастығының президенті, нейропсихолог Айнұр Алдаш екі күндік оқыту курсы өткізді.

Аталған іс-шаралар 20 коуч-психологтың қатысуымен өткізіліп, оқыту курстары суицидология, эмоционалдық интеллект, психоанализ және нейропсихология бағыттарын қамтыды. Оқыту бағдарламалары кемінде 4 компоненттен тұратын, екі күндік форматта жүзеге асырылды.

<https://www.instagram.com/reel/DM2VFR7sAL3/?igsh=MWU5Mzlx2hleG15aA%3D%3D>

<https://www.instagram.com/p/DM2NoqVMw-X/?igsh=MXFkeXB5eHk0czc2NQ%3D%3D>

<https://www.instagram.com/reel/DM2NDXBMk-e/?igsh=MW9pZzNhNGt2Nwt0ag==>

<https://www.instagram.com/p/DM8LayvsgvZ/?igsh=MTV1djBiaHoxNDlwYg%3D%3D>

<https://www.instagram.com/p/DM8Lk1HsJtW/?igsh=ODZyZWxnNzBkaW1y>

<https://www.instagram.com/reel/DM-aZXCITqP/?igsh=MWswanpzd29zOW9pNg%3D%3D>

<https://www.instagram.com/p/DNH85d2MLW7/?igsh=OXd6Nm91aXQxaHJ4>

https://www.instagram.com/p/DNOPJ6TMg2f/?img_index=3&igsh=MWdvNmMwcWF5cmRydw%3D%3D

<https://www.instagram.com/reel/DNOPMOJsSm3/?igsh=YWU0bHlra29ydGt4>

https://www.instagram.com/p/DNQyQLDsSQB/?img_index=2&igsh=MWFiMzZnaHVhY2dodw%3D%3D

<https://www.instagram.com/p/DNploAXMzeN/?igsh=MTB1Y3dxajU1M3FtNA%3D%3D>

<https://www.instagram.com/reel/DNzwa7bUMi2/?igsh=dDBjOHBna3EwazV5>

<https://www.instagram.com/reel/DNzyULD0AMk/?igsh=MTg1cHl1OHpqNjEwaA==>

<https://www.instagram.com/reel/DNzyULD0AMk/?igsh=MTg1cHl1OHpqNjEwaA==>

http://instagram.com/reel/DN3dt9H0JH_/?igsh=MXUzYnYwdG9yeGxvdQ%3D%3D

<https://www.instagram.com/p/DN310J-iDSc/?igsh=MTZqcGhic2g4bXB2cQ%3D%3D>

№ 3 іс-шара. Жеке бренд, парақша жүргізу, имидж тақырыптарындағы оқыту

2025 жылғы 13 - 14 тамыз күндері іріктеуден өткен 20 психолог 4 компонентті оқытудан тыс «Жеке бренд, парақша жүргізу, имидж» тақырыбында бизнес тренер - Шайхиева Бибігүлдің шеберлік сабағына қатысты.

<https://www.instagram.com/p/DNIRmh1sK4l/?igsh=N2EyeXhkODh4Nmtr>

<https://www.instagram.com/p/DNTD9QLs2II/?igsh=MTU0eDg0dHhkbXRkMQ%3D%3D>

https://www.instagram.com/reel/DNTD_n-sM6j/?igsh=aXJsZH12aHVwdDY%3D

3-міндет. «Жастарға психологиялық көмек көрсете алатын 10 коуч-психолог маманды таңдау арқылы Алматы және Астана қалаларындағы Стади турға жолдама беру»

№ 1-іс-шара. 10 психолог маманды таңдау

Жоба аясында жобаға қатысқан 20 психологтың арасынан ең белсенді болған 10 психолог маман комиссия құрамының шешімімен іріктеліп таңдалды. Іріктелген 10 психологтың тізімі әлеуметтік желілерге жарияланды. Комиссия құрамы: Маңғыстау облыстық білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығының әдіскері Ғалия Қойтанова, «PARASAT PRO» ұйымының басшысы Ғазиз Ізтұрғанов, Ақшұқыр мектеп -лицейінің мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Марат Қани, «Маңғыстау-Медиа» ЖШС-не қарасты «Маңғыстау» газетінің бас редакторы Анаргүл Жексенбай. Жеке психолог - Машарикова Гульжанат.

<https://www.instagram.com/p/DOH8wX2CM9s/?igsh=djNsaGMxaTdhZGs1>

№ 2 іс-шара. Алматы қаласында орналасқан психологиялық қолдау орталықтары мен кабинеттерінің қызметімен танысу үшін стади тур ұйымдастыру

Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының тапсырысымен жүзеге асып жатқан «Жастар EQ 2.0» жобасы аясында психолог мамандарға арналған стади-тур өткізілді. Алғашқы сапар Алматы қаласында 5 психолог маманның қатысуымен өтті. Сапар барысында маңғыстаулық мамандар Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде қонақта болып, «Педагогика және қолданбалы психология» факультетінің жұмысымен танысты.

Кафедра меңгерушісі, PhD доктор, қауымдастырылған профессор Гүлмира Ниетбаева дәріс оқып, психологтардың кәсіби дамуына қатысты ой-пікірін бөлісті. Ол эмоционалды интеллект негіздеріне тоқталып, «Қабілет» әлеуметтік жобасын таныстырды және практикалық тесттер мен диагностикалық құралдарды көрсетті. Сонымен қатар қатысушылар Almaty Museum of Arts заманауи өнер мұражайына барып, Орталық Азия мен әлем суретшілерінің шығармашылығымен танысты. Бұдан бөлек, «Психология шеберлік мектебі» мен психолог Күлмаш Елшібаеваның жеке кабинетін аралап, тәжірибе алмасты. Жас мамандарға ол «Мәртебелі психолог 2025» фестиваліне жолдама берді. Стади-тур барысында жоба жетекшісі мен қатысушылар «Qazaqstan» ұлттық арнасына сұхбат берді. Сондай-ақ психоаналитик Жұлдыз Төлеумен терапиялық жұмыс, психолог-психотерапевт Салима Сатылғанқызымен тәжірибе алмасу өтті. Қатысушылар «МАК картамен» жұмыс жасаудың әдістерімен танысты.

<https://www.instagram.com/reel/DOvPJC1iP5B/?igsh=MWllaTVvbjQ0ZHBxZQ%3D%3D>

https://www.instagram.com/p/DOvPn3OiDbp/?img_index=2&igsh=MXBrYXhwYnh4NDhlZw%3D%3D

<https://www.instagram.com/reel/DOvtFIJCFqy/?igsh=bnEyMXZjeWkxOXd4>

<https://www.instagram.com/p/DO6DIXQCKkN/?igsh=MXhzaGV3NHE4d3BoZA%3D%3D>

<https://www.instagram.com/p/DO6DZYyiNGc/?igsh=YWhqanRsY2wxZDY2>

<https://www.instagram.com/p/DO6ENL3CK-A/?igsh=Nzk3eDB3ejJkNnNn>

<https://www.instagram.com/p/DO6ENL3CK-A/?igsh=Nzk3eDB3ejJkNnNn>

№ 3 іс-шара. Астана қаласында орналасқан психологиялық қолдау орталықтары мен кабинеттерінің қызметімен танысу үшін стади тур ұйымдастыру

Маңғыстау облысы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының тапсырысымен жүзеге асып жатқан «Жастар EQ 2.0» жобасы аясында психолог мамандарға арналған стади-тур өткізілді. Бұл жолы 5 психолог маман Астана қаласына стади-тур жасады. Сапар барысында маңғыстаулық мамандар Орталық Азиядағы жетекші жоғары оқу орны, әлемдік деңгейдегі ғылыми-зерттеу университеті ретінде

мойындалуға ұмтылатын флагманды университет Nazarbayev University (NU) базасында болып, аталған университеттің психологы Сымбат Нұртазақызы Абдрахмановадан дәріс алды. Сонымен қатар қатысушылар «Сенімен Болашақ» республикалық ата-аналар қоғамдық бірлестігінің бас кеңсесіне барды. «Сенімен Болашақ» РҚБ төрағасы Жансая Исмагулова психологтарға ортақ істе атқарылып жатқан жұмыстармен, бірлестіктің атқарған іс- шараларымен, сонымен қатар алдағы жоспарлармен таныстырды.

Стади-тур барысында қатысушылар қоғамдық процестерді зерттеу саласындағы жетекші ғылыми ұйым Қазақстандық қоғамдық даму институтында болды. Қоғамды орнықты дамыту үшін зерттеу жүргізетін және шешімдер ұсынатын институттың стратегиялық бағыттары: ғылым мен инновацияларды дамыту, цифрлық трансформация, компанияның ішкі дамуы, тәуекелдерді басқару және қаржылай тұрақтылық. Бұған қоса, жас мамандар Астанадағы ÖzgeEpic креатив хабында қонақта болды. Жоба кураторы Тоғжан Құрманжанқызы стади-тур қатысушыларына жаңа өнер кеңістігін таныстырды. ÖzgeEpic креатив хабы 2019 жылы құрылған, қазіргі таңда еліміздің үш қаласында Астана, Алматы және Түркістан тұрақты жұмыс істеп келеді. Креатив хабтың мақсаты бәсекеге қабілетті заманауи қазақ өнерін дамыту және қоғамның мәдени санасын арттыру, сонымен қатар, дарынды, зияткер жастарға қолдау әрі тәлімгерлік көрсету.

<https://www.instagram.com/reel/DPEYQ5CiBBs/?igsh=eDljbnRkemwzbjky>

<https://www.instagram.com/p/DPEY4AICCLJ/?igsh=MXA5aW43bHg5ajRqbg%3D%3D>

<https://www.instagram.com/reel/DPEaGR6CElj/?igsh=ZTQ5NzNvMHZiazYx>

https://www.instagram.com/p/DPEakPiiI5o/?img_index=2&igsh=c25zYWlyeDVkdUz

<https://www.instagram.com/reel/DPEa8TziG8V/?igsh=MWowdTA1OHFqd3F3aw%3D%3D>

https://www.instagram.com/p/DPEb5o-CP4o/?img_index=2&igsh=eGlrXljMGd4YTBv

<https://www.instagram.com/reel/DPJUe9WiEvu/?igsh=MXhyZjBwdzA1bnhucQ%3D%3D>

4-міндет. Психологиялық тренингтер сериясы

№ 1 іс-шара. Психологиялық тренингтер сериясын өткізу

Стади-тур кезеңі аяқталғаннан кейін іріктелген 10 психолог Маңғыстау облысының 5 ауданында және 2 қаласында 10 психологиялық тренинг өткізді. Әрбір тренингке кемінде 20 адамнан қатысып, барлығы 224 қатысушы қамтылды. Іс-шаралар барысында әдістемелік құралдар мен үлестірме материалдар таратылып, тренерлер жоба аясында алған білімдері мен тәжірибелерімен бөлісті.

Тренингтер 2025 жылғы 27–29 қыркүйек аралығында Қарақия, Мұнайлы, Бейнеу, Түпқараған аудандарында, сондай-ақ Ақтау және Жаңаөзен қалаларында өткізілді.

27 қыркүйек, Қарақия ауданы, Тренер: психолог - Анар Серікқызы жас мамандарға арнап «Танысу. Эмоция. Төзім» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Қатысушылар саны: 20.

27 қыркүйек, Мұнайлы ауданы, Тренер: психолог – Төлегенова Салтанат жас ата-аналарға арналған «Баланың басты ұстазы – ата-ана» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Қатысушылар саны: 22.

27 қыркүйек, Ақтау қаласы, Тренер: психолог – Азамат Айсұлу ерекше балалар мен ата-аналарға арналған «Эмоционалды интеллект» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Қатысушылар саны: 20.

28 қыркүйек, Ақтау қаласы, Тренер: психолог – Еңсегенова Мариям «Ерте жастан диагностикалау» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Қатысушылар саны: 20.

29 қыркүйек, Жаңаөзен қаласы, Тренер: психолог – Ермаганбетова Жанар «Жас мамандарға стресстік кезеңнен өтуге психологиялық көмек» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Қатысушылар саны: 20.

29 қыркүйек, Бейнеу ауданы, Тренер: психолог – Төресәева Айнагүл жас мамандарға арналған «Эмоционалды интеллект» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Қатысушылар саны: 20.

29 қыркүйек, Ақтау қаласы, Тренер: психолог – Сәттұрғанова Айдана «Кәсіби тіл табысу: сын емес қолдау» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Қатысушылар саны: 26.

29 қыркүйек, Түпқараған ауданы, Тренер: психолог – Базарбай Дәметкен «Эмоционалды интеллекттің маңыздылығы» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Қатысушылар саны: 20.

29 қыркүйек, Ақтау қаласы, Тренер: психолог – Таджикулова Алтынай Сұлтановна «Эмоцияны түсін. Ми қуатын жетілдір» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Қатысушылар саны: 34.

29 қыркүйек, Мұнайлы ауданы, Тренер: психолог – Шамшетова Фариза «Жыныстық тәрбие және баланы қорғау әдістері: психологиялық тұрғыдан қолдау және қауіптердің алдын алу» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Қатысушылар саны: 22.

Барлық қатысқандар саны: 224.

<https://www.instagram.com/reel/DPGb5-IjHqO/?igsh=MTE3cTI1bjYyZzVzMg>

<https://www.instagram.com/reel/DPLbasEjPfU/?igsh=MWs0Z3huMXlscmZlbnw==>

<https://www.instagram.com/reel/DPL37bMCNqT/?igsh=MTJsazNqcGw4aGd3eQ==>

<https://www.instagram.com/reel/DPOAsVgjfHJ/?igsh=cDdnc2hvd2ZibXQx>

https://www.instagram.com/reel/DPNh_5ljEeK/?igsh=MWE5dnU4OWtmMXdxcA==

<https://www.instagram.com/reel/DPObftPjMxX/?igsh=eTBoa2licHJlamly>

<https://www.instagram.com/reel/DPJgs8cjA3G/?igsh=cWVrM3hrbXNnZmRo>

<https://www.instagram.com/reel/DPMBNuwCkbP/?igsh=MjFnamJjMmgzOGk1>

<https://www.instagram.com/p/DPOq8zZDCN5/?igsh=MW80cWN1MTllaTFoNQ==>

№ 2 іс-шара. Жобаның белсенді кезеңі аяқталғаннан кейінгі нысаналы топтардың қатысуын бағалау жүргізу.

Аталған іс-шаралар шеңберінде тек шеберлік сабақтарына тікелей қатысқан 224 адаммен шектелмей, жобаға тартылған психологтардың өздері қызмет атқаратын мекемелерінде күнделікті және жүйелі түрде жүргізіп отырған жұмыстары да ескерілді. Осы бағыттағы жұмыстардың нәтижесінде жобаның жанама қамту көрсеткіші 10 000 адамды құрады.

Атап айтқанда, психологтар тарапынан өз мекемелерінде нысаналы топтармен тікелей жұмыс жүргізіліп, жалпы саны 2063 адам қамтылды. Аталған көрсеткіштер психологтардың жұмыс істейтін мекемелерінен ұсынылған арнайы тізімдер негізінде расталды.

Сонымен қатар, менталдық денсаулық сақтау саласындағы білім мен дағдылар деңгейінің артқанын көрсететін жобаға қатысушылардың үлесі 60%-дан асатыны арнайы жүргізілген сауалнама нәтижелері арқылы анықталды. Бұдан бөлек, әлеуметтік желілерде жастарға психологиялық көмек көрсетуге бағытталған ақпараттық парақша ашылып, менталдық денсаулық мәселелері бойынша ақпараттар жүйелі түрде таратылды.

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы

№ 1 іс-шара. Жобаны іске асыру қорытындыларын, мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу деңгейін, өткізілген іс-шараларды көпшілік алдында таныстыру

Қорытынды брифингте жобаның қорытындысы туралы презентация қорғалды.

№ 2 іс-шара. Брифинг өткізу

Қыркүйек айының 29-ы Қ.Сыдиықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасында брифинг өтті.

<https://www.instagram.com/reel/DPOnn5RCLKF/?igsh=MW1nZ2M0NXU4aTdsZw==>

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс

Жобаның басталуы туралы пресс-анонс, жоба мен оның жүзеге асырылуы туралы пресс-релиз, әлеуметтік желідегі ақпараттық посттар және жоба қорытындысы бойынша бейнеролик барлығы орындалды.

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

Аймақтағы кемінде 20 психологтың қатысуымен республикалық сарапшыларды тарта отырып кемінде 4 компонентті екі күндік оқыту ұйымдастырылды. Аймақтағы кемінде 10 психологтың қатысуымен Алматы және Астана қаласында орналасқан психологиялық қолдау орталықтары мен кабинеттерінің қызметімен танысуы үшін стади-тур ұйымдастырылды.

Жастарға психологиялық көмек көрсетуге бағытталған бірыңғай дизайндағы әлеуметтік желілерде арнайы парақша ашылды және тұрақты сапалы контент ұсынылды.

Мемлекеттік грант есебінен біліктілігін арттырған психологтардың жеке брендін қалыптастыру бойынша шеберлік сабағы мен менторлық қолдау бағдарламасы іске асты.

Маңғыстау облысы жастарының кемінде 5%-ына ментальды денсаулық сақтау бойынша ақпарат берілді; Менталдық Денсаулық сақтау саласындағы білім мен дағдылар деңгейінің жоғарылауын белгілейтін жобаға қатысушылардың үлесі кемінде 60% құрады.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Жоба аясында 20 психолог республикалық сарапшылар қатысқан төрт бағыттағы екі күндік оқыту курстарына қатысты, кәсіби дағдыларын жетілдірді; іріктелген психологтар бизнес-тренердің шеберлік сабақтары мен жеке бренд, парақша жүргізу және имидж тақырыптарында оқытудан өтті; Алматы мен Астана қалаларында стади-турлар ұйымдастырылып, психологиялық қолдау орталықтары мен кабинеттердің жұмысымен танысты; өз аудандарында 10 психолог 10 психологиялық тренинг өткізді, тұрақты жұмыс арқылы шамамен 2000 адам қамтылды; сондай-ақ арнайы сауалнама нәтижелері бойынша қатысушылардың білім мен дағдылары 60%-дан астам артты, және әлеуметтік желідегі арнайы парақша арқылы Маңғыстау облысының кемінде 5%-ы жанама түрде ақпараттандырылды.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі:

Жобаның барлық негізгі көрсеткіштері толық орындалды. Жоспарланған нәтижелер мен нақты нәтижелер арасында сәйкестік жоғары деңгейде, ал ақпараттық бағыт бойынша көрсеткіштер жоспардан бірнеше есе асып түсті. Жоспардан теріс ауытқу тіркелген жоқ.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Жобаға дейін өңір психологтарна мониторинг жасалған жоқ. Қаншалықты жастармен жұмыс жасап жатқан психологтар бары белгісіз болды, себебі мектептегі педагог-психологтар бар болды деп қабылдады. Жеке психологтармен тек белгілі бір ауытқуы бар адамдар ғана жұмыс жасайды деп психотерапевтермен шатастырды. Мектеп педгог-психологтары мен жеке психологтар тек бакалавр деңгейіндегі біліммен ғана шектелді. Психологияның бірнеше бағыттарымен тұлғаға ықпал етуге болатынын білмеді.

Сондай-ақ, арнайы жастар психологиясы ен менталды саулығы үшін ақпараттанып отыратын арнайы парақша болмады, маңғыстаулық блогерлерде контенттер аз болды. Жастар ресурстық орталықтарында әдістемелік құрал мен белгілі бір тұжырымдама болмады.

Жастармен жұмыс жүргізу барысында қандай ғылыми негізге сүйенген әдістемеге сүйенуді білмеді. Нейропсихология туралы білмеді. Өңірде жастарды психологиялық, менталдық денсаулығын нығайтуда ерте атсалысатын арнайы мамандар тобы, өңірде психологтар пулы болмады. Жастарға менталдық, психологиялық білім беретін ағартушылар денсанти болмады. Жеке терапия, супервизия өтпеген, Алматы және Астана қаласына барып, рнайы тәжірибе алаңдарын көрмеген.

Жобадан кейін өңір психологтары сараланды, жеке коучтар пайда болды. Жастармен жұмыс жасайтын психологтар пулы қалыптасты. Психологтардың білімі артты. Іріктеуден өтіп, таңдалып алынған психолог мамандар педагог–психолог деңгейінен өсіп, 4 модульді 5 компоненттік оқытудан өтіп, психотерапия жүргізетін, психоналитикалық деңгейге көтерілді. Психологиядағы жаңа бағыт – нейропсихологияға қызығушылықтары оянды. Бағыт алып, білімдерін толықтырып, психология саласының бірнеше бағыттары барын білді. Жастармен жұмыс жүргізуді, алғашқы сұқбат жүргізу мен клиент қабылдау, терапия жүргізу, тренинг өткізу, әдістермен диагностика жасауды үйренді. Сондай-ақ, өңірде бұл тақырыққа арнайы алғаш контент өндіріле бастады. «Жастар EQ 2.0» жобасы үшін арнайы SanamenSezim парақшасы ашылып, парақша 359 жазылушылар жазылып, парақшада 46 – дан астам контент, 18 бейне ролик, 5 тікелей эфир ұйымдастырлды.

Парақша тек инстаграм емес, тик-ток желісінде де оқырманды ақпараттандырып отырды. Жастар саясаты басқармасында арнайы психологтар үшін тұжырымдама жасақталып, ресурстық орталықтардың психолог мамандары мен жоба аясында іріктелген 20 коучқа арнайы әдістемелік құрал жасалып, ұсынылды. Құрал жиынтықта Резет, алғашқы сұқбат жүргізу сұрақтары, нейропсихологиялық коррекция мен диагностика тәсілдері ұсынылды.

Алғашқы сұқбат жүргізу әдістемелер мен құжаттама жүргізу тәртібі берілді. Өңірде жастарды психологиялық, менталдық денсаулығын нығайтуда ерте атсалысатын арнайы мамандар тобы қалыптасты. Өңірде психологтар пулы қалыптасып, жастарға менталдық, психологиялық білім беретін ағартушылар денсанти құрылып, жастармен аудан –қалалаларда тренингтер жүргізді. Жоба аясында Алматы және Астана қалаларында Стади турдан өтіп, академиялық білімдерін жетілдіру бағытында бағыт алып, жеке терапиядан өтіп, супервизия жасауға мүмкіндік алды.

Төлегенова Салтанат – 14 жылға жуық тәжірибесі бар психолог маман. Маңғыстау облысындағы ең мәселесі көп Мұнайлы ауданындағы мектеп психологы. Ол мектепте жүріп, осы «Жастар EQ2.0» жобасының қатысушысы болып, өзінің «Психологиялық турнир» авторлық бағдарламасын жазып, сарапшы санатына өткенімен бөлісті.

Сондай –ақ, Салтанат ауданында жеке клиенттер базасы көбейіп, қызметіне жүгінетіндердің саны артқанын айтып отыр. Салтанат жеке кабинет ашу жоспарының да күні алыс емес екенін жеткізді. Осы жобадан алған білімімен өңірдің өзге психологтарына спикер болып, эмоционалды интеллект тақырыбында тренинг жүргізіп, марапатталғанын бүгін өзінің әлеуметтік желісіндегі парақшасында бөлісті. (Төлегенова Салтанат: 8778 5605342)

Бұдан өзге, «Жастар EQ» жобасы аясында іріктеуден өткен жас психологтардың арасында Сәтұрғанова Айдана өңірде жеке кабинет ашты. Қатысушы Ақгүл Ордабайқызы мектеп директорының оқу орынбасраы қызметіне ауысып, мектебіндегі жасөспірімдерімен суицидті алдын алу бойынша кешенді жоба жүргізіп бастады. Еңсегенова Мариям жеке кабинетінде нейропсихология бағыты бойынша жетістіктер көрсетіп, қызмет алушылардан оң пікірлер алуда. Азамат Айсұлу жеке психология кабинетін ашып, «Жалын про» ұйымының шағын грантына қатысып, «Психологиялық қолдау кабинетін ашу» жобасымен жеңімпаз атанды. Қатысушылардың жеке клиент қабылдаулары жүріп жатқаны қуантады.

2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат:

1) гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
2063	500	1563

2) санаттар бойынша әлеуметтік мәртебесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
2063	50	1524	155	20	30	26	34	15	150	59

3) жас ерекшелігінің көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
2063	1425	236	201	123	58	15	5

3. Жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):

Жоба аясында барлығы 2063 адам қамтылды, оның ішінде мектеп оқушылары мен жастар негізгі мақсатты топ ретінде менталдық денсаулық саласындағы білімдері мен практикалық дағдыларын айтарлықтай арттырды. Қатысушылар психологиялық саулықты сақтау, күйзелісті басқару, эмоцияларды тану және өзіне-өзі көмек көрсету бойынша маңызды ақпарат алды.

Сонымен қатар, 20 психолог республикалық деңгейдегі жетекші сарапшылардың қатысуымен ұйымдастырылған арнайы оқыту курстарынан өтіп, кәсіби құзыреттерін, заманауи әдістемелерді қолдану дағдыларын жетілдірді. 10 белсенді маман стади-турларға қатысып, өзге өңірлердегі үздік тәжірибелермен танысып, кәсіби тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие болды. Бұл олардың кәсіби деңгейінің өсуіне, сондай-ақ жеке брендин дамытуына оң ықпал етті.

Жоба барысында құрылған арнайы әлеуметтік желі парақшасы арқылы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары белсенді жүргізіліп, нәтижесінде Маңғыстау облысы тұрғындарының кемінде 5%-ы жоба тақырыптары бойынша жанама түрде ақпараттандырылды. Ақпараттық контенттің қолжетімділігі мен жүйелілігінің арқасында жобаға тікелей қатысқан адамдардың 60%-дан астамы өздерінің психологиялық сауаттылығының артқанын атап өтті, бұл жоба нәтижелерінің тиімділігін көрсетеді.

2) Жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):

Жобаны іске асыру нәтижесінде өңірдегі менталдық денсаулық саласында жүйелі және ұзақ мерзімді оң өзгерістерге негіз қаланды. Атап айтқанда, өңір психологтары кәсіби деңгейі мен мамандану бағыты бойынша сараланып, нарықта жеке коучтар мен тәуелсіз мамандардың қалыптасуына жол ашылды. Жастармен тікелей жұмыс істейтін психологтардың тұрақты пулы құрылып, бұл болашақта жастардың психологиялық қолдауға қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Іріктеуден өтіп, арнайы оқытуға қатысқан психолог мамандар педагог-психолог деңгейінен кәсіби тұрғыда өсіп, 4 модульден және 5 компоненттен тұратын кешенді оқыту бағдарламасын меңгерді. Нәтижесінде олар психотерапия жүргізу дағдыларын игеріп, психоаналитикалық деңгейге көтерілді. Бұл өңірде бұрын шектеулі болған терең психологиялық көмек көрсету мүмкіндігін кеңейтеді.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері, ең алдымен, аймақ тұрғындарының психологиялық сауаттылығының артуы арқылы көрініс тапты. Жастар мен мектеп оқушыларының эмоционалды интеллекті, күйзеліске төзімділігі және өз эмоцияларын басқару дағдыларының дамуы олардың оқу үдерісіндегі үлгеріміне, әлеуметтік ортаға бейімделуіне және болашақтағы еңбек өміріне оң ықпал етті. Бұл өз кезегінде әлеуметтік шиеленістердің алдын алуға және қоғамдағы психоэмоционалдық ахуалды жақсартуға негіз қалады.

Жоба аясында психолог мамандардың кәсіби деңгейі едәуір көтеріліп, олардың жеке брендті қалыптасты, тәжірибе алмасу және кәсіби желілерді кеңейту мүмкіндіктері артты. Нәтижесінде көрсетілетін психологиялық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі жақсарып, тұрғындар тарапынан осы қызметтерге деген сенім күшейді. Бұл фактор психологиялық көмектің ерте кезеңде көрсетілуіне, күрделі әлеуметтік және денсаулық мәселелерінің алдын алуға мүмкіндік берді.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Рухтан» қоғамдық қоры

Басым бағыттың атауы: Маңғыстау облысындағы волонтерлік қозғалысты дамыту

I. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1-міндет. Аймақтағы волонтерлік топтар мен бастамашыл топтарға арналған қаржылай емес қолдау бағдарламасы іске асады.

№ 1-іс-шара. Аймақтағы волонтерлік топтар мен бастамашыл азаматтарға арналған қаржылай емес қолдау бағдарламасы әзірленіп, тапсырыс берушімен толық келісілді.

Бағдарлама волонтерлік қозғалысты жүйелі дамытуға, азаматтық белсенділікті арттыруға және жергілікті қауымдастықтардың әлеуетін күшейтуге бағытталған. Аталған бастама шеңберінде волонтерлік және бастамашыл топтарға әдістемелік, консультациялық, білім беру және ұйымдастырушылық қолдау көрсету көзделді. Қатысушыларға жобаларды жоспарлау, командамен жұмыс істеу, әлеуметтік бастамаларды іске асыру, серіктестер тарту және өз қызметін қоғамға тиімді ұсыну бағыттарында қажетті дағдыларды дамытуға мүмкіндік беріледі. Бұл бағдарлама мейірім, өзара қолдау және ізгілік құндылықтарын дәріптей отырып, әсіресе жастардың әлеуетін ашуға ерекше мән береді.

Жастардың қоғам өміріне белсенді араласуына, әлеуметтік маңызы бар идеяларын жүзеге асыруына және өз өңірінің дамуына нақты үлес қосуына жағдай жасайды.

Нәтижесінде бағдарлама волонтерлік қозғалыстың сапалы дамуына, тұрақты бастамалардың қалыптасуына және аймақта әлеуметтік жауапкершілігі жоғары, белсенді азаматтық ортаның нығаюына ықпал ететін маңызды жоба ретінде жүзеге асырылды.

«Qoldau» бағдарламасының жеңімпаздары:

1. Айнагулова Сандугаш – «Тәрбие тағылым» жобасы
2. Игсатова Айдана – «Медиа-достар» жобасы
3. Кисбаев Юсуф – «Бәріміз – біргеміз» жобасы
4. Избенов Шапағат – «Жақсылық жаса – жүрекке жылу сыйла» жобасы
5. Батырова Айдана – «Мейірім шуағы» жобасы

6. Алимуханбетова Алия – «Өнердегі ерекше жүректер» жобасы
7. Нуржигитова Жанат – «SweetLab» жобасы
8. Уразбаева Айгерим – «EcoFest» жобасы
9. Сүлейменова Айымгул – «ЕСО-Кей: Қақпаққа екінші өмір» жобасы
10. Тасжанова Меруерт – «Мейірім» жобасы

Бағдарлама туралы ақпарат <https://www.instagram.com/p/DPon30IDDtj/?igsh=MWVpajVsZzRxMTJxbg==>

2-міндет. Аймақтағы волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтарға арналған кемінде 2 спорттық, 2 қоғамдық мәдени іс-шара ұйымдастыру.

№ 1 іс-шара. Аймақтағы волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтарға арналған кемінде 2 спорттық (футбол, тимбилдинг), 2 қоғамдық мәдени (quiz, Tedx) іс-шара ұйымдастыру.

1. Маңғыстау облысының Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «QOLDAU» жобасы аясында волонтерлер арасында «V-CUP» шағын футбол турнирі жоғары деңгейде ұйымдастырылып өтті. Спорттық шараның негізгі мақсаты – волонтер жастардың арасындағы достықты нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау және командалық рухты қалыптастыру болды.

https://www.instagram.com/reel/DM8bIr_sb7V/?igsh=YXBzeXp4Mm0yaGFz

Турнир Ақтау қаласындағы заманауи BS арена спорт кешенінде өтті. Ойын барысында барлық қатысушыларға қажетті жағдайлар жасалып, олар ауызсумен толық қамтамасыз етілді. Бұл өз кезегінде жарыстың қауіпсіз әрі қолайлы жағдайда өтуіне ықпал етті. Жарысқа барлығы 60 волонтер жас қатысып, 6 команда өзара бақ сынады. Тартысты өткен ойындардың нәтижесінде жүлделі орындар келесідей бөлінді:

I орын – «Мұнайлы жастары» командасы, оларға 150 000 теңге көлемінде ақшалай сыйақы табысталды;

II орын – «Таушық жастары» командасы, 100 000 теңге жүлдеге ие болды;

III орын – «Түпқараған жастары» командасы, 50 000 теңге ақшалай сыйлықты жеңіп алды.

Жалпы жүлде қоры 300 000 теңгені құрады. Турнир жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне арнайы дипломдар мен кубоктар салтанатты түрде табысталды.

Аталған спорттық іс-шара волонтерлер арасындағы ынтымақтастықты арттырып, жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне, өзара тәжірибе алмасуына және аймақтағы волонтерлік қозғалыстың дамуына оң әсерін тигізді.

2. Volunteer quiz – волонтерлерге арналған зияткерлік квіз ойыны Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен жоғары деңгейде ұйымдастырылып өтті. Аталған шараның негізгі мақсаты – волонтерлердің білім деңгейін арттыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту, сондай-ақ жастар арасындағы өзара байланыс пен командалық рухты нығайту болды.

Зияткерлік ойын Ақтау қаласындағы жайлы әрі заманауи «Malibu» мейрамханасында өтті. Шараға барлығы 60 волонтер қатысып, олар белсенділік танытып, әртүрлі тақырыптарды қамтыған қызықты сұрақтарға жауап беріп, өзара бақ сынасты. Ойын достық әрі серіктестік атмосферада өтті.

Квіздің жалпы жүлде қоры 100 000 теңгені құрады. Ойын қорытындысы бойынша:

I орынға – 50 000 теңге,

II орынға – 30 000 теңге,

III орынға – 20 000 теңге көлемінде ақшалай сыйақылар табысталды.

Сонымен қатар, шараға қатысқан барлық волонтерлерге арнайы сертификаттар беріліп, олардың белсенді азаматтық ұстанымы мен қоғамдық жұмысқа қосқан үлесі атап өтілді. Шара аясында белсенді волонтерлерге демеушілер тарапынан қосымша сыйлықтар да ұсынылды. Атап айтқанда:

«Kettik Mangistau» ұжымынан – 2 билет,

«Alaqan.aqtau» атынан – 2 билет,

Н. Жантөрин атындағы драма театры тарапынан – 2 билет,

«Iqas_aqtau» ұжымынан – 2 билет табысталды.

Аталған куиз ойыны волонтерлердің интеллектуалдық әлеуетін арттырып қана қоймай, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, өзара тәжірибе алмасуына және аймақтағы волонтерлік қозғалыстың одан әрі дамуына оң ықпал етті.

https://www.instagram.com/reel/DN5ZsCHDC_A/?igsh=ajB1NnV1MDVpZmlzh

3. Маңғыстау облысының Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан “QOLDAU” жобасы аясында волонтерлерге арналған «DostykTeambulding» тимбилдинг турнирі сәтті ұйымдастырылып өтті. Аталған іс-шараның басты мақсаты – волонтерлер арасындағы өзара сенім мен достықты нығайту, командалық жұмысты дамыту және бірлескен әрекет арқылы ынтымақтастықты арттыру болды. <https://www.instagram.com/reel/DN-VnWJjKKm/?igsh=MXdsZDZsMTM2NnVvdA>

Турнирге барлығы 60 волонтер қатысып, түрлі командалық ойындар мен жаттығулар арқылы өздерінің ұйымшылдығын, көшбасшылық қабілеттерін және бір-бірімен тиімді қарым-қатынас орнату дағдыларын көрсетті. Шара белсенді, жағымды және ынталандырушы атмосферада өтті.

Іс-шара барысында барлық қатысушыларға естелік ретінде арнайы термкружкалар мен қатысушы сертификаттары табысталды. Сонымен қатар, волонтерлер үшін жайлы орта қалыптастыру мақсатында фуршет ұйымдастырылып, бейресми форматта пікір алмасуға және жаңа таныстық орнатуға мүмкіндік берілді.

Тимбилдинг аясында ерекше белсенділік танытып, әлеуметтік желілерде өз әсерлерімен, историяларымен бөліскен волонтерлер демеушілер тарапынан қосымша марапаттарға ие болды. Атап айтқанда:

«Kettik Mangistau» ұжымынан – 2 билет,

«Alaqan.aqtau» атынан – 2 билет,

Н. Жантөрин атындағы драма театры тарапынан – 2 билет,

«Iqas_aqtau» ұжымынан – 2 билет табысталды.

Аталған тимбилдинг турнирі волонтерлердің ынтымақтастығын арттырып, олардың ортақ құндылықтар төңірегінде бірігуіне, тәжірибе алмасуына және аймақтағы волонтерлік қозғалыстың одан әрі дамуына оң серпін берді.

4. Маңғыстау облысы волонтерлеріне арналған «Volunteer Talks» атты шабыт кеші жоғары деңгейде ұйымдастырылып өтті. Аталған іс-шараның басты мақсаты – волонтерлерді ынталандыру, тәжірибе алмасу алаңын қалыптастыру және жастардың қоғамдық қызметке деген қызығушылығын арттыру болды.

Шабыт кеші еркін әрі ашық форматта өтіп, қатысушыларға волонтерлік қызметтің мәні мен маңызын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Шара барысында 4 спикер өз сөздерін сөйлеп, волонтерлік жолындағы жеке тәжірибелерімен, жетістіктері мен кездескен қиындықтарымен бөлісті. Атап айтқанда:

- Магдатов Наурызбек,

- Кисбаев Юсуф,

- Бейсембаева Сабина,
- Тлепов Ислам

Спикерлер волонтерлік қызметке қалай келгендері, бұл бағыттың жеке дамуына және өмірлік ұстанымдарына қалай әсер еткені туралы шынайы ойларымен бөлісті. Олардың әңгімелері қатысушыларға мотивация беріп, жаңа бастамаларға шабыт сыйлады.

Шара аясында ерекше мотивациялық бөлім де ұйымдастырылды. Магдатов Н. және Кисбаев Ю. тарапынан «Волонтерлік саған не үшін қажет» тақырыбында өз волонтерлік өмірі мен көзқарасы туралы әлеуметтік желіде пост жазып, ойымен бөліскен 2 белсенді волонтерге арнайы сыйлық ретінде «Rixos Water World» қонақүйіне жолдама табысталды. Бұл қатысушылардың белсенділігін арттырып, шығармашылық тұрғыда ой бөлісуіне үлкен серпін берді.

Шабыт кешіне барлығы 60 волонтер қатысып, олар өзара пікір алмасып, жаңа таныстықтар орнатып, ортақ құндылықтар төңірегінде бірікті. Аталған «Volunteer Talks» шарасы волонтерлер үшін тәжірибе мен мотивация алмасатын тиімді алаңға айналып, аймақтағы волонтерлік қозғалыстың дамуына, жастардың азаматтық белсенділігін арттыруға елеулі үлес қосты.

<https://www.instagram.com/reel/DRAFYMpDNDR/?igsh=eGJwc3B0emFkc2wz>

3-міндет. Аймақтағы орта, арнаулы орта және жоғары білім беру ұйымдарында кемінде 3000 оқушыға (студентке) арналған үгіт-насихат жұмысын жүргізу.

№ 1 іс-шара. Аймақтағы орта, арнаулы орта және жоғары білім беру ұйымдарында кемінде 3000 оқушыға (студентке) арналған үгіт-насихат жұмысын жүргізу.

Аймақтағы орта, арнаулы орта және жоғары білім беру ұйымдарында жастар арасында волонтерлік қозғалысты кеңінен насихаттау мақсатында жүйелі үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Аталған іс-шаралар нәтижесінде кемінде 3 364 оқушы мен студент қамтылып, олардың азаматтық белсенділігін арттыруға және қоғамдық бастамаларға тартуға бағытталған ақпараттық-түсіндіру кездесулері өткізілді.

Кездесулер оқу орындарында оффлайн форматта ұйымдастырылып, жастармен тікелей диалог орнатуға, олардың сұрақтарына жауап беруге және волонтерлік қызметке деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, волонтерлік қызметке қызығушылық танытқан жастарды біріктіру мақсатында ортақ чат ашылып, ол алаңда ақпарат алмасу, алдағы іс-шаралар туралы хабарландырулар және тәжірибе бөлісу жұмыстары жолға қойылды.

Кездесулер барысында жастарға келесі негізгі тақырыптар кеңінен түсіндірілді:

- еріктілік мәдениеті және оның қоғамдағы рөлі;
- әлеуметтік жобаларға қатысу мүмкіндіктері мен волонтер болудың артықшылықтары;
- көшбасшылық пен бастамашылықтың маңызы, жеке тұлғалық дамуға әсері;
- қоғам өміріне белсенді араласу жолдары және азаматтық жауапкершілік.

Үгіт-насихат кездесулері келесі білім беру ұйымдарында өткізілді:

1. Маңғыстау энергетикалық колледжі
2. Ақтау технологиялық колледжі
3. Каспий өңірі «Болашақ» колледжі
4. Асмет ұлас педагогикалық және қызмет көрсету колледжі
5. М. Тынышпаев атындағы Ақтау көлік колледжі
6. Есенов колледжі

7. Маңғыстау туризм колледжі
8. Қайнар колледжі
9. Х. Өзбекғалиев атындағы жоғары политехникалық колледжі
10. Маңғыстау техникалық колледжі

Аталған кездесулер жастардың волонтерлік қызметке деген қызығушылығын арттырып, олардың әлеуметтік белсенділігін күшейтуге, жаңа бастамаларға ынталандыруға және аймақта тұрақты волонтерлік орта қалыптастыруға елеулі үлес қосты. .

<https://www.instagram.com/reel/DOnR1aUjGhf/?igsh=d2xzbzhuaWVjYT11>

4-міндет. Аймақтағы жасөспірімдер мен жастардың волонтерлік әлеуетін арттыру мақсатында арнайы волонтерлік оқыту бағдарламасы әзірленіп, оның аясында 150 волонтерді қамтыған үш күндік оқыту бағдарламасын өткізу

№ 1 іс-шара. Аймақтағы жасөспірімдер мен жастарға арналған волонтерлік оқыту бағдарламасы әзірленіп, 105 волонтер үш күндік оқыту бағдарламасын өткізу

Бағдарламаның негізгі мақсаты – волонтерлердің білімін жүйелеу, практикалық дағдыларын дамыту және әлеуметтік бастамаларды сапалы жүзеге асыра алатын белсенді азаматтарды даярлау болды.

1. 2025 жылдың 22–24 қазан күндері Маңғыстау облысының Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен өңір волонтерлеріне арналған «VOLUN SKILLS» атты үш күндік оқыту бағдарламасы табысты өтті. Аталған оқыту волонтерлік қызметтің негізгі бағыттарын қамтып, қатысушылардың жеке және командалық даму дағдыларын жетілдіруге бағытталды.

Үш күндік оқыту барысында тренерлік сертификаты расталған 3 кәсіби тренер шақыртылды:

- Нелли Төлегенова,
- Айгүл Абылдаева,
- Гүлнұр Қушанова.

Тренерлер қатысушыларға волонтерлік қызметтің мәні, әлеуметтік жобаларды жоспарлау және іске асыру, көшбасшылық қабілеттерді дамыту, тиімді коммуникация, командамен жұмыс және бастамашылық таныту тақырыптары бойынша теориялық және практикалық сабақтар өткізді. Оқыту интерактивті форматта өтіп, тренингтер, топтық жұмыстар, кейс-талдаулар және пікір алмасу сессияларын қамтыды.

Шараға 150 волонтер қатысып, барлық қатысушыларға оқыту соңында арнайы сертификаттар табысталды. Сонымен қатар, қатысушылар үшін фуршет ұйымдастырылып, бейресми ортада тәжірибе алмасуға мүмкіндік жасалды. Оқу процесін тиімді жүргізу үшін волонтерлерге блокноттар, қаламдар және жұмыс дәптерлері таратылды.

Бағдарлама аясында ерекше белсенділік танытқан волонтерлер демеушілер тарапынан қосымша марапаттарға ие болды. Атап айтқанда, белсенді қатысушыларға Маңғыстаудың бейнесі өрнектелген толстовкалар мен термोकружкалар табысталды.

Аталған үш күндік «VOLUN SKILLS» оқыту бағдарламасы волонтерлердің кәсіби және тұлғалық дамуына ықпал етіп, аймақтағы волонтерлік қозғалыстың сапалы әрі тұрақты дамуына берік негіз қалады.

<https://www.instagram.com/reel/DQMpu0CjNbS/?igsh=MWEyeWFmZjkwYtZvMA==>

5-міндет. Аймақтағы волонтерлер Фронт-офисінің қызметі және ақпараттық жұмысын жүргізу.

№ 1 іс-шара. Аймақтағы волонтерлер Фронт-офисінің қызметі және ақпараттық жұмысын жүргізу.

Аймақтағы волонтерлер фронт-офисінің қызметі және ақпараттық жұмыс жүргізілді. Волонтерлер жобалары туралы әлеуметтік желілерде (Instagram) ақпарат таратылды. Аймақтық БАҚ-пен (теледидар) серіктесе отырып, жобалар туралы ақпарат жұмыстар жүргізілді.

Аймақтағы волонтерлер фронт-офисі – бұл еріктілерді ұйымдастыратын, оқытатын, ақпараттандыратын және олардың күшін қоғам игілігіне бағыттайтын орталық. Негізгі мақсат – белсенді азаматтық ұстанымы бар жастарды көбейту және әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге қолдау көрсету.

6-міндет. Аймақтағы волонтерлер Фронт-офисінің қызметі және ақпараттық жұмысын жүргізу.

№ 1 іс-шара. Маңғыстау облысындағы 150 волонтерлердің қатысуымен «Жыл үздігі» марапаттау (ынталандыру) шарасы өткізу.

Маңғыстау облысында волонтерлік қызметке белсенді атсалысып жүрген жастарды ынталандыру мақсатында 150 волонтердің қатысуымен «Жыл үздігі» атты марапаттау іс-шарасы ұйымдастырылды.

Шара «Хан-Шахар» салтанатты сарайында өткізілді. Іс-шара барысында волонтерлік қызметтің түрлі бағыттары бойынша 10 номинация анықталып, үздік деп танылған волонтерлер мен ұйымдар марапатталды.

«Жыл үздіктері» аталымдарының жеңімпаздары:

«Табиғат қорғаушысы» – Сүлейменова Айымгүл Сүлейменқызы

«Үздік бастамашыл топ» – «Жасыл жебе» экоактивистер клубы

«Инклюзивті келешек» – Алимұханбетова Алия Якобқызы

«Жануарлар жанашары» – Сәрсенбаев Азамат Рахимғалиевич

«Қоғам игілігі үшін» – Мальцев Анатолий Владимірұлы

«Мейірімді оқу орны» – Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

«Жақсылықтың жаршысы» – Құрмет Шынар Шәріпбайқызы

«Жүректен жүрекке» – Шүкірбаев Нұрбек Бөлекбайұлы

«Салауатты қоғам» – Избенов Шапағат Сисенұлы

«Үздік волонтерлік ұйым» – Айжанақова Салтанат Тасғараевна («Ана махаббаты» ҚК)

Жеңімпаздарға арнайы дипломдар мен кубоктар табысталды. Аталған марапаттау шарасы волонтерлердің қоғамдық белсенділігін арттыруға, олардың еңбегін қоғам алдында мойындауға және аймақтағы волонтерлік қозғалысты одан әрі дамытуға бағытталды.

7-міндет. Сандық нәтижелерге қол жеткізу.

№ 1 іс-шара. Маңғыстау облысындағы волонтерлік қозғалысты жандандыру арқылы волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтар санын кемінде 50-ге жеткізу

Маңғыстау облысындағы волонтерлік қозғалысты жандандыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп, волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтардың саны кемінде 50-ге жеткізілді. Аталған жұмыс аясында оқу орындарында жаңа еріктілер топтары құрылып, олардың қызметін үйлестіру, оқыту және ақпараттық қолдау шаралары жоспарлы түрде жүзеге асырылды.

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерін жариялау мақсатында жобаны іске асыру бойынша қорытынды жария презентация ұйымдастырылды.

Атап айтқанда, 2025 жылғы 05 желтоқсан күні сағат 12:00-де ZOOM бейнебайланыс платформасы арқылы «Қолдау» жобасының қорытынды презентациясы өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/DRwWC_sDLuj/?igsh=MWk2cDdodG53dm8zaw%3D%3D

№ 2 іс-шара. Жобаға қатысушылардың қанағаттану деңгейі кемінде 70 % құрайды. (сауалнама нәтижелері бойынша)

Жоба аясында өткізілген іс-шаралардан кейін қатысушылар арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері жобаның өзектілігі мен ұйымдастырылу сапасының жоғары деңгейде екенін көрсетті. Қатысушылардың 85 % жобаға қанағаттанғанын білдіріп, іс-шаралардың мазмұны, ұйымдастырылуы және практикалық пайдасы оң бағаланды.

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы.

№ 1 іс-шара. Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы.

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелері бойынша қорытынды жария презентация өткізілді. Презентация барысында жобаның негізгі мақсаттары, іске асырылған іс-шаралар, қол жеткізілген сандық және сапалық көрсеткіштер, сондай-ақ жобаның әлеуметтік әсері кеңінен таныстырылды. Қатысушылар тарапынан жобаның нәтижелеріне оң баға беріліп, ұсыныстар мен пікірлер айтылды.

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс

№ 1 іс-шара. Жобаны жүзеге асыру барысын ақпараттық қамту

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс толық көлемде жүзеге асырылды. Жобаны іске асыру кезеңінде (2025 жылғы тамыз–қараша айлары аралығы) жобаның барысын тұрақты әрі жүйелі түрде ақпараттық қамту қамтамасыз етілді.

Атап айтқанда, бекітілген контент-жоспар негізінде ай сайын әр айдың 3-і күні ақпараттық материалдар жарияланып отырды. Жоба аясында:

- 1 танымал инфлюенсер тартылды;
- 2 бейнеролик дайындалып, жарияланды;
- әрбір өткізілген іс-шара бойынша кемінде 1 қысқа есептік бейнеролик шығарылды;
- бұқаралық ақпарат құралдарында кемінде 1 материал жарияланды;
- жоба барысын қорытындылайтын 1 дайджест әзірленді.

Ақпараттық материалдар әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында уақытылы орналастырылып, жобаның ашықтығы мен қолжетімділігі қамтамасыз етілді. Барлық жоспарланған көрсеткіштер толық орындалып, шартта көзделген талаптар сақталды. Осылайша, жобаның ақпараттық сүйемелдеуі талаптарға толық сәйкес жүргізіліп, жоба міндеттері орындалды.

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

Әлеуметтік жобаның негізгі мақсаты – Маңғыстау облысындағы волонтерлік қозғалысты жүйелі түрде дамыту, жастардың азаматтық белсенділігін арттыру және волонтерлердің әлеуетін күшейту – толық көлемде орындалды.

Жобаны іске асыру нәтижесінде аймақта волонтерлерді біріктіретін тұрақты инфрақұрылым қалыптасты, волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтар саны кемінде 50-ге жетті. Волонтерлерге арналған қаржылай емес қолдау бағдарламасы әзірленіп, іске асырылды, оның аясында 10 әлеуметтік жоба іріктеліп, қолдау алды.

Бұл бастамашыл жастардың өз идеяларын нақты әлеуметтік жобаларға айналдыруына мүмкіндік берді. Волонтерлердің білімін және практикалық дағдыларын арттыру мақсатында 150 волонтерді қамтыған үш күндік оқыту бағдарламасы ұйымдастырылып, қатысушылар сертификаттарға ие болды. Сонымен қатар, 3 364 оқушы мен студент волонтерлік қызметті насихаттау іс-шараларымен қамтылып, жастардың қоғамдық қызметке деген қызығушылығы мен белсенділігі артты.

Спорттық, мәдени, зияткерлік және мотивациялық іс-шаралар волонтерлер арасындағы ынтымақтастықты, командалық рухты және өзара сенімді күшейтті. Ақпараттық сүйемелдеу толық көлемде жүзеге асырылып, жоба ашық әрі қолжетімді форматта жүргізілді.

Осылайша, жоба шеңберінде қойылған барлық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізіліп, аймақта тұрақты, белсенді және дамушы волонтерлік қозғалыстың қалыптасуына нақты негіз қаланды.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Жоба шеңберінде қойылған мақсаттар мен нысаналы индикаторлар толық көлемде орындалды. Маңғыстау облысындағы волонтерлік қозғалысты дамытуға бағытталған кешенді іс-шаралардың нәтижесінде өңірдегі еріктілік экожүйесі айтарлықтай жанданды. Жаңа волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтардың саны артты, жастардың волонтерлікке деген қызығушылығы күшейді, сондай-ақ ақпараттық және оқыту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді.

1. Волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтар санын кемінде 50-ге жеткізу

Жобаны іске асыру барысында өңір бойынша жаңа волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтар құрылды, сондай-ақ бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан бірқатар топтар қайта тіркеліп, тәжірибелік және әдістемелік қолдауға ие болды. Нәтижесінде волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтардың жалпы саны 50-ден асты, бұл өңірдегі волонтерлік қозғалыстың қарқынды дамуын айқын көрсетеді.

2. Жобаға қатысушылардың қанағаттану деңгейі 85%.

Өткізілген іс-шаралардан кейін жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша қатысушылардың 78–85 %-ы жоба мазмұнына, ұйымдастырылу деңгейіне және практикалық маңыздылығына жоғары баға берді.

Күтілетін нәтижелерге қол жеткізілгенін растайтын дәлелдер

1. Волонтерлік топтарға арналған қаржылай емес қолдау бағдарламасының іске асырылуы

Жоба аясында волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтарға әдістемелік, ақпараттық және ұйымдастырушылық қолдау көрсетілді. Кеңес беру кездесулері, тренингтер және жоба жетекшілеріне арналған оқыту барысында консультациялар өткізілді. Аталған бағдарлама шеңберінде 20 өтінім қабылданып, оның ішінен 10 жоба іріктеліп алынды.

2. Спорттық және қоғамдық-мәдени іс-шаралардың өткізілуі.

Жоба шеңберінде волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл жастарға арналған кемінде 2 спорттық және 2 қоғамдық-мәдени іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараларға өңірдің түрлі жас санатындағы еріктілер қатысып, топаралық байланыстар нығайды және волонтерлердің мотивациясы артты.

3. 3000 оқушы мен студентке арналған үгіт-насихат жұмыстары.

Орта білім беру ұйымдарында, колледждер мен жоғары оқу орындарында ақпараттық кездесулер өткізілді. Кездесулер барысында волонтерліктің мәні, негізгі бағыттары және қатысу мүмкіндіктері түсіндірілді. Нәтижесінде 3000-нан астам оқушы мен студент қамтылып, жастардың еріктілік қызметке қызығушылығы айтарлықтай артты.

4. 150 волонтерді қамтыған үш күндік оқыту бағдарламасы.

Жастар мен жасөспірімдерге арналған арнайы әзірленген оқыту бағдарламасы іске асырылып, 150 волонтер үш күндік тренингтен өтті. Бағдарлама аясында көшбасшылық, командалық жұмыс, коммуникация, әлеуметтік жобалау және алғашқы көмек көрсету тақырыптары қамтылды.

5. Волонтерлер Фронт-офисінің қызметін сапалы ұйымдастыру

Аймақтық Волонтерлер Фронт-офисі жоба барысында тиімді жұмыс атқарып, волонтерлерді тіркеу, ақпараттық сүйемелдеу, волонтерлік ұйымдармен байланыс орнату және іс-шараларды үйлестіру бағытында тұрақты қызмет көрсетті. Сонымен қатар әлеуметтік желілерде және бұқаралық ақпарат құралдарында жоба туралы жүйелі түрде ақпарат жарияланды.

6. 150 волонтер қатысқан ынталандыру іс-шарасын өткізу

Белсенді волонтерлерді қолдау және ынталандыру мақсатында 10 номинация бойынша арнайы марапаттау іс-шарасы ұйымдастырылып, оған 150-ге жуық волонтер қатысты. Іс-шара барысында үздік еріктілер марапатталып, олардың қоғамдағы үлесі көпшілік алдында атап өтілді.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі:

Жобаның барлық негізгі көрсеткіштері толық орындалды. Жоспарланған нәтижелер мен нақты нәтижелер арасында сәйкестік жоғары деңгейде, ал ақпараттық бағыт бойынша көрсеткіштер жоспардан бірнеше есе асып түсті. Жоспардан теріс ауытқу тіркелген жоқ.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Жобаға дейін Маңғыстау облысындағы волонтерлік қозғалыс жүйесіз болды, волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтар арасындағы өзара байланыс әлсіз, ал жастардың волонтерлік қызмет туралы ақпараттану және практикалық дағдылары жеткіліксіз деңгейде еді

Жобаны іске асыру барысында және аяқталғаннан кейін аймақта волонтерлік қозғалыс жүйеленіп, волонтерлерді біріктіретін тұрақты орта қалыптасты. Волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтар саны кемінде 50-ге жетті, жаңа ерікті топтар құрылды. Қаржылай емес қолдау және оқыту бағдарламалары арқылы волонтерлердің білім деңгейі, ұйымдастырушылық және көшбасшылық дағдылары артты

Үгіт-насихат жұмыстары нәтижесінде 3 364 оқушы мен студент волонтерлік қызмет туралы толық ақпарат алып, олардың азаматтық белсенділігі күшейді. Спорттық, мәдени және мотивациялық іс-шаралар волонтерлер арасындағы ынтымақтастықты, командалық рухты және өзара сенімді арттырды.

Осылайша, жоба шеңберінде қойылған міндеттер толық орындалып, аймақта тұрақты, белсенді және дамушы волонтерлік экожүйе қалыптасты

2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат (бағдарламалық аралық есепті ұсыну кезінде):

1) Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
3 364	1280	2330

2) Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жасан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
3 364	1	3456	30	35	1	0	306	15	13	-

3) Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
3 364	3431	215	95	110	5	0	0

3. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):

Әлеуметтік жобаны іске асыру барысында нысаналы топтар – аймақтағы волонтерлер, бастамашыл жастар, волонтерлік ұйымдар және білім беру ұйымдарының оқушылары мен студенттері – нақты әрі өлшенетін нәтижелерге қол жеткізді.

Сандық көрсеткіштер бойынша жоба аясында:

- 150 волонтер үш күндік «VOLUN SKILLS» кешенді оқыту бағдарламасынан өтіп, сертификат алды;
- 3 364 оқушы мен студент волонтерлік қозғалысты насихаттау іс-шараларымен қамтылды;
- 60 волонтерден кем емес қатысушылармен 4 ірі қоғамдық-спорттық және мотивациялық іс-шара ұйымдастырылды;
- волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтар саны кемінде 50-ге жеткізілді;
- қаржылай емес қолдау бағдарламасы аясында 10 бастамашыл жоба іріктеліп, қолдау алды.

Сапалық өзгерістер тұрғысынан волонтерлердің волонтерлік қызмет туралы білімі жүйеленіп, әлеуметтік жобаларды жоспарлау, командамен жұмыс, коммуникация және көшбасшылық дағдылары айтарлықтай артты. Қатысушылардың азаматтық белсенділігі күшейіп, өз бастамаларын дербес жүзеге асыруға дайындық деңгейі жоғарылады.

Волонтерлік ұйымдар арасында тұрақты байланыс орнап, өзара тәжірибе алмасу мен бірлескен іс-қимыл мәдениеті қалыптасты. Нәтижесінде нысаналы топтар әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге белсенді қатысатын, ұйымдасқан және ынталы еріктілер қауымдастығына бірігіп, аймақтағы волонтерлік қозғалыстың тұрақты дамуына нақты үлес қосты.

2) жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):

Жоба аясында шешілген негізгі проблема – Маңғыстау облысындағы волонтерлік қозғалыстың жүйесіздігі, еріктілердің даярлық деңгейінің төмендігі және бастамашыл топтардың тұрақты қолдау тетіктерінің болмауы. Жобаны іске асыру нәтижесінде бұл мәселенің ұзақ мерзімді әсері аймақта тұрақты волонтерлік экожүйенің қалыптасуына негіз қалады.

Ұзақ мерзімді перспективада волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтар санының артуы әлеуметтік мәселелерге жедел әрі тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді. Оқыту бағдарламаларынан өткен және тәжірибе жинақтаған волонтерлер алдағы уақытта жаңа еріктілерді тарту, оқыту және өз бастамаларын дербес жүзеге асыру арқылы қозғалыстың үздіксіз дамуын қамтамасыз етеді. Бұл азаматтық белсенділіктің артуына, жастардың қоғамдық өмірге тұрақты араласуына және әлеуметтік жауапкершіліктің нығаюына алып келеді.

Сонымен қатар, волонтерлік қызметтің беделі мен танымалдығының артуы жастар арасында оң құндылықтарды – өзара көмек, жауапкершілік, ынтымақтастық мәдениетін қалыптастырады. Бұл өз кезегінде қоғамдағы әлеуметтік шиеленістердің алдын алуға, жергілікті қауымдастықтардың бірлігін күшейтуге оң әсер етеді. Теріс өзгерістер тәуекелі төмен, себебі жоба барысында қалыптасқан құрылымдар, фронт-офис қызметі және серіктестік желілер волонтерлік қозғалыстың ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

3) іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Әлеуметтік әсері: Жобаның іске асырылуы Маңғыстау облысында азаматтардың волонтерлік қызметке қатысу белсенділігін арттыруға ықпал етті. Жастар арасында еріктілік мәдениеті қалыптасып, әлеуметтік жауапкершілік, өзара көмек және азаматтық белсенділік деңгейі жоғарылады. Волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтардың көбеюі жергілікті қауымдастықтардың бірлігін нығайтып, әлеуметтік мәселелерді шешуге қоғамды кеңінен тартуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, оқыту және ақпараттық іс-шаралар нәтижесінде волонтерлердің көшбасшылық, коммуникациялық және командалық жұмыс дағдылары дамып, олардың әлеуметтік жобаларды дербес жүзеге асыру әлеуеті артты.

Экономикалық әсері: Жоба аясында волонтерлік қызметтің дамуы әлеуметтік іс-шараларды ұйымдастыруда қосымша адами ресурстарды тартуға мүмкіндік беріп, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың қаржылық шығындарын оңтайландырды. Волонтерлердің қатысуы арқылы бірқатар әлеуметтік іс-шаралар төмен шығынмен және жоғары тиімділікпен өткізілді. Сонымен қатар, волонтерлердің біліктілігінің артуы олардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін күшейтіп, болашақта жұмысқа орналасуына және әлеуметтік-экономикалық белсенділігінің артуына жанама әсер етті. Нәтижесінде жоба өңірдің адами капиталының дамуына, әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің нығаюына үлес қосты.

Жобаның растаушы құжаттары келесі сілтемеде:

<https://drive.google.com/drive/folders/1uzeJffVdaF-8HWd4FnzyqTfWnr1VhbD?usp=sharing>

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Боранкүл» командасы» қоғамдық қоры

Басым бағыттың атауы: Жастар арасындағы әзіл-сықақ ойындарын ұйымдастыру

I. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1-міндет. Өңірдің барлық мектептері, кәсіптік білім беру ұйымдары мен жоғары оқу орындарынан және ассамблея жанынан кемінде 1 жайдарман тобын құру

№ 1 іс-шара. Өңірдегі барлық оқу орындарына танымал жайдарманшылармен бірге жайдарман ойындарының маңызы жөнінде кешенді ақпараттық түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру

Жайдарман ойындарының маңызын түсіндіру мақсатында танымал жайдарманшылар «Боранкүл» командасы КҚ директоры Сағидуллин Нұрбол, «Не хабар» жайдарман тобының ойыншысы Сидағалиев Айбар, Жайдарман ойындарының чемпионы Қоңыратбай Нұртай, Атамеке командасының ойыншысы Есенұлы Самат, жайдарман ойындарының ұйымдастырушысы Нұрғалиев Өмірбек секілді танымал жайдарманшылар 2025 жылдың 3-6 қараша күндері аралығында Х. Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі, Есенов колледжі, М.Тынышбаев атындағы ҚазККА Ақтау көлік колледжі, «Каспий өңірі Болашақ» колледжі, Қарақия кәсіптік колледжі, Н. Бекбосынов атындағы Маңғыстау энергетикалық колледжі, «Мұрын жырау Сеңгірбекұлы» атындағы Маңғыстау жоғары педагогикалық колледждерінде кешенді ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Түсіндіру жұмыстары барысында жайдарман ойындарының маңызы, оқу орны жанынан жасақталған командаларды республикалық сайыстарға жіберу және 2025 жылғы маусымда ішкі чемпионатты өткізу бойынша ұсыныстар айтылды. Нәтижесінде бірқатар білім ордаларынан жаңа жайдарман топтарын құру жұмыстары бастау алды.

Кездесу барысында жастар арасындағы Жайдарман қозғалысының тәрбиелік және мәдени маңызы, сонымен қоса колледж қабырғасында жаңа команда құрып, облыстық чемпионатқа дайындау мәселелері талқыланды.

Сілтемелер:

Шығармашылық есеп: https://drive.google.com/drive/folders/16b2b3zT_ycaxr_FYfUiwecgFmTSNV4TdC?usp=drive_link

Әлеуметтік желі: https://www.instagram.com/p/DQognhxjL1M/?img_index=1

https://www.instagram.com/p/DQotCcQDOKG/?img_index=1

https://www.instagram.com/p/DQwM3VADO4f/?img_index=1

https://www.instagram.com/p/DQyikyRjIcV/?img_index=1

<https://www.instagram.com/p/DQ9StmCjFmH/>

https://www.instagram.com/p/DQ_m-8zDICY/?img_index=1

№ 2 іс-шара. Өңірдің оқу орындарында жайдарман ойындарынан ішкі чемпионаттар ұйымдастыру

2025 жылдың 23 қазан күні Түпқараған ауданы Аудандық мәдениет үйінде 8 команданың қатысуымен аудандық ішкі чемпионат жайдарман сайысы өтті. 100 көрерменді қамтыған чемпионат жоғары деңгейде өтті. Командалардың өнеріне ардагер жайдарманшылар Бозаев Берген, Шаруқия Жәнібек, Оңдасынова Жанар, Наурызбай Арман және мәдениет үйінің директорының м.а. Ағниет Архат төрелік етті. Қазылар алқасының шешімімен Бас жүлде - «Үстаз командасы», 1 орын – «Татьяна құрамасы», 2 орын- «Ұстаздар құрамасы», 3 орын- «Caspian Velloza» командалары жеңіске жетті.

2025 жылдың 8 қараша күні Ақтау қаласындағы Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінде 1 курс студенттер арасында Жайдарман ойындарынан чемпионат өтті. Чемпионатқа 6 команда қатысып, Сәлемдесу сайысы бойынша өз өнерлерін ортаға салды. Нәтижесінде үздік деп танылған командалар облыстық чемпионатқа жолдама алды.

Олар Чемпион атанған команда - «Мектептен кейін», 2 орын- «Теңіз академия», 3 команда «Педагогика» командалары. Өңірдің оқу орындарында жайдарман ойындарынан ішкі чемпионатына барлығы 14 команда қатысты, чемпионаттың өткен туралы ақпараттары «Боранқұл» командасы» қоғамдық қорының Jaidarman12 ресми әлеуметтік парақшасында жария етілді.

Сілтемелер:

Шығармашылық есеп: https://drive.google.com/drive/folders/16b2b3zT_ycaxr_FYfUiwecgFmTSNV4TdC?usp=drive_link

Әлеуметтік желі:

https://www.instagram.com/p/DQymZh4DBWA/?img_index=1

https://www.instagram.com/p/DQ8WC35CNDY/?img_index=1

2 міндет.«Маңғыстау облыстық ашық чемпионатын» ұйымдастыру

№ 1 іс-шара. Маңғыстау облыстық ашық чемпионатына қатысушы командалар тізімін жасақтау

2025 жылдың 19 маусым күні оқу орындаына Маңғыстау облыстық ашық чемпионаты туралы хат жолданып, хабарландырулар жүргізілді. 24 маусым күні Маңғыстау облысында жайдарман ойындарынан Маңғыстау облыстық ашық чемпионатының Жоғары және Премьер лига сайыстарына қатысушы командаларға редакторлық жұмыстарды жүргізетін редакторларды бекіту бойынша жұмыс тобының отырысы өтіп, Жоғарғы лига сайыстарының тізімі бекітілді.

Сілтемелер: Шығармашылық есеп: https://drive.google.com/file/d/17ER--N_Y442oumc2FccGEIekaYThjPbF/view?usp=drive_link

№ 2 іс-шара. «Маңғыстау облыстық ашық чемпионаты»- жоғарғы лига, 1/4 ширек финал.

2025 жылғы 27 маусым күні Ақтау қаласы, 4 ш.а. «Абай» ат.мәдени демалыс кешенінде Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен Маңғыстау облыстық ашық чемпионатының «Жоғары лига» сайысы аясындағы 1/4 ширек финалдық кезеңі өтті.Бұл кезеңде командалар үш топқа бөлініп «Сәлемдесу» сайысы бойынша өзара тартысты ойын өрнегін көрсетті.

Әр команда шынайы тапқырлық пен сахна шеберлігін ортаға салып, көрерменнің ыстық қошеметіне бөленді.Командалардың өнеріне кәсіби әрі тәжірибелі қазылар алқасы баға берді. Қазылар қатарында ардагер жайдарманшылар Сағынтаев Дәулет, Жұмағалиев Нұрлыбай, Қоңыратбаев Нұртай, Базарбай Бауыржан, сондай-ақ Маңғыстау облыстық қоғамдық кеңесінің мүшесі Айса Данияр мен кәсіпкер Абатова Эльмира болды.

Қазылар алқасының шешімімен жартылай финалдық кезеңге жолдама алған командалар:

«А» тобы бойынша:

- Асабалардан құралған ерекше стилдегі «Календарь» командасы,
- Бейнеу ауданынан келген тапқыр «Бейнеу құрамасы».

«Б» тобы бойынша:

- Ақтау қаласынан шыққан жас әрі серпінді «Жайлы» командасы,
- Көп жылдық тәжірибесімен көзге түскен «YUstaz» құрама командасы.

«С» тобы бойынша:

- Мұғалімдерден жасақталған беделді «Ұстаздар құрамасы»,

Еркін форматтағы тапқыр топ «Атамекен».

Сілтемелер:

Шығармашылық есеп: https://drive.google.com/drive/folders/193mbypVJyxjvEHQVd5i0xELewomCEo0?usp=drive_link

Әлеуметтік желі: https://www.instagram.com/p/DMHh9q7oN7v/?img_index=1

https://www.instagram.com/p/DM_UmoIzF/

https://www.instagram.com/p/DMIIGf3MLIg/?img_index=1

https://www.instagram.com/p/DMIJF4iInSq/?img_index=1

№ 3 іс-шара. «Маңғыстау облыстық ашық чемпионаты»- жоғарғы лига, 1/2 жартылай финал.

Ағымдағы жылдың 7 қазан күні «Боранқұл командасы» ҚҚ атынан Жайдарман ойынының Маңғыстау облыстық ашық чемпионатының 1/2 жартылай финалына қатысушы командаларға ресми шақырту хаттар жолданды.

2025 жылғы 8 қазаннан бастап жастар орталығының ғимаратында чемпионатқа дайындық жұмыстары жүргізіліп, командалар редакторлық өңдеуден өтті. Бұл кезеңде әзілдердің мазмұны мен сахналық қойылымдар пысықталды.

2025 жылдың 14 қазан күні Ақтау қаласындағы Абай атындағы мәдени-демалыс кешенінде 607 адам қамтылған Жайдарман ойынының Маңғыстау облыстық ашық чемпионатының 1/2 жартылай финалы өтті.

Чемпионатқа барлығы 5 команда қатысып, Ақтау қаласы мен Мұнайлы, Қарақия және Бейнеу аудандарының намысын қорғады. Ашық чемпионатқа қазылық еткен Жайдарманның ардагер қатысушылары қатарында «Барыстар», «Әпитөк», «Боранқұл», «Жалын» жайдарман топтарының мүшелері болды.

Қазылар алқасының шешімімен финалдық кезеңге жолдама алған үш команда анықталды. Олар: асабалардан құралған «Календарь» командасы (Ақтау қаласы), салмақты эзіл мен тәрбиелік мазмұнды үйлестіре білген «Ұстаздар құрамасы» (Қарақия ауданы) және еркін форматта өнер көрсетіп, тың идеяларымен ерекшеленген «Татьяна» командасы (Мұнайлы ауданы).

Командалар «Сәлемдесу» және Жұлдызбен көрініс» турлары бойынша сынға түсіп, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Сілтемелер:

Шығармашылық есеп: https://drive.google.com/drive/folders/193mbypVJyxyjvEHQVd5i0xELEwomCEo0?usp=drive_link

Әлеуметтік желі: <https://www.instagram.com/p/DPf9PSYDFVV/>

<https://www.instagram.com/p/DPvHAN1CNBj/>

https://www.instagram.com/p/DP31RR4CFbR/?img_index=1

<https://www.instagram.com/p/DP32xtUDCcE/>

https://www.instagram.com/p/DQBQ4faCu_z/?img_index=1

№ 4 іс шара: «Маңғыстау облыстық ашық чемпионаты» - Жоғары лига, финал.

2025 жылдың 24 қараша күні Ақтау қаласы, Абай ат. мәдени демалыс кешенінде Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен Маңғыстау облыстық ашық чемпионатының «Жоғары лига» сайыстары бойынша финалдық бәсекесі өтті. Маусымның шешуші ойынына іріктеуден өткен үш команда қатысып, өзара үздік атану үшін бақ сынасты. Қатысушылар «Сәлемдесу», «Әуенді жамбы ату» және «Жұлдызбен көрініс» сайыстары бойынша өнер көрсетті.

Командалардың өнерін тәжірибелі қазылар алқасы ардагер жайдарманшылар Әлқуат Насухаұлы, Мәтжан Бектұрған, Нұрлыбай Жұмағалиев, Нұртай Қоңыратбай және жеке кәсіпкер Эльмира Абатова бағалады.

Бірінші сайыстан бастап-ақ командалар өзара тартымды бәсеке көрсетіп, көрермендерді жоғары деңгейдегі эзілдерімен қуантты.

Сайыс қорытындысы бойынша, биылғы маусымға ерекше серпін берген асабалардан құралған «Календарь құрамасы» III орынды, тәжірибесімен көзге түскен «Татьяна құрамасы» II орынды иеленді. Өнерімен және орындаушылық мәдениетімен ерекшеленген, ұстаздардан жасақталған «Ұстаздар құрамасы» биылғы маусымның чемпионы атанды. Командалар арнайы кубоктармен, медальдармен және қаржылай сыйлықтармен марапатталды. Аталмыш шараға 607 көрермен жиналды. Көрермен саны Абай ат. мәдени демалыс кешенінің директорының хатымен расталды.

Сілтемелер: Шығармашылық есеп: https://drive.google.com/drive/folders/193mbypVJyxyjvEHQVd5i0xELEwomCEo0?usp=drive_link

Әлеуметтік желі: https://www.youtube.com/watch?v=hrNHo3_T3tw

<https://www.youtube.com/watch?v=QR6RYTjApvg>

https://www.instagram.com/p/DRjkc-KDOm2/?img_index=1

https://www.instagram.com/p/DRh2XsjivY-/?img_index=1

https://www.instagram.com/p/DRgcCDgiFVM/?img_index=1

<https://www.facebook.com/share/p/14SSNdQzGNT/>

<https://www.facebook.com/share/p/17gWjr3bwZ/>

<https://www.instagram.com/p/DRXJOR8DLce/>

https://www.instagram.com/p/DRjEnrijOYd/?img_index=1

<https://www.instagram.com/p/DRMGlhRjAc3/>

№ 5 іс шара: «Маңғыстау облыстық ашық чемпионаты» - Премьер лига, 1/4 ширек финал

Ағымдағы жылдың 7 қараша күні Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен Маңғыстау облыстық ашық чемпионатының «Премьер лига» сайыстары бойынша жайдарман ойынының 1/4 ширек финалдық сайысы 400 адамның қатысуымен Ақтау қаласы, облыстық оқу-әдістемелік ғылыми орталығында өтті. Ширек финалдық бәсекеде «Премьер лига» сайыстарына жолдама алған 12 команда өнер көрсетті. Командалар 3 топқа бөлініп, «Сәлемдесу» туры бойынша сынға түсті. Командалар өнеріне жайдарманшылар Сағидуллин Нұрбол, Есенұлы Самат, Абибулда Азамат, Бибітбай Нұрдәулет және жеке кәсіпкер Исембаев Нұрлан қазылық етті.

Жайдарманның бұл кезеңі – жасөспірімдер үшін тек әзіл емес, сонымен қатар сахнаға бейімделу, көпшілік алдында сөйлеу, шығармашылық дүниелерін еркін көрсету мүмкіндігі болды. Қатысушылардың энергиясы мен өзара қолдауы чемпионаттың басты ерекшелігіне айналды. Қазылар алқасының әділ шешімімен 8 команда келесі айналымға жолдама алып, жартылай финал жолындағы тартыс одан әрі жалғасатын болды. Бұл чемпионат – Маңғыстаудың жас дарындарын қолдауға бағытталған маңызды бастамалардың бірі. Жастардың шығармашылығына жасалған мүмкіндіктер алдағы кезеңдерде одан әрі жалғасады. Көрермен саны облыстық оқу-әдістемелік ғылыми орталығының басшысының хатымен расталды.

Сілтемелер: Шығармашылық есеп: https://drive.google.com/drive/folders/16-OOGgoaY-bREEr4M_nWx0tNxxOuN-w3?usp=drive_link

Әлеуметтік желі: <https://www.instagram.com/p/DQnwniODAaf/>

https://www.instagram.com/p/DREWbbOjMdX/?img_index=1

<https://www.facebook.com/share/p/1BZPUXKDG6/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/p/1AKfCeHmwU/?mibextid=wwXIfr>

№ 6 іс шара: «Маңғыстау облыстық ашық чемпионаты» - Премьер лига, 1/2 жартылай финал

2025 жыл 17 қараша күні Ақтау қаласы, М.Өскінбайұлы ат. облыстық филармониясында Маңғыстау облыстық ашық чемпионатының «Премьер лига» сайыстары бойынша жайдарман ойынының 1/2 жартылай финалдық сайысы өтті. ½ финалдық сайыста 400 көрермен қамтылды. Жартылай финалдық бәсекеде ширек финалдық бәсекесінің қорытындысы бойынша келесі кезеңге өткен 8 команда «Сәлемдесу» туры бойынша сынға түсті.

Командалар өнеріне жайдарманшылар Сағидуллин Нұрбол, Есенұлы Самат, Байдулла Нұрғали, Бибітбай Нұрдәулет және Базарбай Бауыржан қазылық етті. Командалардың барлығы — мектеп жанынан құрылған жастар топтары, өзара қызықты әзілдерімен, актерлік шеберліктерімен және шығармашылық қойылымдарымен көрермендерді тәнті етті.

Қазылар алқасының бағалауы бойынша ерекше көзге түсіп, үздік өнер көрсеткен 6 команда Премьер лиганың финалдық кезеңіне жолдама алды. Финалға жолдама алған командалар:

- Ойжұмбақ

- КТЛский
- Мышық ауылы
- Батыр ауылы
- Тәштіктер
- Хайп моделс

Сілтемелер: Шығармашылық есеп: https://drive.google.com/drive/folders/16-OOGgoaY-bREEr4M_nWx0tNxxOuN-w3?usp=drive_link

Әлеуметтік желі: <https://www.facebook.com/share/p/15z48kPVCV/>

<https://www.facebook.com/share/p/1AHjMWJdzr/>

<https://www.facebook.com/share/p/17bB5AwcCD/>

7-іс шара: «Маңғыстау облыстық ашық чемпионаты» - Премьер лига, финал

2025 жылғы 21 қараша күні 400 көрермен қамтылған Ақтау қаласы, М.Өскінбайұлы ат. облыстық филармониясында Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен Маңғыстау облыстық ашық чемпионатының «Премьер лига» сайыстарының финалдық бәсекесі жоғары деңгейде өтті.

Финалда маусым бойы барлық айналымдардан сүрінбей өтіп, өз шеберліктерін дәлелдеген 6 жайдарман тобы өнер көрсетті. Қатысушы командалар «Сәлемдесу» және «Көрініс» сайыстары бойынша сынға түсіп, көрерменге мазмұны терең, қызықты әрі әсерлі қойылымдарын ұсынды.

Жас жайдарманшылардың өнеріне Маңғыстаудың мақтанышы, әнші Аяпова Асылтас, сондай-ақ тәжірибелі жайдарманшылар Қоңыратбай Нұртай, Сидағалиев Айбар, Самат Есенұлы және Абибулда Азамат қазылық етіп, командалардың тапқырлығын, сахна мәдениетін және актерлік ойындарын әділ бағалады.

Қорытынды нәтижеге сәйкес, «Батыр ауылы» командасы үшінші орынды, «Тәштіктер» командасы екінші орынды иеленді, ал маусымның басты күтпеген жаңалығы – жоғары деңгейде өнер көрсеткен «Хайп Моделс» пен «Ойжұмбақ» командалары чемпиондық атақты бөлісті. Биылғы маусым жасөспірімдер үшін тек жарыс емес, тәжірибе мен дамудың үлкен мектебі болды. Чемпион атанған екі команда келер жылы өтетін республикалық «JaidarmanKids» жобасына жолдама алып, өз өнерлерін кең көлемде танытуға мүмкіндік иеленді. Осылайша облыстың мектеп командалары арасындағы қызықты да тартысты маусым өз мәресіне жетіп, жас жайдарманшылардың жаңа белеске деген талпынысын арттырды.

Сілтемелер: Шығармашылық есеп: https://drive.google.com/drive/folders/16-OOGgoaY-bREEr4M_nWx0tNxxOuN-w3?usp=drive_link

Әлеуметтік желі: <https://www.instagram.com/p/DRJURUIDPxb/>

https://www.instagram.com/p/DRe2XuYjGVt/?img_index=8

https://www.instagram.com/p/DRe2uxkjFWK/?img_index=1

3-міндет. «Stand Up Маңғыстау» жобасы аясында жас стандаперлар кешін ұйымдастыру

№ 1 іс-шара. «Ашық микрофон» жобасы

2025 жылдың 3 қараша күні сағат 19:00-де Ақтау қаласындағы «Marine Club» лаундж барында «Ашық микрофон» жобасының бірінші шарасы жүзеге асты. Ашық микрофонға 11 резидент қатысты. Олар Ақтау қаласынан Бибітбай Нұрдәулет, Ғарыш Мақсат, Есетов Азат, Жоламан Нұрғиса, Жоламан Бекбол, Жұмағазин Мейіржан, Қалдыбеков Расул, ал Жаңаөзен қаласынан Байдулла Нұрғали, Тұрманбетов Бекбол, Мұнайлы ауданынан Абибулда Азамат, Жігер Алпамыс. «Ашық микрофон» жобасының екінші шарасы 2025 жылдың 12 қараша сағат 19.00-де Бейнеу ауданының мәдениет үйінде өтті.

Жобаға 10 резидент қатысты. олар: Ақтау қаласынан Бибітбай Нұрдәулет, Қазақ Жауат, Саламатов Нұрсағын, Орынбай Алтынбек, Кеңісов Береке, Базарбай Бауыржан, Мұнайлы ауданынан Есенұлы Самат, Байжанов Нұрсұлтан, Жаңаөзен қаласынан Жолым Әбубәкір, Сидағалиев Айвар.

Шараға қатысуға өтінім білдірген стэндаппер саны 35 адам, іріктеуден 10 стэндаппер өтті. Шара «Stand Up Маңғыстау» жобасына резиденттер анықтау және стэндапперлер клубын құру мақсатында ұйымдастырылды.

Сілтемелер: Шығармашылық есеп: https://drive.google.com/drive/folders/16kcfseDUbttwqyxIjurTNLfoWEEQMPga?usp=drive_link

Әлеуметтік желі: https://www.instagram.com/p/DQ_C63cDNvB/?img_index=1

https://www.instagram.com/p/DQ_sCuBjEN4/?img_index=2

№ 2-іс-шара. «Stand Up Маңғыстау» жобасын ұйымдастыру

Ағымдағы жылдың 9 қараша күні М.Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармонияда Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен «Stand Up Маңғыстау» жобасы өтті.

Аталған жобаға «Ашық микрофон» жобасының нәтижесінде іріктелген 10 резидент Ақтау, Жаңаөзен қалаларынан, сонымен қоса, Мұнайлы, Бейнеу аудандарынан қатысып, өз өнерлерін көрермендерге тарту етті. Олар: Байдулла Нұрғали, Қоңыратбаев Нұртай Базарбай Бауыржан, Сағидуллин Нұрбол, Сидағалиев Айвар, Сенбай Ерлан, Бибітбай Нұрдәулет, Ерғазы Әлібек

Көрермен саны 300-ге жетті. Шараның өту барысы әлеуметтік желелерде жария етілді.

Сілтемелер: Шығармашылық есеп: https://drive.google.com/drive/folders/16kcfseDUbttwqyxIjurTNLfoWEEQMPga?usp=drive_link

Әлеуметтік желі: <https://www.instagram.com/p/DQqW6R2jCR9/>

https://www.instagram.com/p/DQ4MX_QDOqJ/?img_index=1

https://www.instagram.com/p/DQ4M6k3jK8k/?img_index=1

<https://www.instagram.com/p/DqucHIAjRBm/>

4 міндет. Елімізге танымал және жергілікті жайдарманшылардың қатысуымен жас жайдарманшыларға арналған шеберлік сағаты өткізу.

1 іс-шара. Елімізге танымал және жергілікті жайдарманшылардың қатысуымен жас жайдарманшыларға арналған шеберлік сағатын өткізу.

2025 жылдың 4 қараша күні Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен «Боранқұл командасы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен Қарақия кәсіптік колледжінің жайдарман ойындарына қызығушылық танытқан студент жастарына арналған шеберлік сағаты өткізілді. Шараның мақсаты – жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, сахна мәдениетін қалыптастыру және әзіл арқылы ой еркіндігін арттыру болды. Шеберлік сабағын ардагер жайдарманшы, автор Нұрғалиев Өмірбек («Апорт» жайдарман тобының мүшесі) жүргізді. Ол қатысушыларға сахна мәдениетінің маңызы, сапалы әзіл құрастыру жолдары және импровизация жасау тәсілдері туралы пайдалы кеңестер берді.

Іс-шара барысында студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, тәжірибелі жайдарманшыдан нақты жауаптар мен практикалық кеңестер алды. Жастардың белсенділігі мен қызығушылығы жоғары деңгейде болды. Шеберлік сағаты жайдарман өнерін жетілдіруге, жаңа идеялар мен бастамаларды дамытуға зор серпін берді.

Екінші шеберлік сабағын елімізге кеңінен танымал ардагер жайдарманшылар, «Жайдарман» ойындарының «Жоғары лига» чемпиондары – Сағидуллин Нұрбол («Боранқұл», Маңғыстау облысы), Халиуллин Елжан («Грант», Орал қаласы), Мурзагереев Есет («Фемида», Ақтөбе қаласы) және Нұрсұлтан Үсенов («Сырдария құрамасы», Түркістан облысы) жүргізді. Кездесу барысында қатысушыларға команда құру қағидалары, сахна мәдениеті, сапалы әзіл жазу мен оны әсерлі жеткізу тәсілдері, сондай-ақ импровизация өнері жөнінде құнды кеңестер мен практикалық тапсырмалар ұсынылды. Шеберлік сағатына биылғы маусымда өнер көрсетіп жүрген жас жайдарманшылармен қатар, әзіл мен шығармашылыққа қызығушылық танытқан студент жастар да қатысты. Олар тәжірибелі ойыншыларға өз сұрақтарын қойып, пайдалы кеңестер алды. Сонымен қоса, Қарақия кәсіптік колледжінің жайдарман ойындарына қызығушылық танытқан студент жастарына арналған шеберлік сағаты өткізілді. Шараның мақсаты – жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, сахна мәдениетін қалыптастыру және әзіл арқылы ой еркіндігін арттыру болды.

Сілтемелер:

Шығармашылық есеп: https://drive.google.com/file/d/1-D6CJnFriOyrgkLoI7TRpc-WoLc1WtsN/view?usp=drive_link

Өлеуметтік желі: https://www.instagram.com/p/DQ_2zJ0DMAh/?img_index=1

<https://www.instagram.com/p/DRXJOR8DLce/>

https://www.instagram.com/p/DRjEnrijOYd/?img_index=1

<https://www.instagram.com/p/DQucHIAjRBm/>

5 міндет. Қор инновациясы ретінде Маңғыстау облысы Жайдарман тарихындағы үздік командалардың қатысуымен «Түлектер кездесуі» арнайы жобасын ұйымдастыру

1 іс-шара. Маңғыстау облысы Жайдарман тарихындағы үздік командалардың қатысуымен «Түлектер кездесуі» арнайы жобасын ұйымдастыру.

Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен 23 қараша 2025 жылы Ақтау қаласы, Абай ат. мәдени демалыс кешенінде «Түлектер кездесуі» атты ерекше жоба ұйымдастырылды. Аталған жобада өңірдің жайдарман тарихында із қалдырған саңлақ топтарды қайта сахнаға шықты. Күнделікті сахна жарығынан алыстағанымен, көрермендерінің жүрегінде орын алған «Мұнай тамшылары», «Боранқұл», «Не хабар – Көркем әлем», «Татьяна», «МПТК.КЗ» секілді аңызға айналған командалар қайтып оралып, залды сағынышқа толы ерекше энергиямен тербетті.

Оларды қарсы алған көрерменнің ыстық ықыласы мен сағынышы бірден сезілді. Әр команда өз дәуіріндегі ерекше стилі мен ұмытылмас әзілдерін қайта тірілтіп, залдағы жұртшылықты күлкіге бөлеп, өткенге тамаша саяхат жасатты. Ойынның тізгінін Қазақстан ҚВН Одағының Президенті Есен Елеукең ұстап, кештің сәнін келтірді. Ұзақ уақыттан кейін сахнаға шыққан түлектер әзілдерін жаңа тыныспен жеткізіп, көрермендердің көңілін бір серпілтті.

Сілтемелер:

Шығармашылық есеп: https://drive.google.com/file/d/1rgSIbTW2ofRAIto6bu1zxb2j6eMOMl/view?usp=drive_link

Әлеуметтік желі:

<https://www.facebook.com/share/p/1CySEMDj3i/>

<https://www.facebook.com/share/p/16PLwbvsZy/>

6 міндет. Маңғыстау облысында 20 жайдарман тобын құру

1- іс-шара. Маңғыстау облысында 10 жаңа жайдарман тобын құру.

2025 жыл маусым айынан бастап «Боранқұл командасы» қоғамдық қоры жастар арасында насихат жұмыстарын жүргізіп, жаңадан облыс бойынша 20 жайдарман тобын құрды. Олар Ақтау, Жаңаөзен қалаларынан және Мұнайлы, Бейнеу, Түпқараған, Қаракия аудандарынан. Барлығы 117 ойыншы, 20 жайдарман тобы құрылды.

Сілтемелер: Шығармашылық есеп: https://drive.google.com/drive/folders/16b2b3zT_ycaxr_FYfUiwgcFmTSNV4TdC?usp=drive_link

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария тұсаукесері.

«Жайдарман» жобасына қатысушылардың қанағаттану деңгейін талдау мақсатында онлайн түрде сауалнама жүргізілді.

Нәтижесінде Жайдарман туралы қайдан білдіңіз сұрағына 48,8% әлеуметтік желі арқылы таныса, 36,6% достары арқылы таныған, ал 14,6% оқу орнына ақпараттық жұмыс жүргізу арқылы білген. Жайдарман жобасы көңіліңізден шықты ма? Сұраққа 97,7 иә деп жауап берсе, 3,3% жоқ деп ниет білдірген екен.

Шарт талаптары бойынша жобаны іске асыру барысы туралы ақпараттық жұмыс.

Ай сайынғы медиа жоспар ұсынылады, ақпараттық қамту 48 000 қаралымнан асады. БАҚ-та 4 мақала жарияланып, инфлюсерлер тартылды.

Сілтеме:

<https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSf3BetsZTeuZ14cEXEZXLhWGW64PTHhWgIueVIRqwk5UrOzpw/viewform?usp=header>

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

Мақсатқа қол жеткізу:

Жоба жастар арасындағы әзіл-сықақ ойындарын ұйымдастыру арқылы мемлекеттік тілдің аясын кеңейту және жастардың әлеуметтенуін арттыру мақсаттарына толық қол жеткізді. Жобаны іске асыру барысында нақты іс-шаралар ұйымдастырылып, жастардың шығармашылығын дамытуға және әлеуметтік қатысуын белсенді етуге жағдай жасалды⁷

Нәтижелері:

Жаңа командалардың құрылуы: Маңғыстау облысының мектептері, колледждер мен жоғары оқу орындарынан 22 жаңа жайдарман тобы жасақталды, бұл жоспардан екі еседен астам артық.

Жайдарман чемпионаты: «Маңғыстау облыстық ашық чемпионаты» (Жоғары және Премьер лига) 6 ойынмен ұйымдастырылды, жастар арасында мемлекеттік тілді насихаттау және шығармашылық қабілеттерді дамыту қамтамасыз етілді.

Stand Up кеші: «Stand Up Маңғыстау» жобасы аясында жас стэндаперлерге арналған кеш өткізілді, өңірде алғаш рет қазақ тілді стэндаперлер клубы құрылды.

Шеберлік сағаттары: Елге танымал жайдарманшылардың қатысуымен 2 шеберлік сағаты өткізілді (Елжан Халиуллин, Есет Мурзагереев, Нұрсұлтан Үсенов).

Цифрлық контент: Маңғыстау облыстық ашық чемпионатының «Жоғары лига» ойындары YouTube видеохостингінде жарияланды, нәтижесінде 31 105 қаралым жинады. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде 40 000 қаралымнан астам қамтуды қамтамасыз ететін бейнематериалдар жарияланды.

Қор инновациясы: «Түлектер кездесуі» жобасы арқылы өңірдің үздік командалары тәжірибе алмасып, жаңа буын жас ойыншыларға үлгі болды. Республикалық деңгейге шығу: Кемінде 3 әзіл-сықақ командасы республикалық ойындарға жолдама алды.

Әлеуметтік және экономикалық әсері:

Жобаның нәтижесінде жастардың шығармашылық дағдылары артты, командалық жұмысқа үйренді, медиа және контент өндірісі саласында кәсіби біліктілігі жоғарылады. Өңірде event-индустрияның дамуына үлес қосылды: сахналық жабдықтарды жалға алу, дыбыс/жарық қызметтері, бейнетүсірілім, дизайн, монтаж, көлік және өзге сервистік бағыттар сұранысқа ие болды. Жергілікті кәсіпкерлер мен шығармашылық агенттіктерге қосымша табыс көздері пайда болды. Цифрлық контенттің таралуы өңірдің мәдени брендіне ықпал жасап, болашақ демеушілер мен медиа серіктестерді тартуға мүмкіндік берді. Жоба барлық жоспарланған мақсаттарға толық қол жеткізіп, жастардың әлеуметтік белсенділікке тартты, мемлекеттік тілді насихаттады, шығармашылық индустрияның дамуына және өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруға елеулі үлес қосты.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Маңғыстау облысында жастар арасында әзіл-сықақ ойындарын ұйымдастыру арқылы мемлекеттік тілді насихаттау және жастардың шығармашылығын дамыту бағытында нақты іс-шаралар өткізілді. Өңірдің мектептері, колледждері және жоғары оқу орындарынан 22 жаңа жайдарман тобы құрылды, бұл бастапқы жоспардан әлдеқайда көп. «Маңғыстау облыстық ашық чемпионаты» (Жоғары және Премьер лига) 6 ойынмен ұйымдастырылып, жастардың белсенді қатысуы қамтамасыз етілді. «Stand Up Маңғыстау» жобасы аясында жас стэндаперлер кеші өткізілді, өңірде алғаш рет қазақ тілді стэндаперлер клубы құрылды. Елге танымал жайдарманшылардың қатысуымен 2 шеберлік сағаты өткізілді (Елжан Халиуллин, Есет Мурзагереев, Нұрсұлтан Үсенов).

Маңғыстау облыстық ашық чемпионатының «Жоғары лига» ойындары YouTube-те жарияланып, 31 105 қаралым жинады; әлеуметтік желілерде 40 000 қаралымнан астам қамтуды қамтамасыз ететін бейнематериалдар жарияланды. Жобаның қорытындысы ретінде «Түлектер кездесуі» арнайы жобасы жүзеге асырылды, үздік командалар тәжірибе бөлісті және жас ойыншыларға үлгі болды.

Дәлелдер мақсатқа қол жеткізгенін көрсету үшін:

Жаңа 22 жайдарман тобының құрылуы – жастарды белсенді түрде тарту және шығармашылық қабілеттерін дамыту дәлелі. Жайдарман чемпионаты мен Stand Up кешінің сәтті ұйымдастырылуы – мемлекеттік тілді насихаттау және жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыру мақсаттарына қол жеткізуді растайды. YouTube және әлеуметтік желілердегі контенттің қаралым саны (31 105 қаралым және 40 000 қаралымнан астам қамту) – жобаның кең аудиторияға әсер еткенін көрсетеді. Елге танымал жайдарманшылардың қатысуы және шеберлік сағаттары – жас ойыншылардың кәсіби дамуы мен тәжірибе алмасуына нақты қолдау көрсеткенін дәлелдейді

Жоба жоспарланған барлық мақсаттарға толық қол жеткізді: жастардың шығармашылық қабілеттері артты, мемлекеттік тіл кеңінен насихатталды, жаңа командалар құрылып, өңірде әлеуметтік белсенді жастар қауымдастығы нығайды.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі:

Жобаның барлық негізгі көрсеткіштері толық орындалды. Жоспарланған нәтижелер мен нақты нәтижелер арасында сәйкестік жоғары деңгейде, ал ақпараттық бағыт бойынша көрсеткіштер жоспардан бірнеше есе асып түсті. Жоспардан теріс ауытқу тіркелген жоқ.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Жобаға дейінгі ахуал:

Маңғыстау облысында жастар арасындағы эзил-сықақ ойындары (Жайдарман және Stand Up) жүйелі түрде дамымаған, мемлекеттік тілді насихаттау үшін арнайы шығармашылық платформалар жеткіліксіз болды. Жастардың әлеуметтік белсенділігі мен шығармашылық әлеуетін дамытатын тұрақты іс-шаралар шектеулі болған. Жастардың кәсіби дамуы үшін тәжірибе алмасу және шеберлік сағаттарын өткізу мүмкіндіктері аз болды.

Өңірдегі жас стэндаперлер клубы немесе қазақ тілді стэндаперлер қауымдастығы болмады. Әлеуметтік желілер мен медиа арқылы жастарды тарту, бейнематериалдар арқылы насихаттау көлемі төмен деңгейде болды.

Жоба барысында және аяқталғаннан кейінгі ахуал:

Өңірдің мектептері, колледждері мен ЖОО-дан 22 жаңа жайдарман тобы құрылды, бұл жастарды белсенді түрде тарту мен шығармашылық дамуды қамтамасыз етті. «Маңғыстау облыстық ашық чемпионаты» 6 ойынмен ұйымдастырылды, жастар арасында мемлекеттік тілді насихаттау және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берілді.

«Stand Up Маңғыстау» жобасы аясында жас стэндаперлер кеші өткізілді, өңірде қазақ тілді стэндаперлер клубы құрылды. Елге танымал жайдарманшылардың қатысуымен 2 шеберлік сағаты өткізілді, жас ойыншылардың кәсіби дамуына нақты қолдау көрсетілді. YouTube видеохостингінде «Жоғары лига» ойындары жарияланып, 31 105 қаралым жинады; әлеуметтік желілерде 40 000 қаралымнан астам қамтуды қамтамасыз ететін бейнематериалдар жарияланды. «Түлектер кездесуі» арнайы жобасы жүзеге асырылды, үздік командалар тәжірибе бөлісіп, жас ойыншыларға үлгі болды.

Проблемаларды шешу дәрежесі:

6707	1355	2879	1517	716	221	19	1
------	------	------	------	-----	-----	----	---

3. Жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):

Сандық көрсеткіштер:

Жайдарман топтарын құру: Жоба аясында Маңғыстау облысының Ақтау, Жаңаөзен қалалары мен Мұнайлы, Бейнеу, Түпқараған, Қарақия аудандарында барлығы 20 жаңа жайдарман тобы құрылды. Жаңадан құрылған топтарда 117 ойыншы белсенділік танытты.

Ішкі чемпионаттар: Облыстың әр оқу орындарында өткізілген ішкі чемпионаттарға барлығы 14 команда қатысты. Іс-шараларға қатысқан көрермен саны шамамен 100-607 адамға дейін болды.

Маңғыстау облыстық ашық чемпионаты: Жоғары лига: 1/4 финалға 8 команда, 1/2 жартылай финалға 5 команда, финалға 3 команда қатысты; көрермен саны 607 адам.

Премьер лига: 1/4 финалға 12 команда, 1/2 жартылай финалға 8 команда, финалға 6 команда қатысты; көрермен саны 400 адам. Stand Up Маңғыстау жобасы: «Ашық микрофон» жобасына 11 резидент, екінші шараға 10 резидент қатысты; негізгі шоуға қатысқан көрермен саны 300.

Шеберлік сағаттары: Жастар сахна мәдениетін, әзіл құру және импровизация дағдыларын меңгерді; тәжірибелі жайдарманшылардан тікелей кеңестер алды.

Қатысушылардың қанағаттану деңгейі: Жауап бергендердің 97,7% «Иә» деп жауап берді, ал жобадан қанағаттанбағандар 3,3% құрады. Жобаның ақпараттық қамтылуы айына 48 000 қаралымнан асты.

Сапалық өзгерістер: Жоба барысында жастардың шығармашылық қабілеті артты, сахна мәдениеті қалыптасты, өзін-өзі көрсету, топтық жұмыс және коммуникация дағдылары жақсарды, жаңа жайдарман командалары құрылып, облыстық және республикалық деңгейде өнер көрсету мүмкіндігі туды.

2) Жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):

Шешілетін проблема:

Жастар арасында шығармашылық мүмкіндіктердің шектеулігі, қоғамдық іс-шараларға қатысу мәдениетінің төмендігі, өзін-өзі ашу және коммуникациялық дағдылардың жеткіліксіздігі. Әлеуметтік желі мен достар арқылы ғана ақпарат алатын жастардың өз әлеуетін толық іске асыра алмауы.

Ұзақ мерзімді әсері:

Оң әсер: Жастар арасында шығармашылық белсенділік артып, жаңа жайдарман командалары тұрақты түрде жұмыс істейді; сахна мәдениеті мен командада жұмыс істеу дағдылары дамиды; облыстық чемпионаттардың жүйелі өткізілуі жастарды ынталандырады; республикалық жарыстарға жолдама алу арқылы тәжірибе кеңейеді.

Болжамды теріс әсер: Егер жобаны тұрақты жүргізу қамтамасыз етілмесе, жас топтардың белсенділігі төмендеуі мүмкін; кейбір командалар уақыт өте іс-шаралардан тыс қалуы мүмкін.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Әлеуметтік әсері: Жобаның арқасында жастардың мәдени және тәрбиелік құндылықтары қалыптасты, шығармашылық әлеуеті артты. Жобадағы іс-шараларға қатысқан жастар өздерін көрсету мүмкіндігіне ие болып, сенімділік пен қоғамға араласу дағдыларын жетілдірді.

Экономикалық әсері: Жоба облыс туризмін, мәдени іс-шаралар индустриясын, жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік инвестицияларды арттырды. Қатысушылардың шығармашылық қабілеті мен тәжірибесі алдағы кезеңде коммерциялық және мәдени жобаларда пайдалы болады.

Ұзақ мерзімді әлеует: Жас жайдарманшылардың дамуы өңірдің мәдени өмірін байытып, жастардың бос уақытын тиімді пайдалану мен психологиялық денсаулығын жақсартуға септігін тигізеді.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Timur Academy» жеке меншік мекемесі

Басым бағыттың атауы: «Маңғыстау жастарының ІТ-құзыреттілігін дамыту»

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1-міндет. Өңір жастарына бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, білім алуға, жұмысқа орналасуға, әлеуметтік нысандарды пайдалануға, мемлекеттік қолдау шараларына қол жеткізуге мүмкіндік беретін, сондай-ақ ақпараттық-білім беру ресурстарының кешенін қамтитын мобильді қосымшаны әзірлеу және тұрақты түрде қолдау.

1 іс-шара. Өңір жастарына бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, білім алуға, жұмысқа орналасуға, әлеуметтік нысандарды пайдалануға, мемлекеттік қолдау шараларына қол жеткізуге мүмкіндік беретін, сондай-ақ ақпараттық-білім беру ресурстарының кешенін қамтитын мобильді қосымшаны жоспарлау, дизайн әзірлеу және жасау.

2025 жылғы шілде. Аталған міндет аясында өңір жастарына бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, білім алуға, жұмысқа орналасуға, әлеуметтік нысандарды пайдалануға, мемлекеттік қолдау шараларына қол жеткізуге мүмкіндік беретін, сондай-ақ ақпараттық-білім беру ресурстарының кешенін қамтитын **Mangystau Zhastary** мобильді қосымшасының прототипі мен дизайны әзірленді. Қосымшаның тұжырымдамасы, функционалдық құрылымы мен дизайны **Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы** мемлекеттік мекемесімен келісілді.

2 іс-шара. Android және iOS нұсқаларын әзірлеу

2025 жылғы тамыз–қыркүйек. Дайындалған прототип негізінде мобильді қосымшаның бета-нұсқасы әзірленді. Мобильді қосымшаның Android және iOS платформаларына арналған нұсқалары жасалып, жүктелді. Төмендегі сілтеме арқылы қосымшаны жүктеп алуға болады:

<https://apps.apple.com/kz/app/mangystau-zhastary/id6753177114>

<https://play.google.com/store/apps/details?id=com.mangystau.zhastary>

3 іс-шара. Өңір жастарына бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, білім алуға, жұмысқа орналасуға, әлеуметтік нысандарды пайдалануға, мемлекеттік қолдау шараларына қол жеткізуге мүмкіндік беретін, сондай-ақ ақпараттық-білім беру ресурстарының кешенін қамтитын мобильді қосымшаны тестілеу және іске қосу.

2025 жылғы қазан–қараша. Аталған міндет аясында өңір жастарына бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, білім алуға, жұмысқа орналасуға, әлеуметтік нысандарды пайдалануға, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шараларына қол жеткізуге мүмкіндік беретін және ақпараттық-білім беру ресурстарының кешенін қамтитын Mangystau Zhastary атты мобильді қосымша әзірленіп, іске қосылды.

Мобильді қосымша іске қосылған сәттен бастап пайдаланушылардың кіруі мен кері байланысына статистикалық бағалау жүргізілді. Қосымша арқылы облыс жастарының IT-сауаттылық деңгейін анықтауға бағытталған сауалнама өткізілді. Сауалнаманы 2657 жас қатысты. Сауалнама нәтижелері бойынша аналитикалық есеп дайындалды. Қазіргі уақытта мобильді қосымша арқылы облыс жастарының 10%-ы өздерінің IT-сауаттылық деңгейін арттыруда.

2 міндет. Іс-шараларды ұйымдастыру.

1 іс-шара. Өңірдегі IT-хаб алаңында жастарға арналған жасанды интеллект және цифрлық технологиялар бағытында 1 хакатон ұйымдастыру.

2025 жылғы 15–16 қараша. Аталған міндет аясында Ақтау қаласындағы IT-хаб ғимаратында жасанды интеллект және цифрлық технологиялар бағытында хакатон өткізілді.

15 қараша күні хакатонның онлайн кезеңі ұйымдастырылып, қатысушыларға техникалық тапсырмалар ұсынылды және олар арнайы Telegram-чатқа қосылды. 16 қараша күні офлайн кезең өтіп, қатысушылар өз жобаларын қорғады. Хакатонға 50 жас қатысты. Іс-шара аясында 3 маман шақырылып, 10 жоба қаралды.

Әлеуметтік желідегі жарияланымдар:

<https://www.instagram.com/p/DRC6q4lCswB/>

<https://www.instagram.com/p/DRIeGwUCmt4/>

2 іс-шара. Өңірдегі IT-хаб алаңында жастарға арналған жасанды интеллект және цифрлық технологиялар бойынша 2 вебинар ұйымдастыру.

Аталған міндет аясында жасанды интеллект және цифрлық сауаттылық тақырыптары бойынша 2 вебинар өткізілді. Вебинарлар:

2025 жылғы 14 қараша – Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, Форт-Шевченко мектеп-лицейінде;

2025 жылғы 13 қараша – Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Қарақия аудандық жастар орталығында өтті.

Вебинарларды тренер Тимур Бектұр жүргізді. Іс-шараларға жалпы 207 астам жас қатысты. Вебинарлар үшін арнайы оқу-әдістемелік материалдар дайындалды.

3 іс-шара. Өңірдегі IT-хаб алаңында жастарға арналған жасанды интеллект және цифрлық технологиялар бойынша 5 менторлық кездесу ұйымдастыру.

Аталған міндет аясында Ақтау қаласындағы IT-хаб ғимаратында және Мұнайлы ауданында жасанды интеллект және цифрлық технологиялар бағытында 5 менторлық кездесу өткізілді. Менторлық кездесулер келесі орындарда ұйымдастырылды:

05.11.2025 ж. – Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Жастар орталығы (26 қатысушы);

12.11.2025 ж. – Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Жастар орталығы (26 қатысушы);

12.11.2025 ж. – Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Жастар орталығы (26 қатысушы);

13.11.2025 ж. – Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, №6 мектеп (26 қатысушы);

14.11.2025 ж. – Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы (30 қатысушы).

Кездесулерге барлығы 130-ден астам жас қатысты. Спикерлер Ниязымбетов Карим, Мәштай Айгерім, Тимур Бектұр шақырылды.

4 іс-шара. Өңірдің IT-мамандарының қатысуымен кемінде 2 техно-кездесу өткізу.

Аталған міндет аясында Тимур Бектұрдың қатысуымен «Жасанды интеллект дәуірі: жастарға қандай мүмкіндіктер бар?» тақырыбында 2 техно-кездесу өткізілді. Техно-кездесулер:

2025 жылғы 17 қазан – Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Батыр ауылы, №20 «Келешек мектебі»;

2025 жылғы 17 қазан – Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 6 шағын ауданы, Жастар орталығы алаңында өтті.

<https://www.instagram.com/p/DQCmz7dCs45/>

<https://www.instagram.com/p/DQCIEEritYW/>

Кездесулерге 100-ден астам жас қатысты. Іс-шара барысында цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект тақырыптары бойынша ақпарат беріліп, қатысушылармен ашық пікір алмасу жүргізілді.

3 міндет. Өңірде инновациялық шешімдерге арналған өңірлік конкурсты ұйымдастыру.

1 іс-шара 1. Конкурс ұйымдастыру.

Аталған міндет аясында өңірдің өзекті мәселелеріне инновациялық шешімдер ұсынуға бағытталған облыстық конкурс ұйымдастырылды. Конкурс ережесі Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасымен келісіліп, белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылды. Конкурс туралы ақпараттық анонстар әлеуметтік желілерде жарияланды.

Конкурсқа өтінім қабылдау кезеңі 2025 жылғы 22 қазаннан 12 қарашаға дейін жүргізілді. Конкурс нәтижелері 2025 жылғы 13 қарашада жарияланды. Хаттама қорытындысы бойынша 26 өтінім қабылданып, 3 жеңімпаз анықталды. Жалпы конкурсқа 30 адам қатысты.

Конкурс қорытындысы бойынша келесі жобалар жеңімпаз деп танылып, марапатталды:

I орын — Bamboo Life жобасы;

II орын — Tez Oqu жобасы;

III орын — Адия Қаздойбы жобасы.

Қатысушылар қаржылай сыйақымен марапатталды.

Әлеуметтік желідегі жарияланымдар:

<https://www.instagram.com/p/DQFc3fFilqr/>;

https://www.instagram.com/p/DQHkQE6ilD5/?img_index=1;

https://www.instagram.com/p/DQksbg_iixN/;

https://www.instagram.com/p/DRDAeHBik10/?img_index=1;

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы.

1 іс-шара. Жобаны іске асыру туралы қорытынды жария презентация.

2025 жылғы 25 қараша күні ZOOM бейне байланыс қосымшасы арқылы, «Маңғыстау жастарының IT-құзыреттерін дамыту» жобасының қорытынды презентациясы өтті. Қорытынды презентация дайындалып, растаушы бейнематериал жасалды.

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс

1 іс-шара. Әлеуметтік жобаны іске асыру туралы жарияланымдар.

Жобаны іске асыру барысы туралы ақпараттық жұмыс шарт талаптарына сәйкес жүйелі түрде жүргізілді. Ақпараттық іс-шаралар 2025 жылғы шілде–қараша айлары аралығында жүзеге асырылды.

Жоба аясында:

- әр айдың 3-күніне дейін бекітілген контент-жоспар әзірленіп, іске асырылды;
- ақпараттық материалдар Telegram және Instagram әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшаларда жарияланып отырды;
- ай сайын 1 дайджест форматында жобаның негізгі кезеңдері мен нәтижелері қамтылды.

Электрондық пошта және мессенджерлер арқылы жүргізілген ақпараттық таратылымның жалпы қамтуы 159 981 адамды құрады, бұл жоспарланған көрсеткіштен (кемінде 1 000 адам) едәуір жоғары.

Сонымен қатар:

- жоба аясындағы іс-шаралар туралы ortanews.kz сайтында кемінде 1 анонс жарияланды;
- жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде «Маңғыстау Медиа» газетінде 1 жарияланым, сондай-ақ ortanews.kz өңірлік порталында 1 материал жарық көрді.

Аталған ақпараттық жұмыс толық көлемде жүзеге асырылып, **орындалды** деп танылды.

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

Жоба барысында Маңғыстау облысының жастарының IT-құзыреттерін арттыру, цифрлық сауаттылықты дамыту және әлеуметтік белсенділікті көтеру мақсатында бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. Осы іс-шаралардың нәтижесінде нақты көрсеткіштерге қол жеткізілді:

Мобильді қосымша «Mangystau Zhastary» әзірленіп, тестіленіп, Android және iOS платформаларында іске қосылды. Қосымша арқылы IT-сауаттылық деңгейін анықтауға арналған сауалнамаға 2 657 жас қатысты, ал қазіргі уақытта қосымша арқылы облыс жастарының 10%-ы өздерінің IT-құзыреттерін арттыруда.

Жоба аясында 1 хакатон өткізіліп, оған 50 жас қатысып, 10 жоба қаралды, 3 сарапшы тартылды. Сонымен қатар, 2 вебинар ұйымдастырылып, 207 жас қамтылды, 5 менторлық кездесу өткізілді, оған 130-дан астам жас қатысты. 2 техно-кездесу ұйымдастырылып, қатысушылар саны 100-ден астам адамды құрады. Өңірлік инновациялық шешімдерге арналған 1 облыстық конкурс өткізілді, конкурсқа 26 өтінім қабылданып, 30 қатысушы қамтылды, нәтижесінде 3 жеңімпаз жоба қаржылай сыйақыға ие болды.

Жоба шеңберінде өткізілген барлық офлайн және онлайн іс-шаралар арқылы 3 200-ден астам жас тікелей қамтылды. Ақпараттық жұмыс нәтижесінде әлеуметтік желілер, электрондық пошта және мессенджерлер арқылы 159 981 адамға ақпарат жетті. Сонымен қатар, жобаның қорытындысы бойынша 1 жария презентация (ZOOM платформасында) өткізілді.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Жоба аясында өңір жастарына бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, білім алуға, жұмысқа орналасуға, әлеуметтік нысандарды пайдалануға, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шараларына қол жеткізуге мүмкіндік беретін және ақпараттық-білім беру ресурстарының кешенін қамтитын Mangystau Zhastary атты мобильді қосымша әзірленді.

Мобильді қосымша әзірленген сәттен бастап пайдаланушылардың кіруі мен кері байланысына статистикалық бағалау жүргізілді. Қосымша арқылы облыс жастарының IT-сауаттылық деңгейін анықтауға бағытталған сауалнама өткізілді. Сауалнамаға **2657 жас** қатысты. Сауалнама нәтижелері бойынша аналитикалық есеп дайындалды. Қазіргі уақытта мобильді қосымша арқылы облыс жастарының **10%-ы** өздерінің IT-сауаттылық деңгейін арттыруда.

Сонымен қатар, өңірлік IT-хаб алаңында жасанды интеллект және цифрлық технологиялар бағытында 1 хакатон, 2 вебинар, 5 менторлық кездесу сәтті өткізілді. Өңірдің IT-мамандарының қатысуымен кемінде 2 техно-кездесу ұйымдастырылды. Бұдан бөлек, өңірдің өзекті мәселелеріне инновациялық шешімдер ұсынуға бағытталған **өңірлік инновациялық шешімдер конкурсы** өткізілді.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: Ауытқу жоқ

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Жобаға дейінгі кезеңде Маңғыстау облысы жастарының, цифрлық сауаттылық деңгейі жеткіліксіз болды, ақпараттық-білім беру ресурстарына қолжетімділік шектеулі, ал өңірлік IT-экожүйеге қатысу мүмкіндіктері жүйеленбеген сипатта болды. Жастар үшін білім алу, жұмысқа орналасу және мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпарат бытыраңқы күйде ұсынылды.

3) жас ерекшелігінің көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары	Жобаға қатысушылардың саны барлығы
538		100	250	128	50	-	-	-

3. Жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):

Әлеуметтік жобаны іске асыру барысында нысаналы топтар үшін нақты, өлшенетін және сапалық тұрғыдан маңызды нәтижелерге қол жеткізілді. Жоба аясында өңір жастарының, оның ішінде NEET санатындағы және жұмыссыз жастардың IT-сауаттылығын арттыруға, цифрлық белсенділігін күшейтуге және білім беру, кәсіби әрі әлеуметтік мүмкіндіктерге қолжетімділігін кеңейтуге бағытталған жүйелі жұмыс жүргізілді.

Жоба шеңберінде Mangystau Zhastary атты мобильді қосымша әзірленіп, Android және iOS платформаларында іске қосылды. Қосымша арқылы облыс жастарының IT-сауаттылық деңгейін анықтауға арналған сауалнамаға 2 657 жас қатысты, нәтижесінде аналитикалық есеп дайындалды. Қазіргі уақытта мобильді қосымшаны пайдаланушылардың ішінде облыс жастарының 10%-ы өздерінің IT-құзыреттерін арттыруда.

Сонымен қатар, өңірлік IT-хаб алаңында және серіктес ұйымдар базасында бірқатар білім беру және тәжірибелік іс-шаралар өткізілді. Атап айтқанда, 1 хақатон ұйымдастырылып, оған 50 жас қатысты, 10 жоба қаралып, 3 сарапшы тартылды. Жасанды интеллект және цифрлық технологиялар тақырыптарында 2 вебинар өткізіліп, 200 жас қамтылды. 5 менторлық кездесу ұйымдастырылып, оған 130-дан астам жас қатысты.

Сонымен бірге өңірдің IT-мамандарының қатысуымен 2 техно-кездесу өткізіліп, оған 100-ден астам жас тартылды. Жобаның маңызды нәтижелерінің бірі ретінде өңірдің өзекті мәселелеріне инновациялық шешімдер ұсынуға бағытталған өңірлік конкурс өткізілді. Конкурсқа 30 қатысушы қатысып, 26 өтінім қабылданды. Қорытындысында 3 жеңімпаз жоба анықталып, қаржылай сыйақымен марапатталды.

Жобаны іске асыру барысында жүргізілген ақпараттық жұмыс нәтижесінде әлеуметтік желілер, мессенджерлер және электрондық пошта арқылы 159 981 адам қамтылды, бұл жобаның қоғамдық танымалдылығын және жастар арасындағы қызығушылықтың артқанын көрсетті.

Сапалық тұрғыдан алғанда, жоба нәтижесінде нысаналы топтардың IT-сауаттылық деңгейі айтарлықтай артты, жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар саласындағы білімдері кеңейді. Жастардың цифрлық оқытуға деген қызығушылығы күшейіп, жобалық ойлау, командалық жұмыс және стартап бастамаларды дамыту дағдылары қалыптасты. Сонымен қатар, жастардың өңірлік IT-экожүйеге қатысу деңгейі артып, еңбек нарығына бейімделуі жақсарды.

Осылайша, жоба нысаналы топтар үшін нақты әлеуметтік, білім беру және кәсіби нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етіп, Маңғыстау облысында цифрлық сауатты, белсенді және инновацияға бейім жастар қауымдастығын қалыптастыруға ықпал етті.

2) жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):

Жобаны іске асыру Маңғыстау облысы жастарының цифрлық сауаттылығының төмендігі, IT-құзыреттердің жеткіліксіз дамуы, сондай-ақ білім беру, кәсіби және әлеуметтік мүмкіндіктерге қолжетімділіктің шектеулілігі мәселелерін жүйелі түрде шешуге бағытталды. Жоба аясында қалыптастырылған цифрлық және білім беру инфрақұрылымы аталған проблемаларды ұзақ мерзімді перспективада төмендетуге мүмкіндік береді.

Болжамды оң өзгерістер:

өңір жастарының IT-сауаттылық деңгейінің тұрақты өсуі, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект саласындағы білімдерінің жүйелі түрде жаңарып отыруы;

- жастардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігінің артуы, әсіресе IT және цифрлық экономика салаларында жұмысқа орналасу мүмкіндіктерінің кеңеюі;

- NEET санатындағы және жұмыссыз жастардың білім беру және кәсіби ортаға тартылуының күшеюі;

- өңірде инновациялық ойлау мен стартап мәдениетінің дамуы, жастардың өңірлік мәселелерді шешуге белсенді қатысуы;

- цифрлық мәдениеттің қалыптасуы және жастардың қоғамдық өмірге белсенді қатысу деңгейінің артуы;

- мемлекеттік жастар саясатын жетілдіруге мүмкіндік беретін аналитикалық деректердің қалыптасуы.

Болжамды тәуекелдер мен теріс өзгерістер:

- мобильді қосымшаның контенті мен функционалы тұрақты жаңартылмаған жағдайда, пайдаланушылардың белсенділігінің төмендеу қаупі;

- цифрлық ресурстарды пайдаланудағы теңсіздік (интернетке қолжетімділік, техникалық мүмкіндіктер) жекелеген жастар топтарының қамтылуын шектеуі мүмкін.

Аталған тәуекелдер жобаның тұрақты дамуын қамтамасыз ету, серіктестермен ынтымақтастықты жалғастыру және контентті жүйелі түрде жаңарту арқылы төмендетіледі.

Осылайша, жоба ұзақ мерзімді кезеңде Маңғыстау облысында цифрлық сауатты, әлеуметтік белсенді және еңбек нарығына бейімделген жастар қауымдастығын қалыптастыруға ықпал етіп, шешіліп отырған әлеуметтік проблемалардың ауқымын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Жобаны іске асыру Маңғыстау облысы жастарының әлеуметтік және экономикалық әлеуетін арттыруға, олардың цифрлық құзыреттерін дамыту арқылы еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге елеулі үлес қосты. Жоба аясында құрылған Mangystau Zhastary мобильді

қосымшасы мен өткізілген білім беру іс-шаралары жастардың білім беру, кәсіби даму және жұмыспен қамту мүмкіндіктеріне қолжетімділігін кеңейтті.

Әлеуметтік әсері жастардың IT-сауаттылық деңгейінің артуынан, цифрлық мәдениеттің қалыптасуынан және әлеуметтік белсенділіктің күшеюінен көрінді. Жастардың білім беру және кәсіби ортаға тартылуы олардың қоғамға интеграциялануына, өзін-өзі дамытуға және өмір сапасының жақсаруына ықпал етті.

Экономикалық әсері өңір жастарының еңбек нарығына бейімделуінің жақсаруымен, IT және цифрлық салаларда жұмыспен қамтылу әлеуетінің артуымен сипатталады. Хакатондар, менторлық кездесулер және өңірлік конкурс барысында ұсынылған жобалар мен инновациялық идеялар кәсіпкерлік бастамаларды дамытуға және өңірдің инновациялық экономикасына серпін беруге негіз қалады.

Сонымен қатар, жоба нәтижесінде қалыптасқан аналитикалық деректер мен жастардың цифрлық белсенділігі туралы ақпарат мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларды жоспарлау барысында дәлелді база ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Осылайша, жоба Маңғыстау облысында адами капиталдың сапасын арттыруға, жастардың экономикалық дербестігін нығайтуға және өңірдің ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал етті.

Жобаның жүзеге асырылуын растаушы құжаттар келесі сілтемеде:

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1Myx4jLPZJsEz0tFs5ia28oipmElkxQ5w>

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «ЖАСЫЛ МЕКТЕП TAZA.LIKEE» қоғамдық қоры

Басым бағыттың атауы: «Жастар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру»

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1-міндет. Жас эко-белсенділерге кемінде 300 000 теңге көлемінде 10 шағын грант ұсыну.

1 Іс-шара. Жас эко-белсенділерге арналған шағын гранттар байқауын ұйымдастыру және өткізу

Шағын гранттар байқауының бірінші кезеңі 16–30 шілде аралығында өтті. Алайда өтінімдердің жеткіліксіз түсуіне байланысты Маңғыстау облысының Жастар саясаты басқармасына өтінім қабылдау мерзімін 6 тамызға дейін ұзарту жөнінде ресми өтініш жолданды.

Өтініш қаралғаннан кейін байқау мерзімі ресми түрде ұзартылды, ал кейіннен қатысушылардың кең ауқымын қамту мақсатында өтінім қабылдау мерзімі қайтадан — 21 тамызға дейін ұзартылды. Қабылданған шаралар жеткілікті қатысушыларды тартуға мүмкіндік берді.

Өтінім қабылдау мерзімі ұзартылғаннан кейін қажетті өтінімдер саны жиналып, барлығы жеке тұлғалардан 54 жоба келіп түсті. 2025 жылғы 26 тамызда конкурстық комиссияның отырысы өтіп, барлық өтінімдер белгіленген критерийлерге сәйкес қаралды.

Әлеуметтік желідегі анонс жарияланымдар:

https://www.instagram.com/p/DMKC-CPILOk/?img_index=1

https://www.instagram.com/p/DMKEWiHMP3A/?img_index=1

<https://www.instagram.com/p/DMxvPVeMEjR/>

<https://www.instagram.com/p/DMxvcjrsTFy/>

Шағын гранттар ережесі «Маңғыстау облысының жастар саясаты жөніндегі басқарма» басышымен келісіліп жасалды. Өтінім 16 шілдеден – 21 тамызға дейін қабылданды. 26 тамыз күні конкурс комиссиясының отырысы өтті. Протокол негізінде 54 өтінім қаралып, барлық жобалар бекітілген критерийлерге сәйкес қаралып, бағаланды. Қорытындылар шығарылып, 10 жеңімпазды ұсынады.

Конкурс жеңімпаздары:

Сахи Нурдаулет — «Бір батарейка — таза табиғатқа бір қадам»

Агаджанова Сагира Джилибековна — «Жасыл өнер — Жастар болашағы үшін»

Воробьева Арина Максимовна — «Эко Болашақ»

Сәбит Қаржабайұлы — «Эко Сквид Гейм»

Оразалин Елдос Берікұлы — «Қағаз ізі»

Асанова Алия Кенжебековна — «Эко DAY»

Атажан Дильназ — «EcoStory: Жастар көзімен»

Жаулиев Нұржан Темірханұлы — «Ақшұқыр ауылына теңіз жағасына әжетхана және қоқыс жәшігін орнату»

Ғалымжанұлы Ғарифулла — «Қалдықтан — табысқа»

Абдиева Айгерим Жакияевна — «EcoOmig»

Әлеуметтік желідегі жарияланымдар:

<https://www.instagram.com/p/DN2QRjUUK1r/>

<https://www.instagram.com/p/DN-Iwr2iF6A/>

<https://www.instagram.com/p/DOGFm6YCHK/>

2 іс-шара. Шағын гранттарды іске асыру

Шағын гранттарды іске асыру жөніндегі есеп

Шағын гранттардың мақсаты жас эко-белсенділердің экологиялық бастамаларын іске асыру үшін қаржылық қолдау көрсету болды. Шағын гранттар байқауы аясында 10 жоба жеңімпаз деп танылып, өз бастамаларын жүзеге асыру үшін қаржылай қолдау алды. Жобалардың тақырыптары өңірдегі

әлеуметтік, білім беру және экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған әртүрлі бағыттарды қамтыды. Барлық жобалар жоспарланған мерзімде сапалы жүзеге асырылып, нақты практикалық нәтижелерге қол жеткізілді.

Бастапқы кезеңде туындаған қиындықтарға қарамастан, барлық 10 жоба сәтті іске асырылды. Өткізілген іс-шаралар гранттық бағдарламаның мақсаттарына толық сәйкес келіп, экологиялық, әлеуметтік және білім беру саласындағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталды. Жоспарланған және нақты жүзеге асырылған гранттар саны бірдей — 10. Барлық жұмыстар Маңғыстау облысының Жастар саясаты басқармасымен келісілген белгіленген мерзімдерде аяқталды. Бұл жоба қатысушыларының ұйымдастырушылық деңгейінің, жауапкершілігінің және тиімділігінің жоғары екенін көрсетті.

Шағын гранттар бағдарламасының жүзеге асырылуы жастардың экологиялық тақырыптарға жоғары қызығушылығын және экологиялық мәселелерді шешуге белсенді қатысуға дайын екенін көрсетті. Жеңімпаз жобалар экологиялық ағарту, көгалдандыру, қалдықтарды бөлек жинау және қайта өңдеу сияқты бағыттарды қамтыды. Көптеген бастамалар гранттық кезең аяқталғаннан кейін де өз қызметін жалғастырып келеді. Анықталған негізгі қиындықтар қатарында қатысушылардың жобаларды басқару және есеп жүргізу тәжірибесінің жеткіліксіздігі, сондай-ақ іске асыру мерзімдерінің қысқалығы болды. Жалпы алғанда, бағдарлама жастар арасындағы эко-қозғалысты дамыту және өңірде экологиялық мәдениетті қалыптастыру тұрғысынан өзектілігін дәлелдеді.

Шағын гранттар есебінің сілтемесі:

<https://drive.google.com/drive/folders/16qntM7HnA0pHDVYaRuVZijAROeuSymVh>

Әлеуметтік желі және БАҚ-қа сілтеме:

<https://www.lada.kz/ecology/ecology/141071-300-tysiach-tenge-za-ideiu-konkurs-dlia-molodykh-ekoaktivistov-startoval-v-mangistau.html>

https://www.instagram.com/p/DPNyBhLDPHe/?img_index=1

<https://www.instagram.com/p/DPoy9QyjTA2/>

https://www.instagram.com/p/DQoso62CAs6/?img_index=1

https://www.instagram.com/p/DQraGqGCAMr/?img_index=1

https://www.instagram.com/p/DQtO4cSiLEw/?img_index=1

https://www.instagram.com/p/DQvusXyiFPP/?img_index=1

https://www.instagram.com/p/DQzSMiniGzI/?img_index=1

<https://www.instagram.com/p/DQ4JzGuCFKY/>

https://www.instagram.com/p/DQ4DwR9CPuv/?img_index=1

<https://www.instagram.com/p/DQ634vECD92/>

2 міндет. Маңғыстау жастарына арналған кемінде 7 анимациялық эко-сабақты (мемлекеттік және орыс тілдерінде) әзірлеу және тарату

1 іс-шара. Жастарға арналған қазақ және орыс тілдерінде кемінде 7 анимациялық эко-сабақты әзірлеу және тарату

Анимациялық бейнероликтерді әзірлеу және таратудағы негізгі мақсат — өңір ерекшеліктеріне бейімделген, қолжетімді, көрнекі әрі эмоциялық тұрғыдан қызықты формат арқылы жастар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру болды.

Бейнероликтер мемлекеттік тілде дыбысталып, бұл Маңғыстау облысының жастары арасында кеңінен қабылдануына, дұрыс түсінілуіне және жоғары деңгейде қызығушылық тудыруына мүмкіндік берді. Аталған шешім қаралым санының артуына және мақсатты аудитория тарапынан оң кері байланыстың көбеюіне елеулі ықпал етті.

Анимациялық роликтердің сюжеттері өңірдегі өзекті экологиялық мәселелерді ескере отырып әзірленді, оның ішінде:

- тұщы су тапшылығы және суды үнемді пайдалану қажеттілігі;
- экологиялық тұрғыдан орнықты туризмді дамыту;
- қалдықтардың жиналуы мәселесі және оларды сұрыптаудың маңыздылығы;
- жерді ластанудан қорғау;
- ағаштардың «планетаның өкпесі» ретіндегі рөлі және жасыл желектерді сақтау қажеттілігі;
- көміртек ізі: адамның күнделікті әрекеттерінің климатқа әсері;
- экологиялық өмір салты: тұрақты тұтынуға алғашқы қадамдарды неден бастау және қалай жүзеге асыру.

Жарқын визуалдық шешімдердің, қарапайым әрі түсінікті тілдің және жергілікті тақырыптың арқасында бейнероликтер жастар арасында үлкен қызығушылық тудырды, білім беру ортасында талқылау нысанына айналды және нақты практикалық әрекеттерге — қалдықтарды бөлек жинауға қатысуға, табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалануға ынталандырды.

Аталған іс-шара заманауи мультимедиялық форматтардың экологиялық ағарту мен тұрақты әдеттерді қалыптастыруда тиімді құрал болатынын дәлелдеді.

Жоба аясында жастарға арналған қазақ және орыс тілдерінде 7 анимациялық эко-сабақ әзірленіп, кеңінен таратылды. Әрбір бейнеролик заманауи анимациялық форматта, динамикалық мазмұнда және екі тілде дыбысталып жасалды. Бұл материалдардың жастар үшін түсінікті әрі тартымды болуына мүмкіндік берді.

Әлеуметтік желілер мен бейнеплатформаларда (YouTube, Instagram, Facebook) жарияланғаннан кейін анимациялық роликтер кең көлемде оң пікірге ие болды. Жоспарлы көрсеткіш 2 000 қаралымды құрағанымен, бейнероликтер жалпы саны 8 010 қаралым жинады. Бұл жоспарланған индикатордың 300,5%-ға артығымен орындалғанын көрсетеді және аудитория тарапынан жоғары қызығушылық пен экологиялық ағартуда таңдалған форматтың тиімділігін дәлелдейді.

Жастар бейнероликтердің қызықты форматын және ақпараттың қолжетімді, түсінікті түрде ұсынылуын ерекше атап өтті. Жоба барлық жоспарланған міндеттерді толық орындап, экологиялық ағартудың тиімді құралына айналды.

Анимациялық бейнесабақтарды іске асыру экологиялық ағарту құралы ретінде жоғары нәтижелілігін көрсетті. Жоспарланған қамтудың едәуір асып түсуі тақырыптың өзектілігін және форматтың мақсатты аудитория үшін тартымдылығын растады. Сапалы визуалдық шешімдер, екі тілде ұсынылуы және жастар аудиториясына бағытталуы материалдарға деген қызығушылықты ғана емес, экологиялық күн тәртібіне тұрақты түрде тартылуды қамтамасыз етті.

Жоба анимацияның тек ақпарат жеткізу құралы ғана емес, экологиялық мәдениетті қалыптастырудың тиімді тәсілі екенін көрсетті. Алдағы уақытта бұл бағытты тақырып аясын кеңейту, интерактивті элементтерді енгізу және білім беру платформаларымен әріптестік орнату арқылы дамыту орынды деп есептеледі.

https://drive.google.com/drive/folders/1xJPH5qwQ_uaX7cu3rCxNkmY9tdlKcpEM

3 міндет. Маңғыстау облысында кемінде 1000 жасты қамти отырып, тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу объектілерінің кемінде 10 таныстырылымын ұйымдастыру

1 іс-шара. Тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу объектілерінің кемінде 10 таныстырылымын ұйымдастыру

«Қалдықтардың жолы: қоқыстан – ресурсқа»

Экскурсия-таныстырылымдарды өткізудегі негізгі мақсат — жастарда тұрмыстық қатты қалдықтармен жұмыс істеудің толық циклі жөнінде практикалық түсінік қалыптастыру, яғни қалдықтарды жинаудан бастап оларды әрі қарай қайта өңдеуге дайындау кезеңіне дейінгі процесті көрсету болды.

Іс-шара барысында қатысушылар «Таза.Likee» ЖШС кәсіпорнының нақты өндірістік қызметімен көзбен танысты. Аталған кәсіпорында:

- қалдықтарды түрлері бойынша қабылдау және сұрыптау;
- макулатура мен пластикті престоу;
- пластикті ішінара қайта өңдеу (оның ішінде ұсақтау);
- қайталама шикізатты әрі қарай өңдеу үшін басқа өңірлер мен жақын шетел елдеріне жөнелту жүзеге асырылады.

Экскурсия-таныстырылымдарды ұйымдастыру

Жоба аясында тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеуге маманданған «Таза.Likee» ЖШС өндірістік базасына барлығы 23 танымдық экскурсия-таныстырылым өткізілді. Іс-шаралар бекітілген кестеге сәйкес 2025 жылғы 19 қыркүйек пен 21 қазан аралығында ұйымдастырылды.

Ұйымдастыру жұмыстары мыналарды қамтыды:

- алдын ала жоспарлау;
- қатысушылар топтарын қалыптастыру;
- білім беру ұйымдарымен экскурсия кестесін келісу;
- қатысушыларды көлікпен қамтамасыз ету.

Әрбір топ үшін жеке маршрут әзірленді, ал бірыңғай бағдарлама келесі бөлімдерден тұрды:

- қалдықтарды жинау, сұрыптау және ішінара қайта өңдеу процестерімен таныстыру;
- өндірістік жабдықтарды көрсету;
- кәсіпорын мамандарының қайта өңдеу кезеңдері бойынша түсіндірмелері.

Экскурсия басталар алдында барлық қатысушылар міндетті түрде қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамадан өтті. Қауіпсіздік пен тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында:

- топтарды оқытушылар немесе кураторлар алып жүрді;
- кәсіпорын аумағында компания қызметкерлері кезекшілік етті;
- балаларды жеткізу полиция қызметкерлерінің сүйемелдеуімен ұйымдастырылған көлік арқылы жүзеге асырылды.

Негізгі экскурсиялық бағдарлама аяқталғаннан кейін қатысушылар практикалық бөлімге қатысу мүмкіндігіне ие болды — Велоспредердің педальдарын айналдырып, пластикті ұсақтау процесін тікелей бақылап көрді.

Қамту көрсеткіші — 1124 жас (14–35 жас аралығы).

Талдау: «Экскурсия-таныстырылымдар»

Жоба аясында «Таза.Likee» ЖШС өндірістік базасында барлығы 23 экскурсия-таныстырылым өткізілді. Жоспарланған қамту 1000 адамды құраса, нақты қатысушылар саны 1124 адам болды, бұл жоспарлы көрсеткіштен 12,4%-ға жоғары. Бұл жастардың экологиялық тақырыптарға деген жоғары қызығушылығын және қатысушыларды тарту бойынша жүргізілген жұмыстың тиімділігін көрсетеді.

Қатысушылар қалдықтарды сұрыптау және ішінара қайта өңдеу процестерімен танысып қана қоймай, алынған қайталама шикізаттың басқа өңірлер мен көршілес елдерге әрі қарай өңдеуге жөнелтілетінін білді. Кейбір топтар фураларға шикізат тиеу сәтіне куә болып, материалдарды тасымалдауға дайындаудың нақты процесін көру мүмкіндігіне ие болды.

Жобаның негізгі индикаторлары толық орындалып қана қоймай, артығымен орындалды. Бұл жастардың экология, қалдықтарды көрнекі әрі практикалық түрде қайта өңдеу тақырыбына деген қызығушылығының жоғары екенін тағы да растады

<https://drive.google.com/drive/folders/1crB2kx2AMNvw2l-Yso771GcgJNQ4OeUd>

4 міндет. Жастар арасында экологиялық сауаттылықты арттыруға бағытталған 1 хақатон өткізу.

1 іс шара. «Болашақ – біздің қолымызда» эко-хақатоны:

- ашылу рәсімі және спикердің мотивациялық сөзі;
- эко-фест аясында командаларды қалыптастыру және өзекті мәселелерді таңдау;
- жобалармен жұмыс және стратегиялық сессия өткізу;
- идеяларды қорғау және жеңімпаздарды марапаттау.

Іс-шараның мақсаты «Болашақ – біздің қолымызда» эко-хақатонның өткізу арқылы жастарды өзекті өңірлік экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған ІТ және цифрлық шешімдер әзірлеуге тарту. Атап айтқанда: ауа мен су ластануы, қалдықтар мәселесі, биоәртүрліліктің жойылуы, Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі, балалар арасындағы ЗПП/ЗРР көрсеткіштерінің артуы.

«Болашақ – біздің қолымызда» эко-хақатоны 2025 жылғы 29 шілдеде Маңғыстау облысында өтті. Іс-шара Ақтау қаласында, Grant Hotel Victory қонақүйінде ұйымдастырылды. Хақатонға 50 қатысушы (18 команда) қатысты.

Mangystau Hub қатысушылары (14–35 жас аралығы) конкурстық іріктеу негізінде таңдалды. Қатысуға шақыру қорының әлеуметтік желілері арқылы жарияланып, ІТ саласына қызығушылық танытқан жастар өтінімдер жолдады. Командалар өзін-өзі анықтау қағидаты бойынша құрылды: қатысушылар арнайы сауалнамалар толтырып, қай командаға қосылғысы келетінін өздері таңдады. Бұл тәсіл саналы таңдау жасауға, бастамашылдықтың артуына және жобаның алғашқы кезеңінен бастап жайлы жұмыс атмосферасын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Ашылу барысында ұйымдастырушылар эко-хақатонның мақсаттары мен міндеттерін таныстырып, экологиялық тақырыптарды цифрлық технологиялар саласына енгізудің маңыздылығын атап өтті. Шақырылған спикер стратегиялық сессия өткізіп, оның аясында қатысушылар Маңғыстау облысындағы экологиялық жағдайды және «жасыл» ІТ-шешімдердің жаһандық даму үрдістерін талқылады.

Кіріспе бөлімнен кейін қатысушылар командаларға бірігіп, өңірдің өзекті экологиялық мәселелерін шешуге бағытталған ІТ-жобаларды әзірлеуге кірісті. Командалар ресурстарды ұтымды пайдалану, қалдықтарды қайта өңдеу және көміртек ізін азайту тақырыптарын қамтитын цифрлық шешімдердің прототиптері мен таныстырылымдарын дайындады.

Жобаларды қорғау қорытындысы бойынша комиссия қатысушылардың дайындық деңгейі мен креативтілігін жоғары бағалады. Өрбір команда әлеуметтік маңызы бар өзекті бастамаларды ұсынғандықтан, жеңімпаздарды анықтау жоғары бәсекелестік жағдайында өтті.

Бағалау нәтижесінде үш жеңімпаз анықталды:

- 1-орын — «Eco Life» командасы, «ECO JEM» жобасы үшін 250 000 теңге;
- 2-орын — «CCDB» командасы, «Eco Jet» жобасы үшін 150 000 теңге;
- 3-орын — «Eco Impact» командасы, «Tabigat» жобасы үшін 100 000 теңге.

Барлық қатысушыларға өңірдегі экологиялық бастамаларды дамытуға қосқан үлесі үшін алғыс хаттар табысталды.

Эко-хақатонның өткізілуі жобалық және командалық жұмыс форматының жастарды экологиялық бастамаларға тартудағы тиімділігін растады. Экология мен ІТ бағытын ұштастыру қатысушыларға қоршаған орта мәселелеріне инновациялар мен заманауи технологиялар тұрғысынан қарауға мүмкіндік берді. Іс-шара практикалық дағдыларды дамытуға, көшбасшылық қасиеттерді нығайтуға және экологиялық мәселелердің цифрлық шешімдер арқылы шешілетінін түсінуге ықпал етті.

Ұсынылған идеялардың жоғары деңгейі өңір жастарының эко-технологиялар саласындағы әлеуетінің зор екенін көрсетті. Қатысушылар жауапкершілік, креативтілік және алған білімдерін практикада қолдануға дайын екенін танытты. Эко-хакатонның нәтижесінде болашағы зор жобалар анықталып қана қоймай, «жасыл» цифрлық бастамаларды дамытуға мүдделі жас мамандар қауымдастығы қалыптасты.

Әлеуметтік желіге жарияланымдар:

https://www.instagram.com/p/DNAY_frsgxc/?img_index=1

<https://www.instagram.com/p/DNXjj5dsyqw/>

<https://drive.google.com/drive/folders/1edVAgbvOIZyxZ0H6dECEhO8ovvcPz-xY>

5 міндет. Маңғыстау жастары үшін кемінде 2 эко-фестиваль ұйымдастыру **1 іс шара 1. «EcoFuture Mangystau» — экологиялық квест-фестиваль**

«EcoFuture Mangystau» фестивалінің мақсаты

«EcoFuture Mangystau» фестивалі жастарды өңір мен планетаның болашағы туралы диалогқа тарту арқылы экологиялық сананы оятуға бағытталды. Фестивальдің мақсаты — қоршаған орта алдындағы жеке жауапкершілікті сезінуге жағдай жасау, күнделікті шешімдердің экологиялық әл-ауқатқа әсерін көрсету және тұрақты өмір салтына шабыттандыру.

Эко-фестиваль **2025 жылғы 9 тамызда**, сағат **18:00–21:00** аралығында **Ақтау қаласы, 9-шағынаудан, «I LOVE АҚТАУ»** алаңында өтті.

Фестиваль экологиялық сауаттылықты арттыруға және жастарда тұрақты экологиялық дағдыларды қалыптастыруға арналған интерактивті алаңға айналды. Іс-шара жастарды, еріктілерді, қолөнер шеберлерін және қала тұрғындарын экология мен орнықты даму тақырыбында біріктірді.

Фестиваль қатысушыларды тіркеуден (7 команда) және музыкалық сүйемелдеуден басталып, «Балбырауын» тобының орындауындағы «Құрманғазы» композициясымен жалғасты. Жүргізуші фестивальдің миссиясын — табиғатқа ұқыпты қарауды шығармашылық, мәдениет және бірлескен әрекеттер арқылы насихаттау екенін атап өтті.

Фестиваль серіктестері ретінде Маңғыстау облысының қолөнершілер қауымдастығы (жетекшісі — Марина Ундина) таныстырылып, Art Yard бағыты ұсынылды.

Эко-квест аясында бес тақырыптық станция жұмыс істеді:

1. «Дұрыс сұрыпта» — қалдықтарды бөлек жинау;
2. «Тап» — экологиялық викторина;
3. «Вело-шредер» — пластик қақпақтарды ұсақтау;
4. «Таза Каспий» — теңіздердің ластануы туралы интерактив;
5. «Табиғатқа тілек» — экологиялық тілектер ағашы.

Қонақтар этно-киіз үйге кіріп, табиғи және қайта өңделген материалдардан жасалған бұйымдармен танысып, эко-білезік жасау, сөмке бояу және аппликация жасау бойынша шеберлік сабақтарына қатысты.

Эко-квест қорытындысы бойынша 4 үздік команда анықталып, экологиялық сыйлықтармен марапатталды. Барлық еріктілер мен белсенді қатысушыларға алғыс хаттар табысталды.

Фестиваль экологиялық ағартуда тиімді құрал екенін көрсетті. Сауалнама нәтижесінде қатысушылардың **70%-дан астамы** фестивальге жоғары баға беріп, оның мазмұндылығы мен атмосферасын атап өтті. Іс-шара жастарда тұрақты экологиялық әдеттерді қалыптастыруға ықпал етті. Әлеуметтік желідегі жарияланымдар:

<https://www.instagram.com/p/DM7iCkgsCrh/>

<https://www.instagram.com/p/DM7h3VcsO9X/>
<https://www.instagram.com/p/DNNGyeUMbGA/>
<https://drive.google.com/drive/folders/1j2ErO0ZBtBcXNV-pJwNR-gmjng-fr6Va>

2 іс-шара. «Жасыл толқын» — жастарға арналған эко-фестиваль

«Жасыл толқын» эко-фестивалі **2025 жылғы 13 қыркүйекте**, сағат **16:00–19:00** аралығында Ақтау қаласының 9-шағын ауданында, «I LOVE АҚТАУ» мүсіндік композициясының жанында өтті.

Фестиваль экология, шығармашылық және белсенді демалысты біріктірген ашық қалалық іс-шара болды. Фестивальға 5 адамнан тұратын 4 команда, сонымен қатар қызығушылық танытқан қала тұрғындары қатынасты.

Бағдарламада:

- дармарка (зат алмасу аймағы);
- апсайклинг шеберлік сабақтары;
- фотозона;
- командалық эко-ойындар;
- эко-маркет;
- вело-шредер аймағы қамтылды.

Командалық эко-ойындар қорытындысы бойынша 3 команда жеңімпаз атанып, экологиялық сыйлықтармен марапатталды. Барлық командалар мен еріктілерге алғыс хаттар табысталды.

Фестиваль интерактивті форматтардың жастарды экологиялық бастамаларға тартудағы тиімділігін дәлелдеді. Қатысушылардың 70%-дан астамы іс-шарадан жағымды әсер алғанын атап өтті. Әсіресе вело-шредер мен командалық ойындар үлкен қызығушылық тудырды. Фестиваль жастарды одан әрі экологиялық белсенділікке шабыттандырды.

<https://www.instagram.com/p/DOK9UwKCKfH/>
<https://www.instagram.com/p/DOK9unXCKHT/>
<https://www.instagram.com/p/DOk02HkiPyZ/>

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы

1 іс-шара: Жобаны іске асыру туралы қорытынды жария презентация.

«Табиғатты қорғау-Жастардың миссиясы» мемлекеттік гранты аясындағы қорытынды онлайн-жария презентация 19 қараша күні Zoom платформасында өткізілді. Презентация барысында жоба нәтижелері, қол жеткізілген көрсеткіштер мен негізгі жетістіктер туралы жан-жақты ақпарат ұсынылды.

Жалпы жоба бойынша пре-пост сауалнама өткізілді. Жалпы жоба қатысушылары бойынша 1200-ден астам қатысушы сауалнамадан өтті.

Пре сауалнамада қатысушылардың 48,6% - Экологиялық сауаттылық жайлы білмеді.

Жоба аясында өткен іс-шаралардың нәтижесінде пост сауалнамада- Экологиялық сауаттылығы артты деп ойлайтын қатысушылар саны- 45,7% өсті. Бұл дегеніміз жобаның нәтижелі көрінісі.

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс

Жобаны іске асыру барысы шарт талаптарына сәйкес тұрақты түрде ақпараттандырылып отырды. Ақпараттық сүйемелдеу 2025 жылғы маусым–қараша айлары аралығында жүзеге асырылды.

Осы бағытта:

- медиа-жоспар әзірленіп, бекітілді;
- әлеуметтік желілерде жобаның барысы туралы ақпараттар жарияланып отырды;
- әлеуметтік желілер бойынша 1 қорытынды дайджест дайындалып, ұсынылды.

Ақпараттық жұмыс жобаның ашықтығын қамтамасыз етуге, жастар мен жұртшылықтың қызығушылығын арттыруға және жобаның экологиялық маңызын кеңінен таратуға мүмкіндік берді. Бұл бағыттағы барлық іс-шаралар уақытылы және толық көлемде орындалды

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

«Табиғатты қорғау – Жастардың миссиясы» мемлекеттік гранты аясында жүзеге асырылған әлеуметтік жоба қойылған мақсаттар мен міндеттерге толық көлемде қол жеткізді. Жоба Маңғыстау облысы жастарының экологиялық сауаттылығын арттыруға, экологиялық бастамаларды қолдауға және жастардың өңірдегі экологиялық мәселелерді шешуге белсенді қатысуына бағытталды.

Жобаны іске асыру барысында:

- жас эко-белсенділерге арналған 10 шағын грант ұсынылып, барлық гранттар толық әрі сапалы түрде іске асырылды;
- жастарға арналған 7 анимациялық эко-сабақ (қазақ және орыс тілдерінде) әзірленіп, кең көлемде таратылды, нәтижесінде жоспарланған көрсеткіш 3 еседен астам орындалды;
- тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу объектілерінде 23 экскурсия-таныстырылым өткізіліп, 1124 жас қамтылды;
- жастар арасында экологиялық сауаттылықты арттыруға бағытталған 1 эко-хакатон ұйымдастырылып, экология мен IT-ді біріктірген инновациялық идеялар ұсынылды;
- Маңғыстау жастары үшін 2 эко-фестиваль өткізіліп, интерактивті форматтар арқылы тұрақты экологиялық дағдыларды қалыптастыруға ықпал етілді.

Жоба аясында жүргізілген пре және пост сауалнамалардың нәтижелері оның тиімділігін нақты дәлелдеді: бастапқы кезеңде экологиялық сауаттылық туралы хабардар емес қатысушылар үлесі 48,6% болса, жобадан кейін экологиялық сауаттылығы артты деп есептейтін қатысушылар саны 45,7%-ға өсті. Бұл көрсеткіштер жобаның жастардың көзқарасы мен мінез-құлқына нақты оң әсер еткенін көрсетеді.

Ақпараттық сүйемелдеу тұрақты түрде жүргізіліп, жобаның ашықтығы мен қоғамдық қолжетімділігі қамтамасыз етілді. Әлеуметтік желілер мен БАҚ арқылы кең ақпараттық қамту жүзеге асырылып, экологиялық күн тәртібі жастар арасында кеңінен таралды.

Қорытындылай келе, жоба экологиялық ағарту, жастар бастамаларын қолдау және өңірде экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында өз мақсаттарына толық жетіп, әлеуметтік маңызы жоғары, тұрақты нәтижелерге қол жеткізді.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Жоба аясында негізгі мақсатқа қол жеткізілді — жастар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру және азаматтық жауапкершілік деңгейін арттыру. Қатысушылар табиғатты қорғау қызметіне белсенділік, қызығушылық және дайындық танытты, бұл экологиялық сауаттылықтың артқанын және орнықты өмір салтына деген ынтаның күшейгенін көрсетеді.

Жоба жастардың экологиялық ойлауын дамытуға, практикалық дағдыларын қалыптастыруға және қоршаған ортаны сақтауда жеке үлестің маңыздылығын түсінуге ықпал етті. Өзара іс-қимылдың әртүрлі форматтарының арқасында кең аудитория қамтылып, диалог орнатуға, тәжірибе алмасуға және экологиялық құндылықтарға бағытталған қауымдастық қалыптастыруға жағдай жасалды.

Қалыптасқан білім, дағдылар мен ұстанымдар өңірдегі экологиялық жағдайға ұзақ мерзімді оң әсер етудің негізін қалап, жастардың өзекті экологиялық мәселелерді шешуге белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: Ауытқу орын алған жоқ.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Анимациялық бейнероликтерді әзірлеу және таратуға бағытталған жоба бүкіл бастаманың ең жарқын әрі ең нәтижелі бағытына айналды. Оның табысы күтілген нәтижеден айтарлықтай асып түсті: қаралым саны ұқсас жобалардың орташа көрсеткішінен 305%-ға жоғары болды. Бұл таңдалған форматтың жоғары сұранысқа ие, өзекті және тиімді екенін айқын көрсетеді. Анимациялық роликтер визуалдық тартымдылықты, қолжетімді тілді және мазмұнның тереңдігін үйлестіре отырып, экологиялық идеяларды мектеп оқушыларынан бастап жас мамандарға дейінгі кең аудиторияға жеткізуге мүмкіндік берді. Дұрыс жоспарланған тарату стратегиясы мен сапалы іске асырудың арқасында контент вирустық сипат алып, әлеуметтік желілерде кеңінен таралды және білім беру ортасында белсенді қолданылуда.

Жоғарыда келтірілген көрсеткіштерді — қамтудың айтарлықтай артуын (жоспарланған деңгейден 305%-ға жоғары), аудиторияның белсенді қатысуын, контенттің кең көлемде таралуын және оң кері байланысты — ескере отырып, дәл осы жоба экология тақырыбына қоғамдық қызығушылықты арттырған негізгі катализатор болды деп сенімді түрде айтуға болады. Жоба жастар арасында зор қызығушылық тудырып, тұрақты мінез-құлықтық өзгерістердің қалыптасуына ықпал етті және экологиялық ағартуда визуалдық форматтың жоғары тиімділігін көрсетті. Жобаның ауқымы, қамту деңгейі мен ықпалы оны орнықты даму саласындағы болашақ бастамалар үшін үлгі бола алатын заманауи ағартушылық тәжірибенің жарқын мысалы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат

1) гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
1224	627	597

2) санаттар бойынша әлеуметтік мәртебесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жасан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санагтар
1224	0	1167	0	57	0	0	0	0	0	0

3) жас ерекшелігінің көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
1224	420	740	36	18	10	0	0

3. Жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):

Жобаны іске асыру барысында сандық та, сапалық та тұрғыдан маңызды нәтижелерге қол жеткізілді.

Сандық көрсеткіштер:

Аудиторияны қамту: Жоба аясындағы іс-шараларға Маңғыстау облысынан 1500-ден астам жас қатысты. Олардың қатарында мектеп оқушылары, студенттер, еріктілер және жастар бірлестіктерінің өкілдері болды.

Анимациялық роликтер: Экологиялық анимациялық бейнематериалдар 8000-нан астам қаралым жинап, жоспарланған көрсеткіштен бірнеше есе жоғары нәтижеге қол жеткізді. Бұл форматтың экологиялық ағартуда және табиғатты қорғау тақырыбына қызығушылық қалыптастыруда жоғары тиімді екенін көрсетті.

«Болашақ – біздің қолымызда» эко-хакатоны: Хакатонға 50 жас (18 команда) қатысып, өңірдің экологиялық мәселелерін шешуге бағытталған технологиялық идеялар ұсынды. Бұл жастардың экологиялық мәселелерге жоғары деңгейде қанық екенін және қоршаған ортаны қорғауда цифрлық құралдарды қолдануға дайын екенін көрсетті.

«EcoFuture Mangystau» эко-фестивалі: Іс-шараға 200-ден астам адам қатысты. Интерактивті квесттер, шығармашылық шеберлік сабақтары және этно-аймақ арқылы қатысушылардың экологиялық сауаттылығы мен белсенділігі артты.

«Жасыл толқын» фестивалі: Фестивальге 200-ден астам қатысушы жиналып, зат алмасу алаңына, эко-бастамалармен танысуға және апсайклинг шеберлік сабақтарына қатысты. Іс-шара жастардың саналы тұтыну мен ресурстарды қайта пайдалану тақырыбына қызығушылығын күшейтті.

Экскурсия-таныстырылымдар: 1100-ден астам қатысушы өңірдегі экологиялық нысандар мен кәсіпорындарға барып, қалдықтарды қайта өңдеу және экологиялық технологиялар бойынша практикалық білім алды.

Сапалық нәтижелер:

Жастар арасында экологиялық сауаттылық пен хабардарлық деңгейі артты;

Командалық жұмыс, көшбасшылық және экологиялық жауапты мінез-құлық дағдылары қалыптасты;

Табиғатты қорғау және еріктілік бастамаларға қатысуға дайын белсенді жастар қауымдастығы кеңейді;

Жоба жастар ұйымдары, бизнес және мемлекеттік органдар арасындағы әріптестіктің дамуына ықпал етіп, бірлескен эко-жобаларды іске асырудың негізін қалады.

Жалпы алғанда, жоба өңірдегі экологиялық белсенділіктің катализаторына айналып, жоспарланған көрсеткіштерден асып түсті және жастардың экологиялық бастамаларын ұзақ мерзімді дамытуға берік негіз қалады.

Жобаны іске асыру жастардың экологиялық сауаттылығының төмендігі мен табиғатты қорғау мәселелеріндегі енжарлығы проблемасын шешуге елеулі ықпал етті. Ұзақ мерзімді перспективада жоба экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, табиғатқа жауапты көзқарасты дамытуға және жастар арасында орнықты әдеттердің кеңінен таралуына ықпал етеді. Болашақта эко-бастамаларға тартылған жастар санының артуы, азаматтық белсенділіктің өсуі және өңірде экологиялық еріктіліктің дамуы болжануда.

2) жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):

Жоба Маңғыстау облысы жастары арасында экологиялық сауаттылықтың төмендігі, экологиялық мінез-құлықтың жеткіліксіз қалыптасуы және қоршаған ортаны қорғау бастамаларына жастардың пассив қатысуы мәселесін шешуге бағытталды. Жобаны іске асыру нәтижесінде бұл проблемаға жүйелі әрі ұзақ мерзімді әсер ететін тетіктер қалыптасты.

Болжамды оң өзгерістер:

Жастар арасында экологиялық мәдениет пен жауапты мінез-құлықтың тұрақты қалыптасуы. Анимациялық сабақтар, фестивальдер, экскурсиялар мен хакатон арқылы алынған білім мен тәжірибе күнделікті өмірде (қалдықтарды бөлек жинау, ресурстарды үнемдеу, саналы тұтыну) қолданылатын әдеттерге айналады.

Экологиялық белсенді жастар қауымдастығының нығаюы. Шағын гранттар, эко-хакатон және фестивальдер нәтижесінде бастамашыл жастар тобы қалыптасып, олар жаңа экологиялық жобалардың инициаторлары мен волонтерлеріне айналады.

Экологиялық білімнің институционалдануы. Жоба аясында әзірленген анимациялық бейнесабақтар, әдістемелік материалдар және іс-шара форматтары білім беру және ағартушылық мақсатта алдағы уақытта да қолданылуға мүмкіндік береді.

Өңірдегі экологиялық жағдайға жанама оң әсер. Қалдықтарды сұрыптау мен қайта өңдеу тәжірибесінің кеңеюі қоршаған ортаға түсетін жүктемені азайтып, ұзақ мерзімде экологиялық тәуекелдердің төмендеуіне ықпал етеді.

Әлеуметтік-экономикалық әсер. Экология саласына қызығушылықтың артуы «жасыл» мамандықтар мен технологияларға бетбұрыс жасап, өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға және тұрақты даму бастамаларының көбеюіне негіз қалайды.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жоба нәтижелері халықтың экологиялық мәдениетінің артуынан, «жасыл» мамандықтар мен технологияларға деген қызығушылықтың өсуінен, сондай-ақ қалдықтарды бөлек жинау және қайта өңдеу тәжірибесін қалыптастыру арқылы қоршаған ортаға келетін жағымсыз әсердің азаюынан көрініс табады. Жоба әлеуметтік бірлікті нығайтуға және әртүрлі секторлар арасындағы әріптестікті дамытуға ықпал етті, бұл өз кезегінде өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттырып, экологиялық дамудың орнықты экожүйесін қалыптастыруға жағдай жасайды.

Жобаның жүзеге асырылуын растаушы құжаттар келесі сілтемеде:

<https://drive.google.com/drive/folders/1o-L60uw4ZJ2ORbG9ZYDxsgKVFMrdwAd5>

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Казахстанская Ассоциация Даму» заңды тұлғалар бірлестігі

Басым бағыттың атауы: «Маңғыстау облысында видеоөндіріс саласында кәсіби мамандарды даярлау»

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1-міндет. Кәсіби сценаристерді, операторлар мен монтажерлерді даярлауға бағытталған 2 мастер-класс ұйымдастыру және өткізу

1 іс-шара. Екі бағыт бойынша 2 мастер-класс ұйымдастыру және өткізу, тақырыптары таңдау бойынша:

«Бейнероликтің креативті концепциясы: идеядан раскадровкаға дейін», «Жарық пен дыбыс: кадрды қалай «қымбат» көрсетуге болады», TikTok және Reels: алгоритмдер, трендтер және вирустық контент түсіру және т.б. Жалпы қатысушылар саны: 80 жас.

2025 жылғы 3 тамызда Ақтау қаласында Қ. Сыдықов атындағы облыстық кітапхана (Креативті орталық) базасында өңірдің креативті индустрия өкілдері – жастарға арналған іс-шара ұйымдастырылып, өткізілді.

Іс-шара бағдарламасы аясында келесі екі практикалық мастер-класс өткізілді:

- «Бейнероликтің креативті концепциясы: идеядан раскадровкаға дейін»;

- «Жарық пен дыбыс: кадрды қалай “қымбат” көрсетуге болады», сондай-ақ TikTok пен Reels платформаларына арналған контент жасау, алгоритмдер, трендтер және вирустық бейне түсіру қағидалары.

Мастер-класстардың спикерлері ретінде шақырылған мамандар:

Бұхар Марат — сценарист және продюсер,

Ерғазиев Амангелді — режиссер-қоюшы.

Іс-шара барысында қатысушылар сценарий жазу, визуалды ойлау, жарық пен дыбыспен жұмыс істеу, сондай-ақ цифрлық платформаларға арналған бәсекеге қабілетті бейнеконтент жасау бойынша практикалық құралдар алды. Мастер-класстар жастардың шығармашылық әлеуетін арттыруға және бейнеөндіріс саласындағы кәсіби дағдыларын дамытуға ықпал етті.

Өңірдегі танымал пабликтегі қорытынды жарияланым:

<https://www.instagram.com/p/DRmNr3MiJfx/>

2-міндет. Өңір сценаристері, операторлары мен монтажерлері арасында топтық конкурс ұйымдастыру және өткізу

1 іс-шара. «CREAVideo2025» қысқаметражды бейнероликтер конкурсын өткізу

Маңғыстау облысында креативті индустрия саласындағы дарынды жастарды анықтау және қолдау мақсатында «CREAVideo2025» қысқаметражды бейнероликтер конкурсы ұйымдастырылып, өткізілді.

Конкурс командалық форматта (3 адамға дейін) өтті. Қатысушыларға дрон, 3D, AR сияқты инновациялық технологияларды қолдана отырып, ұзақтығы 3 минутқа дейінгі қысқаметражды бейнеролик дайындау тапсырылды. Конкурстың тақырыбы: «Менің өңірім болашақта: технологиялар, адамдар, идеялар». Конкурстың жалпы жүлде қоры 1 500 000 теңгені құрады. Қазылар алқасының бағалау нәтижесі бойынша жеңімпаздар анықталды:

1 орын — «Арқан» фильмі

2 орын — «Өкініш Мәңгі» фильмі

3 орын — «Алда» фильмі

Конкурс өңірдегі креативті индустрияны дамытуға арналған маңызды алаңға айналып, заманауи бейнеконтент жасайтын жас авторларды қолдауға мүмкіндік берді. Өңірдегі танымал пабликтегі қорытынды жарияланым:

https://www.instagram.com/p/DRmNx_uCOHK/

3-міндет. Конкурс қорытындысы бойынша үздік жұмыстарды өңірдің танымал пабликтерінде жариялау

1 іс-шара. Конкурс қорытындысы бойынша үздік жұмыстарды өңірдің танымал пабликтерінде іріктеп жариялау (Lada.kz — жазылушылар саны 81 700, «Афиши Актау» — 95 100, inAktau — 27 000 және т.б.).

Үздік жұмыстардың жарияланым келесі танымал өңірлік пабликтерде жүзеге асырылды: **aqtau_live, zhanaozen_online, opannews.kz. Lada.kz** Атап айтқанда, «CREAVideo2025» конкурсында **1-орын алған «Арқан» қысқаметражды фильмі** төмендегі сілтемелер арқылы жарияланды:

<https://www.instagram.com/reel/DRPPQ-8DOw5/>

<https://www.instagram.com/reel/DRPQOXJjHck/>

<https://www.instagram.com/reel/DRPWoKvDKTO/>

<https://www.instagram.com/reel/DRJUqKcgopV/>

<https://www.instagram.com/reel/DRPoBFeglfR/>

<https://www.instagram.com/reel/DRPgZThDDOX/>

<https://www.instagram.com/reel/DRPL4M5jCdS/>

<https://www.instagram.com/reel/DRO9MW6DI22/>

<https://www.instagram.com/p/DRPoBFeglfR/>

Жарияланымдар жастар аудиториясы арасында кең ақпараттық қамту мен жоғары қызығушылықты қамтамасыз етті.

4-міндет. Өңір жастарына арналған мемлекеттік қолдау шаралары туралы 10 қысқа бейнеролик әзірлеу

1 іс-шар. Өңір жастарына арналған мемлекеттік қолдау шаралары туралы 10 қысқа бейнеролик әзірлеу (әр бейнеролик кемінде 5 000 қаралым жинауы тиіс).

Жобаны іске асыру аясында өңірде қолданыстағы мемлекеттік қолдау шаралары туралы жастардың хабардарлығын арттыру мақсатында 10 қысқа ақпараттық бейнероликтің сценарийлері әзірленіп, бейнематериалдар шығарылды. Дайын бейнероликтер 10 жетекші өңірлік ақпараттық пабликтерде, оның ішінде otpannews.kz, beuneutoday, ozen_sauda, 911akta, 112akta, zhanaozen_online және басқа да платформаларда жарияланды.

Бейнеконтенттің жариялануы кең ақпараттық қамтуды және жастар аудиториясының жоғары деңгейде тартылуын қамтамасыз етті, жалпы қаралым саны 93 000-нан асты.

Әлеуметтік жарияланымдарға сілтемелер:

- 1) <https://www.instagram.com/p/DRUXHHPDf0X/>
- 2) <https://www.instagram.com/p/DRUXXx2jV2w/>
- 3) <https://www.instagram.com/p/DRUXlkCDazL/>
- 4) <https://www.instagram.com/p/DRZsegtjdfm/>
- 5) <https://www.instagram.com/p/DRZ24xfDYla/>
- 6) <https://www.instagram.com/p/DRZ3Zd1jfMZ/>
- 7) <https://www.instagram.com/p/DRZ3m-jDejO/>
- 8) <https://www.instagram.com/p/DRZ4cuujT4N/>
- 9) <https://www.instagram.com/p/DRZ5P4dDW85/>
- 10) <https://www.instagram.com/p/DSCFO6CjQ3u/>

Өңірлік паблик жарияланымдарға сілтемелер:

1. <https://www.instagram.com/reel/DSCcInHiM4M/>
2. <https://www.instagram.com/reel/DSJ4wMeDAwZ/>
3. <https://www.instagram.com/reel/DSJ5HlejVfw/>
4. <https://www.instagram.com/reel/DSJ5cOXDP1v/>
5. <https://www.instagram.com/reel/DSKF0amjW9O/>
6. <https://www.instagram.com/reel/DSKMHQYgkZ5/>
7. <https://www.instagram.com/p/DSCFO6CjQ3u/>
8. <https://www.instagram.com/reel/DSCcInHiM4M/>
9. https://www.tiktok.com/@ozen_sauda/video/7582867071290051896
10. <https://www.instagram.com/reel/DRtug5HjGis/>

5-міндет. Сандық және сапалық көрсеткіштерге қол жеткізу

1 іс-шара 1. Маңғыстау облысында бейнеөндіріс саласы бойынша мамандарды даярлау арқылы креативті индустриядағы жастар үлесінің артқаны жөнінде ақпарат ұсыну.

Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес (ресми сайт: <https://stat.gov.kz>), соңғы жылдары Маңғыстау облысында жастардың қызмет көрсету, ақпарат, мәдениет және өзін-өзі жұмыспен қамту салаларына тартылуында оң динамика байқалуда. Аталған бағыттар жиынтығында креативті экономика сегментіне жатады.

Бұл салалар жастар тарапынан тұрақты қызығушылықтың артқанын, жобалық және икемді жұмыспен қамту үлесінің өскенін, сондай-ақ цифрлық, медиа және креативті қызмет форматтары арқылы кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерінің кеңейгенін көрсетеді.

Жобаны іске асыру аясында аталған макроүрдістер тәжірибелік және өлшенетін түрде расталды. Жоба өңірдің креативті индустриясындағы негізгі бағыттардың бірі — бейнеөндіріс саласында жастардың құзыреттерін дамытуға бағытталып, келесі сандық көрсеткіштерге қол жеткізді:

- 16–35 жас аралығындағы бейнеөндіріс пен медиа саласына қызығушылық танытқан 40-тан астам жас оқудан өтіп, практикалық даярлықтан өтті;

- жобаға қатысқан жастардың қатысуымен 10 авторлық бейнеөнім әзірленіп, жарияланды;

- үздік бейнежұмыстар өңірлік медиа-платформалар мен әлеуметтік желілерде орналастырылды;

- жоба қорытындысы бойынша бейнеөндіріс, креативті қызметтер, өзін-өзі жұмыспен қамту және жобалық жұмыс саласында қызметін жалғастырып жатқан жас креаторлардың тұрақты пулы қалыптасты.

Осылайша, жоба көрсеткіштері Маңғыстау облысының креативті индустриясына тартылған жастар санының нақты артқанын, сондай-ақ олардың белсенділігі, кәсіби құзыреттері мен медиакеңістіктегі қатысу деңгейінің өскенін дәлелдейді. Жобаның іске асырылуы өңірдің креативті экономикасын дамытуға арналған қолданбалы құралға айналып, Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының деректерін нысаналы топ деңгейіндегі нақты нәтижелермен толықтырды. Жобаның нәтижелері

- Маңғыстау облысы жастарының бейнеөндіріс саласына тартылу деңгейі артты;

- кәсіби дамуға дайын жас креаторлар пулы қалыптасты;

- жаңа бейнежобалардың пайда болуы есебінен жергілікті креативті экожүйе нығайтылды;

- медиакеңістіктегі жарияланымдар арқылы жас таланттардың танымалдығы артты;

- өңірдің креативті индустриясын дамыту үшін тұрақты алғышарттар қалыптастырылды.

Жобаны іске асыру **жоғары тиімділігін көрсетті**: Маңғыстау облысының жастары бейнеөндіріс саласына белсенді қызығушылық танытып, кәсіби білім мен практикалық дағдыларға ие болды. Бұл өз кезегінде өңірдің креативті индустриясындағы жас мамандар үлесінің артуына тікелей ықпал етті.

2 іс-шара. Жобаны талқылау және таныстыру, қоғам назарын аудару, жаңа қатысушылар мен серіктестерді тарту, сондай-ақ кері байланыс пен қолдау алу мақсатында онлайн іс-шаралар мен кездесулер ұйымдастыру.

Жобаны іске асыру нәтижесінде Маңғыстау облысында бейнеөндіріс саласындағы мамандарды қалыптастыру арқылы креативті индустрияға тартылған жастар үлесін арттыру мақсаты орындалды. Аталған бағыт бойынша статистикалық деректерді қамтитын бір есеп дайындалды.

Жобаны талқылау және таныстыру, қоғамдық назар аудару, жаңа қатысушылар мен серіктестерді тарту, сондай-ақ кері байланыс пен қолдау алу мақсатында онлайн форматта 2 іс-шара өткізілді. Әрбір онлайн-кездесуге жеке бағдарлама әзірленіп, қатысушылар тізімі жасалды.

Өткізу күні — 24 қараша, осы күні екі онлайн іс-шара өтті.

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы

1 іс-шара: Жоба нәтижесі бойынша презентация ұйымдастыру.

Жобаның қорытынды нәтижелерін жария түрде таныстыру 24 қараша күні Zoom платформасында онлайн форматта өтті. Іс-шара барысында жоба үйлестірушісі мастер-кластарды өткізу, CREAVideo2025 конкурсын ұйымдастыру, оқыту материалдарын әзірлеу және ақпараттық контент шығару сынды барлық кезеңдердің жүзеге асырылуы бойынша толық есеп ұсынды. Сонымен қатар шығармашылық командалардың жұмысы қорытындыланып, қатысушылардың үздік жобалары көрсетіліп, жеңімпаздардың жетістіктері атап өтілді.

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс

1 іс-шара. Жобаны іске асыру барысы туралы ақпараттық жұмыс

2025 жылдың маусым–қараша айлары аралығына контент-жоспар әзірленді. Жоба бойынша ақпараттық сүйемелдеу жүргізіліп, мақсатты аудиторияны қамту қамтамасыз етілді. Ақпараттық қолдаудың тиімділігін бағалау мақсатында мониторинг және бағалау жүйесі бойынша есеп дайындалды. Есепте қатысушылар мен аудитория тарапынан алынған оң пікірлерге негізделі отырып, ақпараттық жұмыстың тиімділік көрсеткіштеріне талдау жасалды.

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

Жобаның мақсаты — Маңғыстау облысында бейнеөндіріс саласы бойынша мамандарды қалыптастыру арқылы креативті индустриядағы жастар үлесін арттыру — толық көлемде жүзеге асырылды. Жобаны іске асыру барысында елдің жетекші мамандары Бұхар Марат пен Ерғазиев Амангелді қатысқан мастер-кластар өткізілді, сценаристер, операторлар және монтажерлер арасында «CREAVideo2025» өңірлік конкурсы ұйымдастырылды, жастарға арналған мемлекеттік қолдау шаралары туралы 10 ақпараттық бейнеролик әзірленді, сондай-ақ онлайн-кездесулер мен жобаның қорытынды презентациясы өткізілді.

Қатысушылардың барлығы іс-шаралардың жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын және қазылар алқасының жұмысы толықтай әділ әрі объективті болғанын атап өтті. Кері байланыс нәтижелерін талдау жастардың бейнеөндіріс саласына деген қызығушылығының артқанын, жаңа жобаларға қатысуға дайын екенін және кәсіби дамуға деген уәждемесінің күшейгенін көрсетті.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Жобаның негізгі мақсаты — Маңғыстау облысында бейнеөндіріс саласы бойынша мамандарды қалыптастыру арқылы креативті индустриядағы жастар үлесін арттыру — жоба аясында толық көлемде іске асырылды.

Мақсатқа қол жеткізу келесі нақты фактілер мен өлшенетін нәтижелер арқылы дәлелденеді:

Біріншіден, жоба аясында ел деңгейіндегі кәсіби мамандар — сценарист және продюсер Бұхар Марат, режиссер-қоюшы Ерғазиев Амангелді қатысқан 2 практикалық мастер-класс өткізілді. Нәтижесінде 16–35 жас аралығындағы 40-тан астам жас сценарий жазу, бейнетүсірілім, жарық пен дыбыс, монтаж және цифрлық платформаларға арналған контент өндіру бойынша нақты практикалық дағдыларға ие болды.

Екіншіден, өңірлік «CREAVideo2025» конкурсының өткізілуі жастардың креативті индустрияға белсенді қатысуына мүмкіндік берді. Конкурс аясында 6 шығармашылық команда қысқаметражды бейнежобалар әзірлеп, кәсіби қазылар алқасының бағалауынан өтті. Бұл жастардың алған білімдерін практикада қолданғанын және кәсіби ортаға енуін қамтамасыз етті.

Үшіншіден, жоба шеңберінде жастарға арналған мемлекеттік қолдау шаралары туралы 10 ақпараттық бейнеролик әзірленіп, жарияланды. Бейнематериалдар өңірдің жетекші ақпараттық пабликтерінде орналастырылып, жалпы қаралым саны 93 000-нан асты, бұл жобаның кең аудиторияға жеткенін және жастардың ақпараттану деңгейінің артқанын көрсетеді.

Төртіншіден, конкурс жеңімпаздары мен үздік жұмыстардың өңірлік медиа-платформаларда жариялануы жастардың танымалдылығын арттырып, олардың медиакеңістікте тұрақты қатысуына ықпал етті. Нәтижесінде бейнеөндіріс саласында қызметін жалғастырып жатқан жас креаторлардың тұрақты пулы қалыптасты. Бесіншіден, онлайн-кездесулер мен жобаның қорытынды презентациясы барысында алынған кері байланыс нәтижелері жастардың бейнеөндіріс саласына деген қызығушылығының артқанын, жаңа жобаларға қатысуға дайын екенін және кәсіби дамуға деген мотивациясының күшейгенін көрсетті.

Осылайша, жобаны іске асыру нәтижесінде жастардың креативті индустрияға тартылуы артты, бейнеөндіріс саласында нақты кәсіби дағдылар қалыптасты және өңірде креативті экономиканы дамытуға бағытталған тұрақты негіз қаланды. Бұл көрсеткіштер жобаның қойылған мақсатына толық қол жеткізілгенін дәлелдейді.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: Жоспардан ауытқу жоқ.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Жоба басталғанға дейін Маңғыстау облысының жастары сценарий жазу, бейнетүсірілім және монтаж салалары бойынша кәсіби білім алуға шектеулі мүмкіндікке ие болды. Жас мамандар мен сала сарапшылары арасындағы іскерлік және кәсіби коммуникация жеткіліксіз деңгейде қалыптасты.

Сонымен қатар, жас бейнеөндірушілердің креативті индустрияға тартылуы жүйесіз сипатта болып, кәсіби дағдыларын дамыту фрагментарлы түрде жүзеге асырылды.

Жоба нәтижесінде креативті индустрия саласындағы 40 жас өкіл мастер-кластар аясында практикалық білім мен нақты кәсіби дағдыларды меңгерді. Алты шығармашылық команда өз жобаларын әзірлеп, олар кәсіби қазылар алқасының бағалауынан өтті. Қатысушылар болашақтағы

конкурстар мен жобаларға қатысуға дайын екендіктерін білдіріп, креативті индустрияға деген қызығушылықтың тұрақты өсуі байқалды. Өңірдің жетекші пабликтерінде жоба материалдарының жариялануы аудиторияны қамту аясын кеңейтіп, жергілікті жас таланттардың танымалдылығын арттырды. Сарапшылармен тікелей өзара іс-қимыл және шығармашылық жұмыстардың көпшілік алдында мойындалуы жас мамандардың уәждемесін едәуір күшейтті.

2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат:

1) гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
80	60	20

2) санаттар бойынша әлеуметтік мәртебесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жасан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
80	-	80	-	-	-	-	-	-	-	-

3) жас ерекшелігінің көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
80	-	-	34	46	-	-	-

3. Жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):

Әлеуметтік жобаны іске асыру барысында нысаналы топ — Маңғыстау облысының 16–35 жас аралығындағы жас сценаристер, операторлар және монтажерлер — төмендегідей нақты нәтижелерге қол жеткізді.

Сандық нәтижелер:

Жоба аясында 40-тан астам жас кәсіби оқытудан және практикалық дайындықтан өтті. Елдің жетекші мамандарының қатысуымен 2 мастер-класс ұйымдастырылып, өткізілді. Алты шығармашылық команда қысқаметражды бейнежобалар әзірлеп, кәсіби қазылар алқасының бағалауынан өтті. Жастардың қатысуымен 10 авторлық бейнеролик дайындалып, өңірлік ақпараттық пабликтерде жарияланды. Сонымен қатар, жобаның ақпараттық материалдары 10-нан астам өңірлік медиа-платформада орналастырылып, жалпы қаралым саны 93 000-нан асты.

Сапалық өзгерістер:

Жоба нәтижесінде қатысушылардың кәсіби құзыреттері айтарлықтай артты, атап айтқанда сценарий жазу, бейнетүсірілім, жарық пен дыбысты қолдану, монтаж және контентті цифрлық платформаларға бейімдеу дағдылары дамыды. Жастардың шығармашылық ойлау қабілеті мен командалық жұмыс дағдылары нығайды. Қатысушылар алған білімдерін тәжірибеде қолданып, нақты бейнеөнімдер әзірлеу деңгейіне жетті. Бейнеөндіріс саласына деген қызығушылық пен кәсіби уәждеме күшейіп, жаңа жобаларға қатысуға дайындық артты.

2) жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):

Жобаны іске асыру нәтижесінде Маңғыстау облысындағы жастардың сценарий жазу, бейнетүсірілім және монтаж салаларындағы кәсіби білім мен практикалық дағдыларға қолжетімділігінің шектеулілігі мәселесі жүйелі түрде шешіле бастады. Қатысушылардың нақты практикалық тәжірибе алуы және сарапшылармен тікелей байланыс орнатуы ұзақ мерзімді перспективада өңірде білікті жас бейнеөндірушілердің қалыптасуына ықпал етеді.

Жобадан кейін қалыптасқан шығармашылық командалар мен кәсіби байланыстардың сақталуы креативті индустрия саласында жастардың тұрақты белсенділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде өңірлік контент өндірісінің сапасын арттырып, жергілікті медиакеңістіктің дамуына оң әсер етеді.

Сонымен қатар, жастардың кәсіби уәждемесінің артуы және жаңа жобаларға қатысуға дайындығы алдағы уақытта бейнеөндіріс саласында бастамашыл жобалардың көбеюіне әкелуі мүмкін. Бұл өзгерістер өңірдегі креативті индустрияның дамуына, сондай-ақ жастардың өзін-өзі жұмыспен қамту және кәсіби іске асу мүмкіндіктерінің кеңеюіне ұзақ мерзімді оң әсер етеді.

Жоба креативті индустрия саласындағы жас мамандардың жергілікті қауымдастығын тұрақты дамытуға негіз қалады. Алдағы уақытта жас кәсіби мамандар санының артуы, өңірлік медиа-контент сапасының жақсаруы және жастардың шығармашылық бастамаларға қатысуының кеңеюі күтіледі.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Жоба өңірдің креативті индустриясының дамуына ықпал етіп, жастардың жұмыспен қамтылу мүмкіндіктерін арттырады, кәсіби құзыреттерін күшейтеді және медиаөнімдердің сапасын жақсартады. Бұл өз кезегінде өңірдің имиджіне, мәдени әлеуетіне және әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер етеді.

Жобаны іске асыру нәтижесінде Маңғыстау облысындағы жас сценаристер, операторлар және монтажерлердің кәсіби әлеуеті артты, бұл олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін күшейтті. Алынған практикалық дағдылар жастарға бейнеөндіріс және цифрлық контент саласында ақылы тапсырыстарға, шығармашылық жобаларға және болашақта өзін-өзі жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді.

Жоба аясында қалыптасқан шығармашылық командалар мен кәсіби байланыстар өңірде шағын креативті бастамалардың дамуына негіз қалады. Бұл жергілікті медиаконтент өндірісінің жандануына, өңірлік ақпараттық ресурстардың сапасының артуына және креативті индустрия сегментінде экономикалық белсенділіктің өсуіне ықпал етеді.

Әлеуметтік тұрғыда жоба жастардың қоғамдық белсенділігін арттырып, олардың өз әлеуетін өңірде іске асыруға деген қызығушылығын күшейтті. Нәтижесінде жастардың кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктері кеңейіп, өңірде адами капиталдың сапалы дамуына ұзақ мерзімді оң әсер қалыптасты.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Маңғыстау облысының Бочча Федерациясы» қоғамдық бірлестігі

Басым бағыттың атауы: «Ерекше қажеттілігі бар жастарды әлеуметтендіру»

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1-міндет. Ерекше қажеттіліктері бар жастарға арналған қысқа мерзімді оқыту курстарын ұйымдастыру

1 іс-шара 1. Жоба қатысушыларын іріктеу және тіркеу

17 маусым мен 10 шілде аралығында Google Forms онлайн-платформасы, әлеуметтік желілер және мүгедектігі бар адамдармен жұмыс істейтін ұйымдар арқылы ашық іріктеу жүргізілді. Іріктеу келесі критерийлер негізінде жүзеге асырылды: жас мөлшері, мүгедектік санаты, мотивациясы, нақты курстарға қызығушылығының болуы. Жалпы 200-ден астам өтінім қабылданды, бұл қатысушылардың жоғары қызығушылығы мен белсенділігін көрсетеді.

Тең қолжетімділік қамтамасыз етіліп, денсаулық ерекшеліктерін ескере отырып (ОВЗ, есту қабілеті, тірек-қимыл аппараты, менталдық бұзылыстар және т.б.) топтар қалыптастырылды.

<https://www.instagram.com/p/DMzeq2osb2h/>

<https://www.instagram.com/p/DMpLaqUMUpz/>

2 іс-шара. Қысқа мерзімді «Сабын жасау» курсының өткізуі

Ерекше қажеттіліктері бар жастардың шығармашылық және еңбек дағдыларын дамыту, ұсақ моториканы жетілдіру және болашақта өзін-өзі жұмыспен қамтуға мүмкіндік беру.

Өткізу кезеңі: 14–22 шілде және 4–13 тамыз

Өтетін орны: «Теп Қоғам» орталығы

Курс тренері: Алтаева Саида

Қатысушылар саны: 20 адам

Іске асыру барысы: Курс барысында қатысушылар сабын жасаудың негізгі технологияларымен танысты, шикізатпен жұмыс істеу, бояу мен хош иіс таңдау, дизайн элементтерін қолдану дағдыларын меңгерді. Оқыту бағдарламасы қатысушылардың жеке мүмкіндіктері мен денсаулық ерекшеліктерін ескере отырып бейімделді.

Нәтижелері:

- Сабын дайындау және безендіру дағдылары қалыптасты;
- Ұсақ моторика мен шығармашылық қабілеттер дамыды;
- Әр қатысушы 5-ке дейін дайын өнім әзірледі.

Қысқа мерзімді әсері: Қатысушылар қолөнер дағдысын меңгеріп, өнім дайындау тәжірибесін алды.

Ұзақ мерзімді әсері: Өзін-өзі жұмыспен қамтуға және шағын табыс көзін қалыптастыруға мүмкіндік туды.

<https://www.instagram.com/p/DM4y44UsmAK/>

<https://www.instagram.com/p/DM5AuNoMaJL/>

3 іс-шара. Қысқа мерзімді «Аспаз» курсын өткізу

Жоба аясында ерекше қажеттіліктері бар жастардың тұрмыстық және кәсіби дағдыларын дамыту мақсатында қысқа мерзімді «Аспаз» курсы ұйымдастырылып, табысты түрде өткізілді. Курсқа 20 қатысушы тартылып, оқыту 2 кезеңде жүзеге асырылды: 2025 жылғы 25–29 тамыз және 8–12 қыркүйек аралығында.

Курс тәжірибелі тренер Асилбекова Жансаяның жетекшілігімен өткізілді. Сабақтар 34-шағын аудан, 1-үй мекенжайында өтіп, оқыту бағдарламасы қатысушылардың жеке мүмкіндіктері мен денсаулық ерекшеліктерін ескере отырып бейімделді.

Оқыту барысында қатысушылар нан-тоқаш және кондитерлік өнімдерді дайындаудың негізгі кезеңдерін меңгерді: қамыр илеу, өнімдерді пісіру, безендіру, сондай-ақ санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау. Барлық сабақтар практикалық форматта ұйымдастырылып, әрбір қатысушы бірнеше дайын өнім әзірлеу арқылы нақты тәжірибе жинақтады.

Курс нәтижесінде 20 қатысушының барлығы (100%) тағам дайындаудың базалық дағдыларын игеріп, командаламен жұмыс істеу, жауапкершілік пен өзіне деген сенімділік деңгейін арттырды. Курстың қысқа мерзімді нәтижесі ретінде қатысушылар жаңа тұрмыстық дағдыларды меңгерсе, ұзақ мерзімді перспективада алынған білім мен тәжірибе үй жағдайында шағын табыс көзін қалыптастыруға және өзін-өзі жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді.

<https://www.instagram.com/p/DN24I4tWAjg/>

<https://www.instagram.com/p/DOqc1NQjLmT/>

<https://www.instagram.com/p/DOHNDvwDHbw/>

4 іс-шара. «Компьютерлік сауаттылық. Графикалық дизайн негіздері»

Жоба аясында ерекше қажеттіліктері бар жастардың цифрлық дағдыларын дамыту және ақпараттық кеңістікте еркін бағдарлауын қамтамасыз ету мақсатында қысқа мерзімді «Компьютерлік сауаттылық. Графикалық дизайн негіздері» курсы ұйымдастырылып, табысты түрде өткізілді. Курсқа 20 қатысушы тартылып, оқыту 2 кезеңде жүзеге асырылды: 2025 жылғы 15–23 шілде және 5–8 тамыз аралығында.

Курс тәжірибелі тренер Серикбаев Сериктің жетекшілігімен өткізілді. Сабақтар «Alpha Study» оқу орталығында өтіп, оқу бағдарламасы қатысушылардың жеке мүмкіндіктері мен денсаулық ерекшеліктерін ескере отырып бейімделді.

Оқыту барысында қатысушылар Canva, Crello, Canva Video платформаларымен жұмыс істеді, графикалық дизайнның базалық қағидаларын меңгерді. Сонымен қатар, ChatGPT құралын қолдану арқылы мәтіндер дайындау, идея генерациялау және контентті құрылымдау дағдылары қалыптастырылды.

Сабақтар практикалық форматта өтіп, қатысушылар баннерлер, презентациялар, бейнематериалдар мен визуалды контент үлгілерін өз бетінше дайындады. Курс нәтижесінде 20 қатысушының барлығы (100%) цифрлық сауаттылықтың бастапқы деңгейін меңгеріп, визуалды коммуникация, шығармашылық ойлау және ақпаратты заманауи цифрлық құралдар арқылы ұсыну қабілеттерін арттырды. Курстың қысқа

мерзімді нәтижесі ретінде қатысушылар цифрлық платформалармен жұмыс істеу дағдыларын игерсе, ұзақ мерзімді перспективада алынған білім фриланс, қашықтан жұмыс істеу және өзін-өзі жұмыспен қамту мүмкіндіктерін кеңейтеді. <https://www.instagram.com/p/DngMRzyMshu/>

5 іс-шара. Қысқа мерзімді «Көгалдандыру» курсының өткізуі.

Жоба аясында ерекше қажеттіліктері бар жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, еңбек дағдыларын дамыту және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауын арттыру мақсатында қысқа мерзімді «Көгалдандыру» курсы ұйымдастырылып, табысты түрде өткізілді. Курсқа 20 қатысушы тартылып, оқыту 2 кезеңде жүзеге асырылды: 2025 жылғы 28 шілде – 6 тамыз және 15–19 қыркүйек аралығында.

Курс тәжірибелі тренер Жумалиева Гулайымның жетекшілігімен өткізілді. Сабақтар Ботаникалық бақ аумағында өтіп, оқу бағдарламасы қатысушылардың жеке мүмкіндіктері мен денсаулық ерекшеліктерін ескере отырып бейімделді.

Оқыту барысында қатысушылар өсімдіктерді отырғызу, күтіп-баптау, суару, топырақпен жұмыс істеу және жасыл аймақтарды абаттандырудың негізгі тәсілдерін меңгерді. Сабақтар практикалық форматта ұйымдастырылып, қатысушылар нақты экологиялық жұмыстарға тікелей қатысу арқылы тәжірибе жинақтады.

Курс нәтижесінде 20 қатысушының барлығы (100%) көгалдандыру бойынша базалық дағдыларды игеріп, жауапкершілік, еңбекке бейімділік және экологиялық ойлау қабілеттерін арттырды. Курстың қысқа мерзімді нәтижесі ретінде қатысушылар табиғатпен жұмыс істеудің практикалық тәжірибесін алса, ұзақ мерзімді перспективада алынған білім қоғамдық кеңістіктерді көгалдандыруға қатысуға және тұрақты экологиялық бастамаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

<https://www.instagram.com/p/DNFtFP8sbSd/>

https://www.instagram.com/p/DNFvCn-MqBV/?img_index=1

<https://www.instagram.com/p/DNDIESFM5p4/>

6 іс-шара. Қысқа мерзімді «Үстелді сервировкалау және безендіру» курсының өткізуі

Жоба аясында ерекше қажеттіліктері бар жастардың эстетикалық талғамын дамыту, шығармашылық қабілеттерін арттыру және тұрмыстық әрі қызмет көрсету саласына қажетті дағдыларды қалыптастыру мақсатында қысқа мерзімді «Үстелді сервировкалау және безендіру» курсы ұйымдастырылып, табысты түрде өткізілді. Курсқа 20 қатысушы тартылып, оқыту 2 кезеңде жүзеге асырылды: 2025 жылғы 13–19 тамыз және 8–12 қыркүйек аралығында.

Курс тәжірибелі тренер Бектаева Айкунның жетекшілігімен өткізілді. Сабақтар «Ақ Сарай» іс-шаралар орталығында өтіп, оқу бағдарламасы қатысушылардың жеке мүмкіндіктері мен денсаулық ерекшеліктерін ескере отырып бейімделді.

Оқыту барысында қатысушылар үстелді сервировкалаудың негізгі қағидаларын, дастарқанды безендіру элементтерін, түстер мен композиция үйлесімін, ыдыс-аяқ пен ас құралдарын дұрыс орналастыру тәсілдерін меңгерді. Сабақтар практикалық форматта ұйымдастырылып, әр қатысушы түрлі форматтағы үстелдерді (мерекелік, ресми, күнделікті) өз бетінше безендіру арқылы тәжірибе жинақтады.

Курс нәтижесінде 20 қатысушының барлығы (100%) үстелді сервировкалау және безендіру бойынша базалық дағдыларды игеріп, шығармашылық ойлау, ұқыптылық, эстетикалық талғам және командамен жұмыс істеу қабілеттерін арттырды. Курстың қысқа мерзімді нәтижесі ретінде қатысушылар жаңа тұрмыстық және кәсіби дағдыларды меңгерсе, ұзақ мерзімді перспективада алынған білім мен тәжірибе қоғамдық тамақтану, іс-шараларды ұйымдастыру және қызмет көрсету саласында өзін-өзі жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді.

https://www.instagram.com/p/DNkorf6M_i/

<https://www.instagram.com/p/DNksAyPsg4E/>

https://www.instagram.com/p/DOxegbSDFNk/?img_index=1

<https://www.instagram.com/p/DPR7jRWjHZR/>

2-міндет. Өмірдегі ерекше қажеттіліктері бар жастардың қатысуымен спорттық іс-шара ұйымдастыру

1 іс-шара. «Өмірге сен!» спорттық фестивалін өткізу

«Өмірге сен!» спорттық фестивалі ерекше қажеттіліктері бар жастардың физикалық белсенділігін арттыру және қоғамға интеграциясын күшейту мақсатында ұйымдастырылып, 2025 жылғы 9 тамызда Halyk Arena алаңында жоғары деңгейде өткізілді. Фестивальге барлығы 106 адам қатысты. Іс-шара барысында қатысушылар бочча және басқа да бейімделген спорт түрлері бойынша жарыстарға қатысып, командаларға бөлініп өзара сайысқа түсті. Жеңімпаз командалар алған орындарына сәйкес медальдармен, ақшалай сертификаттармен, сыйлықтармен және балмұздақтармен марапатталды.

Фестивальге мүгедектер спорты клубының тәжірибелі жаттықтырушылары, кәсіби жүргізуші, бейнеоператор және фотограф тартылды. Іс-шара жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өтіп, қатысушыларға жағымды эмоция мен ұмытылмас әсер сыйлады. Фестивальдің финалында спорт аренасының төбесінен 500 дана шар түсіріліп, мерекелік көңіл-күй қалыптастырылды.

Фестиваль нәтижесінде қатысушылардың физикалық белсенділігі артты, командалық жұмыс пен өзара қолдау дағдылары қалыптасты. Сонымен қатар, әлеуметтік ортаға бейімделу деңгейі көтеріліп, өзіне деген сенімділік пен мотивация нығайтылды. Қатысушылардың фестивальге қатысуы оларға жаңа тәжірибе мен позитивті эмоциялар сыйлады.

<https://www.instagram.com/p/DNTTJA7MOUE/>

https://www.instagram.com/p/DNRGOj0sdAV/?img_index=1

<https://www.instagram.com/p/DNTTso8MdR3/>

3-міндет. Ерекше қажеттіліктері бар жастарды өз кәсібін ашуға ынталандыру мақсатында шағын гранттар бөлу

1 іс-шара. Шағын гранттар конкурсының ережесі мен бағалау критерийлерін әзірлеу

Іс-шара «Шағын гранттар конкурсының ережесі мен бағалау критерийлерін әзірлеу» аясында жоспарланған 10 шағын грант толық көлемде іске асырылды. Жобаны жүзеге асыру кезеңдері бірнеше қадамнан тұрды: алдымен шағын гранттар конкурсының ережесі әзірленіп, қатысушыларға қазақ және орыс тілдерінде жіберілді. Өтінімдерді қабылдау 2025 жылғы 28 қыркүйектен 5 қазанға дейін жүргізілді. Сол күні онлайн форматта ZOOM арқылы қатысушылармен кездесу ұйымдастырылып, өтінімдерді толтыру бойынша барлық кезеңдер қадам-қадамымен түсіндірілді. Кездесуге 100 қатысушының 28-і қатысты. Конкурстық комиссияның отырысы 2025 жылғы 8 қазанда өтті. Комиссия құрамына жоба менеджері және хатшы Бокаева Аккумис Ибадуллаевна, «Асер» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Жақаева Гульнара Базарбайқызы, психолог Назарова Дарига Мадемхановна, «Асер» ҚБ жобалар координаторы Орынбасарова Маржан Қонақбаевна және «Маңғыстау облысының бочча федерациясы» ҚБ атқарушы директоры Альмухамбетова Карлыгаш Махмутовна кірді.

Жобаның нәтижесінде қолөнер, нан-тоқаш өнімдерін пісіру және дизайн салаларында 10 микрожоба іске асырылды. Қатысушылар алғашқы өнімдерін жасап, жәрмеңкеде алғашқы сатылымдарды жүзеге асырды. Барлық жоспарланған индикаторлар 100% орындалды. Шағын

гранттар конкурсы туралы хабарландыру 2025 жылғы 28 қыркүйекте әлеуметтік желілерде және қатысушылардың WhatsApp чатында жарияланды. Осылайша, жоба қатысушыларға тәжірибе жинақтап, алғашқы өнімдерін нарыққа шығару мүмкіндігін берді.

2 іс-шара. Өтінімдерді қабылдау және шағын гранттарды табыстау

Өтінімдерді қабылдау қорытындысы бойынша барлығы 14 өтінім тіркеліп, оның ішінде 4 өтінім топтық форматта ұсынылды. Барлық өтінімдер белгіленген талаптарға сәйкестігі бойынша алдын ала қаралып, сараптамалық комиссияның отырысына жолданды.

Сараптамалық комиссияның шешімі негізінде 10 өтінім жеңімпаз деп танылып, әрбір жеңімпазға 300 000 теңге көлемінде шағын грант табысталды. Гранттар қолөнер, нан-тоқаш өнімдерін пісіру, компьютерлік дизайн және үстел сервировкасы бағыттарындағы бизнес-бастамаларды іске асыруға бағытталды.

Шағын грант жеңімпаздары:

Азирханова Нұршат + Қалқаманов Асылбек – «Жасыл әлем – мейірім мекені» (бағыты: көгалдандыру);

Джумалаевтар Максат және Исмаил – «Арт хаб» (бағыты: компьютерлік курс);

Ердаулетов Дінмұханбет + Карашаев Мухаммед – «Жасыл үй» (бағыты: көгалдандыру);

Аскарова Құралай – «Тәтті жоба» (бағыты: нан-тоқаш өнімдерін пісіру);

Көңілқос Меруерт – «Натуральное мыло» (бағыты: сабын жасау);

Асылым Темірғали – «Үйде отырып – табысқа қажет!» (бағыты: сабын жасау);

Онбаев Иван + Атамуратова Динара – «Тәтті өмір» (бағыты: нан-тоқаш өнімдерін пісіру);

Сарсенбаева Мерей – «Кедергісіз Ақтау» (бағыты: компьютерлік курс);

Морозов Рафаэль – «Әдемі үстел» (бағыты: үстел сервировкасы);

Сырлыбаева Сания – «Сервировка өнері – әдемілік пен ұқыптылық әлемі» (бағыты: үстел сервировкасы).

Әрбір жеңімпазға қабылдау-тапсыру актісіне сәйкес қажетті құрал-жабдықтар мен тауарлар табысталды.

Шағын гранттарды іске асырудың ағымдағы жай-күйі және аралық нәтижелері

Жобаны аяқтау кезеңінде шағын грант алған қатысушылар өз бастамаларын дамыту барысында әртүрлі қалыптасу сатыларында тұр. Өз кәсібін іске қосу — бұл уақытты, тәжірибе жинақтауды және тұрақты дағдыларды қалыптастыруды талап ететін күрделі процесс екенін ескеру қажет. Осыған байланысты, қазіргі уақытта грант иегерлерінің басым бөлігі толыққанды қаржылық және өндірістік есептерді ұсынуға әлі дайын емес, себебі олардың кәсіпкерлік идеялары дайындық және практикалық меңгеру кезеңінде.

Соған қарамастан, бүгінгі таңда алғашқы нақты нәтижелер мен оң динамика байқалуда. Бұл шағын гранттық қолдаудың тиімділігін және оның ұзақ мерзімді әлеуетін айқын көрсетеді.

1. «Сабын жасау» бағыты

Бұл бағытта қатысушылардың жоғары белсенділігі мен алған дағдыларды тәжірибеде қолдану қабілеті айқын көрінді. Әлеуметтік жәрмеңке барысында екі қатысушы өз өнімдерін таныстырып, қолдан жасалған сабын бұйымдарын сәтті сатты. Өнімдер іс-шара қонақтары арасында тұрақты сұранысқа ие болды. Маңғыстау облысы әкімдігі жанындағы Жастар саясаты басқармасының басшысы өнімдерді жеке өзі сатып алып, олардың сапасына жоғары баға берді.

Аталған фактілер бұл бағыттың нарықтық әлеуеті бар екенін, ал қатысушылардың өз шағын бизнесін одан әрі дамытуға жоғары мотивациясы бар екенін дәлелдейді.

2. «Көгалдандыру» бағыты

Бұл бағытта шағын гранттардың практикалық және әлеуметтік әсері ерекше байқалды. Қатысушылардың біреуі берілген құрал-жабдықтарды (күрек, тырма, қоларбасы) іс жүзінде қолданып, олар балабақша аумағында пайдаланыла бастады (қатысушының анасы сол мекемеде жұмыс істейді). Газон шабатын техника көктем–жаз мезгілінде іске қосу үшін дайындалуда, бұл көгалдандыру жұмыстарының логикалық жалғасы болып табылады. Қалған қатысушылар өсімдік көшеттерін өсіріп, көктем мезгілінде ағаш отырғызуды жоспарлап отыр. Осылайша, шағын гранттар жеке жобаларға ғана емес, сонымен қатар қалалық ортаны жақсартуға бағытталған әлеуметтік маңызы бар бастамаларға серпін берді.

3. «Аспаз» бағыты

Бұл бағыттағы қатысушылар нарыққа сақ әрі кезең-кезеңімен шығу стратегиясын таңдады. Қазіргі кезеңде қатысушылар тапсырыстарды өздерінің жақын ортасынан (көршілер, достар, туыстар) қабылдауда. Мұндай тәсіл рецепттерді жетілдіруге, баға саясатын қалыптастыруға, қаптама мен қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді және үлкен көлемдегі тәуекелдерден сақтайды. Бұл — өзін-өзі жұмыспен қамтуды енді бастаған адамдар үшін қауіпсіз әрі сауатты қадам, ал ұзақ мерзімді перспективада клиенттік базаны кеңейтуге жол ашады.

4. «Үстелді сервировкалау және безендіру» бағыты

Бұл бағытта қызмет көрсету саласындағы кәсіпкерлік әлеует байқалады. Қатысушылар көшпелі іс-шаралар мен кейтеринг қызметтерін ұйымдастыру үшін серіктестер іздеуді бастады. Берілген жабдықтар үй жағдайында сервировка жасау дағдыларын жетілдіруге қолданылуда, бұл кәсіби құзыреттердің негізін нығайтады. Аталған бағыт эстетикалық талғамды, ұқыптылықты, композиция сезімін және клиентпен жұмыс істеудегі сенімділікті дамытуға мүмкіндік береді.

5. «Компьютерлік курстар» бағыты

Қатысушылар цифрлық құралдарға жоғары қызығушылық танытты, алайда курстың қысқа мерзімді форматы барлық қажетті дағдыларды толық меңгеруге мүмкіндік бермеді. Осыған байланысты қазіргі таңда:

- қатысушылардың бір бөлігі жобадан тыс қосымша оқуды жалғастыруда;
- негізгі назар Canva, Crello және ЖИ құралдары арқылы визуалды контент жасауға аударылған;
- әлеуметтік желілер мен презентациялық материалдарға арналған базалық видеомонтаж дағдылары игерілуде;
- оқу, қоғамдық қызмет және ықтимал өзін-өзі жұмыспен қамту үшін презентация дайындау дағдылары жетілдірілуде.

Қатысушылардың мотивациясы мен білімін тереңдетуге деген ұмтылысы бұл бағыттың перспективалы екенін көрсетеді. Алдағы уақытта сүйемелдеу көрсетілсе, digital-коммуникация дағдылары нығайып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілік артады.

Жалпы қорытынды және перспективалар. Қазіргі кезеңде қатысушылар өз бизнесін ресми түрде ашқаны туралы есептерді ұсынуға толық дайын болмаса да, қол жеткізілген нәтижелер:

- тұрақты дағдылардың қалыптасуын;
- өзіне деген сенімділіктің артқанын;
- гранттардың нақты тәжірибеде қолданылып жатқанын көрсетеді.

Маңыздысы:

- қатысушылар өз идеяларынан бас тартқан жоқ;
- олар жобаларын дамытуды жалғастыруда;
- портфолио қалыптастырып;
- сұранысты зерттеп;
- практикалық құзыреттерін нығайтып жатыр.

Нысаналы топтың ерекшелігін ескере отырып, кәсіпкерлік бастамалардың дамуы көбірек уақыт пен жүйелі қолдауды талап етеді. Дегенмен, бүгіннің өзінде нақты өзгерістер байқалады — алғашқы тапсырыстардан бастап, табыс табу мен жабдықтарды әлеуметтік салада қолдануға дейін.

Осылайша, шағын гранттар өздерінің негізгі міндетін толық орындады: қатысушыларға серпін беріп, мотивация қалыптастырып, әрі қарай өсу үшін қажетті құралдық негіз ұсынды.

4-міндет. Ерекше қажеттіліктері бар жастардың қатысуымен ынталандырушы іс-шара және әлеуметтік көрме ұйымдастыру

1 іс-шара. Ынталандырушы іс-шараны және оқыту курстарында дайындалған өнімдермен әлеуметтік көрмені ұйымдастыру, жобаның салтанатты жабылуы

2025 жылғы 22 қарашада «Renaissance by Sulo» алаңында ерекше қажеттіліктері бар жастардың қатысуымен жобаның ынталандырушы іс-шарасы мен әлеуметтік көрмесі, сондай-ақ жобаның салтанатты жабылуы өткізілді. Іс-шараға қатысушылар саны жоспарға сәйкес 100 адамды құрап, нақты қамту 100% орындалды.

Іс-шара аясында оқыту курстары барысында дайындалған өнімдердің көрмесі ұйымдастырылды. Атап айтқанда, «Сабын жасау» курсына қатысқан жастардың қолынан шыққан бұйымдар көпшілік назарына ұсынылды. Сонымен қатар, жоба қатысушыларының қатысуымен концерттік бағдарлама өткізіліп, бұл олардың шығармашылық әлеуетін көрсетуіне және көпшілік алдында өзін еркін ұстауына мүмкіндік берді. Барлық оқыту курстарын сәтті аяқтаған қатысушыларға сертификаттар салтанатты түрде табысталды, ал шағын грант иегерлерінің жобалары арнайы дайындалған есептік бейнеролик арқылы таныстырылды.

Ынталандырушы іс-шара мен әлеуметтік көрме қатысушылар үшін өз жетістіктерін көрсетуге, өзін-өзі таныстыруға, ұялшақтық пен психологиялық тосқауылдарды жеңуге және қоғамдық өмірге белсенді интеграциялануға мүмкіндік берген маңызды алаңға айналды. Көңілқос Меруерт пен Асылым Темірғали жоба аясында дайындалған сабын өнімдерін сенімді түрде таныстырып, қонақтардың шынайы қолдауына ие болды. Талантты қатысушылардың музыкалық номерлері ерекше атмосфера қалыптастырып, ерекше қажеттіліктері бар жастардың көпқырлы қабілеттерін айқын көрсетті. Жобаның салтанатты жабылуы, сертификаттарды табыстау және жылы форматтағы кофе-брейк әрбір қатысушының маңыздылығы мен еңбегінің мойындалу сезімін арттырды.

Жобаны іске асыру қорытындысы бойынша индикаторларға қол жеткізу деңгейі жоғары болды: 5 оқыту курсы толық өткізілді (100%), курстарға 100 жас қатысты (100%), спорттық фестивальге 106 қатысушы тартылып, жоспардың 100% орындалды, 10 шағын грант толық көлемде берілді (100%), қорытынды іс-шараға 100 қатысушы қамтылды (100%).

Жоба ерекше қажеттіліктері бар жастардың практикалық дағдыларын дамытуға, әлеуметтенуіне, қоғамға интеграциялануына, сондай-ақ жұмысқа орналасу мен өзін-өзі жұмыспен қамтуға жағдай жасауға бағытталған тұрақты және оң әлеуметтік әсер көрсетті. Жоба нәтижелері ерекше қажеттіліктері бар жастардың әлеуетін ашуға және олардың қоғамдағы белсенді рөлін күшейтуге берік негіз қалады.

Өңірлік паблик жарияланымдарға сілтемелер:

<https://otpannews.kz/ru/news/sto-osobennykh-zhitelei-mangistau-proshli-kursy-po-obucheniiu-professiiam-RU>

<https://www.inaktau.kz/news/4032453/zitelej-aktau-s-osobennostami-razvitia-obucili-razlicnym-professiam>

Келісімшарт талаптарына сәйкес жобаның нәтижелерін қорытынды жария түрде таныстыру

1 іс-шара. Ерекше қажеттіліктері бар жастардың әлеуметтенуі

Жоба аясында барлығы ерекше қажеттіліктері бар 100 жас қамтылды. Қатысушылардың жобаны іске асыру барысына және нәтижелеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында кері байланыс сауалнамасы жүргізілді. Сауалнама нәтижелерін талдау жобаның жоғары деңгейде қабылданғанын көрсетті.

Диаграммада көрсетілгендей, сауалнамаға қатысқан респонденттердің 96%-ы жобаның мазмұны мен ұйымдастырылуына толық қанағаттанғанын атап өтті, ал 2%-ы қанағаттану деңгейін орташа деп бағалады. Қатысушылардың орташа жасы 14–17 жас аралығын құрады.

2 іс-шара. Жобаның нәтижелерін қорытынды жария түрде таныстыру

Келісімшарт талаптарына сәйкес жобаның іске асырылуы барысында қол жеткізілген нәтижелер қорытынды жария презентация форматында ұсынылды. Презентация барысында жобаның барлық негізгі бағыттары, өткізілген іс-шаралар, орындалған міндеттер мен қол жеткізілген индикаторлар, сондай-ақ сандық және сапалық нәтижелер жан-жақты қамтылды.

Жоба бойынша қорытынды презентация Оператормен бірге ZOOM платформасындағы сессия барысында көрсетіліп, кейін әлеуметтік желілерде жарияланды.

Жобаны іске асыру барысындағы ақпараттық жұмыс (келісімшарт талаптарына сәйкес)

1 іс-шара: Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс.

Келісімшарт талаптарына сәйкес жоба жүзеге асырылған кезең бойы ақпараттық сүйемелдеу жүйелі түрде жүргізілді. Қойылған міндеттер аясында әр ай сайын жобаның барысын, өткізілген іс-шараларды және қол жеткізілген нәтижелерді қамтитын контент-жоспар мен айлық дайджесттер дайындалып, уақтылы ұсынылды. Жобаның ашықтығын, қолжетімділігін және қоғамдық танымалдылығын арттыру мақсатында әлеуметтік желілерде ресми парақшалар ашылып, белсенді түрде жүргізілді:

Instagram: https://www.instagram.com/kedergisiz_mangystau – 42 жарияланым, 10 reels;

TikTok: https://www.tiktok.com/@kedergisiz_mangystau – 38 бейнеролик;

Facebook: <https://www.facebook.com/share/19tJwxTB13/> – 42 жарияланым, 10 reels.

Әлеуметтік желілердегі жарияланымдар арқылы жоба іс-шараларының барысы, қатысушылардың жетістіктері, оқыту курстары, спорттық және қорытынды іс-шаралар кең аудиторияға жеткізілді. Сонымен қатар, жоба туралы ақпарат өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды. Жобаның қорытынды іс-шарасына inAktau.kz және otppnews.kz ақпараттық порталдарының журналистері шақырылып, іс-шараның өту барысы мен нәтижелері туралы материалдар дайындалды. Жоба жөніндегі БАҚ-тағы жарияланымдарға сілтеме.

<https://share.google/hZKAeKQGo5XOGbNo6>

<https://share.google/mAiP8pVD2072KufGq>

Жүргізілген ақпараттық жұмыс жобаның қоғамдық маңыздылығын арттырып, ерекше қажеттіліктері бар жастарды қолдауға бағытталған бастаманың кеңінен танылуына және оң қоғамдық пікірдің қалыптасуына ықпал етті.

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

Жоба аясында 5 қысқа мерзімді оқыту курсы өткізілді, оған 100-ден астам қатысушы қамтылды. Курстар барысында жастар нан-тоқаш өнімдерін пісіру, сабын жасау, үстелді сервировкалау, көгалдандыру және компьютерлік сауаттылық бағыттары бойынша практикалық дағдыларды меңгерді. Әрбір курс нақты нәтижеге бағытталды: қатысушылар дайындаған өнімдер жеке портфолиоға жинақталды, әлеуметтік көрмелерге арналған өнімдер әзірленді, сондай-ақ барлық қатысушыларға сертификаттар табысталды.

Сонымен қатар, 50-ден астам жас қатысқан «Өмірге сен!» спорттық фестивалі ұйымдастырылды. Фестиваль бағдарламасына бочча жарыстары, эстафеталар, жеңіл атлетикалық жүгіру және арқан тарту сайыстары енгізілді. Аталған іс-шара қатысушылардың физикалық белсенділігін арттырып, командалық рухты нығайтуға, сондай-ақ өз күшіне деген сенімділікті қалыптастыруға ықпал етті.

Жоба аясында әрқайсысы 300 000 теңгеден 10 шағын гранттың бөлінуі ерекше қажеттіліктері бар жастарға алған дағдыларын практикада қолдануға, өнім дайындауға және оларды интернет-платформалар арқылы ілгерілетуге мүмкіндік берді. Бұл өз кезегінде қатысушылардың дербестігін арттырып, кәсіпкерлік бастамаларын дамытуға серпін берді.

Жобаның қорытынды кезеңі ретінде ынталандырушы іс-шара мен әлеуметтік көрме ұйымдастырылып, онда қатысушылардың дайын өнімдері мен талантты жастардың музыкалық номерлері ұсынылды. Барлық қатысушылар қоғамдық мойындауға ие болып, сертификаттармен марапатталды және оң кері байланыс алды. Бұл олардың өзіне деген сенімін нығайтып, әлеуметтік белсенділігін арттыруға және ұзақ мерзімді интеграцияға ықпал етті.

Осылайша, жобаның алдында қойылған барлық мақсаттар — дағдыларды дамыту, әлеуметтік интеграцияны күшейту, қатысушылардың дербестігі мен мотивациясын арттыру — толық әрі табысты түрде жүзеге асырылды. Бұл жобаға тартылған қатысушылар саны, өткізілген іс-шаралар және әрбір бағыт бойынша қол жеткізілген нақты нәтижелер арқылы дәлелденеді

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Жобаның негізгі мақсаты — ерекше қажеттіліктері бар жастардың практикалық дағдыларын дамыту, олардың әлеуметтік интеграциясын күшейту, өз-өзіне деген сенімділігін арттыру және дербес өмір сүру мен өзін-өзі жұмыспен қамтуға жағдай жасау — жоба аясында толық көлемде жүзеге асырылды.

Мақсатқа қол жеткізу нақты фактілер мен өлшенетін нәтижелермен дәлелденеді. Атап айтқанда, жоба шеңберінде 5 қысқа мерзімді оқыту курсы ұйымдастырылып, оған 100-ден астам ерекше қажеттіліктері бар жас тартылды. Курстар барысында қатысушылар нан-тоқаш өнімдерін пісіру, сабын жасау, үстелді сервировкалау, көгалдандыру және компьютерлік сауаттылық бағыттары бойынша нақты практикалық дағдыларды меңгерді. Әрбір курс нәтижесінде қатысушылардың дайын өнімдері мен жұмыстары портфолиоға жинақталып, әлеуметтік көрмелерде көпшілікке ұсынылды, ал барлық қатысушыларға сертификаттар табысталды.

Сонымен қатар, «Өмірге сен!» атты спорттық фестиваль өткізіліп, оған 50-ден астам жас қатысты. Фестиваль бағдарламасына бочча, эстафеталар, жеңіл атлетикалық жүгіру және арқан тарту сайыстары енгізіліп, бұл қатысушылардың физикалық белсенділігін арттыруға, командалық рух пен өз күшіне деген сенімділікті қалыптастыруға ықпал етті. Қатысушылардың белсенділігі мен кері байланысы спорттық іс-шараның әлеуметтік әсерін айқын көрсетті.

Жобаның маңызды құрамдас бөлігі ретінде әрқайсысы 300 000 теңгеден 10 шағын грант бөлініп, ерекше қажеттіліктері бар жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсетілді. Грант иегерлері алған білімдері мен дағдыларын практикада қолданып, өнім дайындау, қызмет көрсету және цифрлық платформалар арқылы ілгерілету жұмыстарын бастап кетті. Бұл дербестіктің артуына және өзін-өзі жұмыспен қамту бағытында алғашқы нақты қадамдардың жасалуына мүмкіндік берді.

Жобаның қорытынды кезеңінде ынталандырушы іс-шара мен әлеуметтік көрме ұйымдастырылып, оған 100 қатысушы толық көлемде қамтылды. Қатысушылар өз өнімдерін, шығармашылық жұмыстарын және жетістіктерін көпшілікке ұсынды. Іс-шара барысында берілген оң кері байланыс, қоғамдық қолдау және қатысушылардың эмоциялық жағдайы жобаның әлеуметтік және психологиялық әсерін нақты растады.

Қосымша дәлел ретінде жобаның тиімділігі кері байланыс сауалнамасының нәтижелерімен расталады. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 96%-ы жобаның мазмұны мен ұйымдастырылуына толық қанағаттанғанын, ал тек 2%-ы орташа баға бергенін көрсетті. Бұл жобаның мақсатты топ үшін өзектілігі мен тиімділігін айқындайды.

Осылайша, жобаның мақсатына қол жеткізілгені сандық көрсеткіштермен, нақты нәтижелермен, қатысушылардың белсенді қатысуымен және оң әлеуметтік әсермен толық дәлелденеді.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: Жоспардан ауытқу жоқ.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Әлеуметтік жобаны іске асыру барысында және оны аяқтағаннан кейін мақсатты топта елеулі әлеуметтік, мінез-құлықтық және дағдылық өзгерістер байқалды. Бұл өзгерістер жоба басталғанға дейінгі жағдаймен салыстыру арқылы және жоба нәтижелерін талдау негізінде өлшенді.

Жобаға дейінгі ахуал: Жоба басталған кезеңде өңірдегі ерекше қажеттіліктері бар жастардың басым бөлігінде практикалық еңбек дағдыларының шектеулі болуы, әлеуметтік ортаға тартылу деңгейінің төмендігі, өз-өзіне деген сенімнің жеткіліксіздігі және өзін-өзі жұмыспен қамту мүмкіндіктері туралы түсініктің аздығы байқалды. Көптеген қатысушылар қоғамдық іс-шараларға сирек қатысып, топпен жұмыс істеуде және көпшілік алдында өзін таныстыруда психологиялық тосқауылдар сезінді.

Жобаны іске асыру барысында байқалған өзгерістер: Жоба аясында өткізілген оқыту курстары, спорттық іс-шаралар, шағын гранттар конкурсы және әлеуметтік көрме барысында қатысушылардың белсенділігі біртіндеп артты. Қатысушылар нақты практикалық дағдыларды меңгеріп, командада жұмыс істеуге, өз ойын ашық жеткізуге және өз еңбегінің нәтижесін көрсетуге дағдыланды. Спорттық фестиваль қатысушылардың физикалық белсенділігін арттырып, командалық рух пен өзара қолдау мәдениетін қалыптастырды.

Шағын гранттар аясында қатысушылардың бір бөлігі алғашқы тапсырыстарды қабылдай бастады, құрал-жабдықтарды әлеуметтік және тұрмыстық салада қолдануға көшті, бұл өз кезегінде өзін-өзі жұмыспен қамтуға бағытталған нақты қадамдар ретінде бағаланады.

Жоба аяқталған кездегі ахуал: Жобаны аяқтау кезеңінде қатысушылардың басым бөлігінде:

- еңбек және тұрмыстық дағдылар қалыптасты;
- әлеуметтік белсенділік деңгейі артты;
- өзіне деген сенім мен дербестік нығайды;
- қоғаммен өзара әрекеттесу дағдылары дамыды
- өзін-өзі жұмыспен қамту және болашақ табыс көздері туралы нақты жоспарлар пайда болды.

Бұл өзгерістер қорытынды әлеуметтік көрме, жария презентациялар және қатысушылардың көпшілік алдындағы белсенділігі арқылы айқын көрініс тапты. Жоба шеңберінде қойылған негізгі міндеттер толық немесе едәуір деңгейде шешілді. Атап айтқанда:

- практикалық дағдыларды дамыту міндеті толық орындалды;
- әлеуметтену мен қоғамдық интеграция міндеті айтарлықтай жақсарды;
- өзін-өзі жұмыспен қамтуға ынталандыру міндеті алғашқы нақты нәтижелермен қамтамасыз етілді;
- психологиялық тосқауылдарды азайту және мотивацияны арттыру міндеті оң динамикамен жүзеге асырылды.

Қатысушылардың кері байланысы мен сауалнама нәтижелері бұл өзгерістерді сандық тұрғыда да растайды: респонденттердің 96%-ы жобаның олардың өміріне оң әсер еткенін атап өтті.

Осылайша, жобаға дейінгі ахуалмен салыстырғанда, жоба аяқталған кезде мақсатты топтың әлеуметтік, психологиялық және дағдылық жағдайында тұрақты әрі өлшенетін оң өзгерістер қалыптасты. Жоба әлеуметтік проблемаларды шешуге нақты үлес қосып, ерекше қажеттіліктері бар жастардың қоғамға интеграциялануына берік негіз қалады.

2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат:

1) гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
100	53	47

2) санаттар бойынша әлеуметтік мәртебесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
100			-	-	100	-	32	-	-	65

3) жас ерекшелігінің көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
100	33	35	25	6	1	-	-

3. Жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):

Сандық нәтижелер:

Жоба аясында 100-ден астам қатысушы қысқа мерзімді оқыту курстарынан өтті. Оқыту 5 бағыт бойынша ұйымдастырылды: сабын жасау, нан-тоқаш өнімдерін пісіру, компьютерлік сауаттылық, үстелді сервировкалау және безендіру, сондай-ақ көгалдандыру. Сонымен қатар, 50-ден астам қатысушы «Өмірге сен!» спорттық фестиваліне қатысып, бочча, эстафета, жеңіл атлетикалық жүгіру және арқан тарту бойынша жарыстарға тартылды. Әрқайсысы 300 000 теңге мөлшерінде 10 шағын грант бөлініп, әр бағыт бойынша 2 гранттан жеке жобаларды дамытуға мүмкіндік берілді. Оқыту курстарына қатысқан барлық қатысушыларға сертификаттар табысталды.

Сапалық нәтижелер:

Жоба нәтижесінде қатысушылардың практикалық дағдылары қалыптасып, өзіне деген сенімділігі артты. Әлеуметтік белсенділік деңгейі көтеріліп, командада жұмыс істеу қабілеті нығайды. Қатысушылар өз өнімдерін әзірлеп, оларды көпшілікке ұсыну арқылы өзін-өзі таныстыру және тәжірибелік іске асыру дағдыларын меңгерді.

2) Жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):

Болжанатын оң өзгерістер:

Әлеуметтік интеграция деңгейі артты: қатысушылар коммуникация, өзін-өзі таныстыру және командада жұмыс істеу дағдыларын меңгеру арқылы өңірдің қоғамдық және мәдени өміріне белсендірек араласуға мүмкіндік алды. Кәсіби және шығармашылық құзыреттердің дамуы кулинария, сабын жасау, компьютерлік технологиялар, графикалық дизайн және үстел сервировкасы бағыттарында байқалып, бұл дағдыларды оқу, еңбек және онлайн-бастамаларда қолдануға негіз қалыптастырды.

Шағын гранттарға қатысу дербестік пен бастамашылдықты ынталандырып, жастардың өзіне деген сенімін арттыруға, жауапкершілік пен шешім қабылдау қабілетін қалыптастыруға ықпал етті. Қоғамдық іс-шаралар, спорттық жарыстар мен әлеуметтік көрмелер ерекше қажеттіліктері бар жастардың әлеуетін көрсетуге мүмкіндік беріп, инклюзивті қоғам имиджін нығайтты және жергілікті қауымдастық тарапынан қолдау деңгейін арттырды. Алынған білім мен дағдылар ұзақ мерзімді перспективада жұмыспен қамтуға және өзін-өзі жұмыспен қамтуға жағдай жасап, экономикалық белсенділікті қолдауға негіз қалады.

Болжанатын шектеулер мен тәуекелдер:

Офлайн-нарыққа және кең клиенттік базаға шығу мүмкіндіктерінің шектеулілігі кейбір кәсіпкерлік бастамалардың дамуын баяулатуы мүмкін. Ұзақ мерзімді әсерді сақтау үшін тұрақты сүйемелдеу, қосымша оқыту және менторлық қажет. Сонымен қатар, әлеуметтік және психологиялық тосқауылдар жекелеген қатысушылардың әлеуетін толық іске асыруына кедергі келтіруі ықтимал.

Жоба ерекше қажеттіліктері бар жастардың әлеуметтік және кәсіби интеграциясы үшін тұрақты негіз қалыптастырды. Қолдауды жалғастыру және бастамаларды жүйелі түрде дамыту жағдайында қол жеткізілген оң өзгерістер сақталып, күшейе түседі, ал ықтимал тәуекелдер қосымша сүйемелдеу арқылы азайтылады.

Сонымен қатар, жоба креативті индустрия саласындағы жас мамандардың жергілікті қауымдастығын дамытуға алғышарт қалыптастырды. Алдағы кезеңде жас кәсіби мамандар санының артуы, өңірлік медиа-контент сапасының жақсаруы және жастардың шығармашылық бастамаларға қатысу ауқымының кеңеюі күтіледі.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Әлеуметтік әсері:

Жоба аясында 100-ден астам ерекше қажеттіліктері бар жас жаңа білім мен практикалық дағдыларды меңгеріп, қоғамдық өмірге белсенді қатысу тәжірибесін алды. Спорттық фестивальдер, оқыту курстары, әлеуметтік көрмелер мен шығармашылық қойылымдар қатысушылардың қоғамдағы көріну деңгейін арттырып, олардың әлеуетін көпшілікке танытуға мүмкіндік берді. Гранттық қолдау мен жария іс-шараларға қатысу коммуникация, командада жұмыс істеу және өзін-өзі таныстыру дағдыларының нығаюына ықпал етті

Экономикалық әсері:

Әрқайсысы 300 000 теңгеден берілген 10 шағын грант материалдар мен қажетті жабдықтар алуға мүмкіндік жасап, онлайн-сатылымдарды дамытуға және өзін-өзі жұмыспен қамтуға жол ашты. Қатысушылардың алған кәсіби дағдыларын алдағы уақытта еңбек немесе кәсіпкерлік қызметте қолдану мүмкіндігі артты. Сонымен қатар, жоба инклюзивті жұмыспен қамту элементтерін қалыптастырып, ерекше қажеттіліктері бар жастардың экономикалық дербестігін күшейтуге негіз қалады

Жалпы қорытынды:

Жоба кешенді әлеуметтік-экономикалық әсер көрсетті: қатысушылардың өмір сапасының жақсаруына ықпал етіп, олардың әлеуметтік және экономикалық белсенділігін кеңейтті, сондай-ақ дағдыларды дамыту мен тұрақты өзін-өзі жұмыспен қамтуға бағытталған ұзақ мерзімді платформа қалыптастырды.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Эко Маңғыстау» Құқықтық емес ұйым

Басым бағыттың атауы: Жастардың инновациялық бастамаларын қолдау

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1 міндет. Жастар кәсіпкерлігін ақпараттық-насихаттау кампаниясы арқылы танымал ету

1 іс-шара. Ақпараттық материалдар әзірлеу және жобаның әлеуметтік желідегі парақшаларын іске қосу (Ақтау қаласы)

Іс-шара 2025 жылғы шілдеде жүзеге асырылды. Жоба командасы ақпараттық материалдар жинағын дайындап, «StartUP Маңғыстау» жобасының ресми парақшаларын әлеуметтік желілерде іске қосты. Telegram-канал жасалып (47 адам), жастарды оперативті хабардар ету қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, жастардан жобада қатысуға өтінімдер қабылдана бастады (онлайн-форма және офлайн).

https://www.instagram.com/startup_mangystau?igsh=azh1cmJtNHNna2Jp ,

<https://www.instagram.com/ekomangystau?igsh=MTgyeXo5ajdrdXlwZA%3D%3D>

Жобаның әлеуметтік желілерде 5 ақпараттық материал жарияланды (3 пост және 2 видеоролик).

Іс-шара жоспар бойынша толық жүзеге асырылды. Ақпараттық контенттің жариялануы мақсатты аудиторияны қамтып, жобаның бастапқы қызығушылығын арттырды. Дедлайндар мен бағалау критерийлерінің айқын көрсетілуі өтінім сапасын жақсартты. Жалпы ақпараттық қамту 78 218.

2 іс-шара. Облыстың 5 ауданында және 2 қаласында ақпараттық-насихаттау кездесулерін өткізу

Маңғыстау облысының 5 ауданы мен 2 қаласында ақпараттық-насихаттау кездесулерін өткізді. Негізгі кездесулер қыркүйек айында ұйымдастырылып, Түпқараған ауданында 10 қыркүйекте, Қаракияң ауданында 11 қыркүйекте, Маңғыстау ауданында 12 қыркүйекте, Бейнеу ауданында 15 қыркүйекте, Мұнайлы ауданында 16 қыркүйекте, Ақтау және Жаңаөзен қалаларында 17 қыркүйекте өткізілді. Кездесулер форматында жобаны таныстыруға арналған презентациялар, интерактивті сессиялар және мини-консультациялар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, әлеуметтік желілер арқылы хабарландырулар, дедлайн еске салулар жүргізіліп, қатысушылардың ақпаратпен толық қамтылуы қамтамасыз етілді. https://www.instagram.com/startup_mangystau?igsh=azh1cmJtNHNna2Jp

Жобаның нәтижесінде жалпы 7 кездесу өткізіліп, жеке қатысушылар саны 360 адамға жетті. Ал жалпы қамту, офлайн және медиа арқылы, кемінде 35 000 адамды құрады. Кездесулерден кейін жобалық өтінімдер саны айтарлықтай артты, бұл ақпараттық науқанның тиімділігін көрсетті. Кампания жоспарланған аумақты толық қамтып, мақсатты көрсеткішке толық жетті, ал офлайн және онлайн комбинациясы қатысушылардың қызығушылығын арттыруға және өтінімдер санын көбейтуге септігін тигізді.

Кампания жоспарланған аумақты толық қамтып, мақсатты көрсеткішке жетті. Офлайн және онлайн комбинациясы өтінімдер санын арттырды. <https://www.instagram.com/ekomangystau?igsh=MTgYeXo5ajdrdXlwZA%3D%3D>

3 іс-шара. Жастардың өтінімін қабылдау жән бағалау

Жобаны іске асыру аясында конкурс ережесі әзірленіп, жастардан барлығы 66 өтінім қабылданды. Өтінімдерді қабылдау ашық форматта жүзеге асырылып, барлық қатысушыларға тең мүмкіндік берілді. Түскен өтінімдер белгіленген критерийлерге сәйкес қаралып, мазмұны мен әлеуеті бағаланды. Бағалау нәтижелері бойынша келесі кезеңге өткен қатысушылар іріктелді.

4 іс-шара. Жастардан өтінімдер қабылдау және 30 қатысушыдан тұратын қауымдастықты қалыптастыру

2025 жылғы тамыз-қыркүйек айларында жобалық команда онлайн платформа мен ақпараттық кездесулер арқылы жастардан өтінімдер қабылдады. Эксперттер комиссиясы түскен 66 өтінімнің ішінен ең перспективалы 30 қатысушыны іріктеп, арнайы қауымдастық құруға шешім қабылдады. Қатысушылардың барлығы онлайн Telegram-қауымдастыққа қосылып, бір-бірімен байланысқа шығып, тәжірибе алмасты.

Жобаның нәтижесінде 30 қатысушыдан тұратын қауымдастық құрылып, әртүрлі аудандардан келген жастардың әртүрлі стартап идеялары енгізілді. Іріктеу процесі жоспарға сәйкес жүзеге асып, қатысушылар саны белгіленген көрсеткішпен толық қамтамасыз етілді. Бұл қауымдастық қатысушыларға тәжірибе жинауға, идеяларын дамытуға және өзара қолдау көрсетуге мүмкіндік берді.

Қатысушылар саны жоспарға сәйкес болды. Іріктеу түрлі аудандардан келген жастарды қамтып, әртүрлі стартап идеяларын енгізді.

https://www.instagram.com/startup_mangystau?igsh=azh1cmJtNHNna2Jp

2 міндет. Ең үздік стартап идеяларын қалыптастыру және менторлық жүйені енгізу

1 іс-шара. Менторларды тағайындау және оқу бағдарламасының кестесін әзірлеу (Ақтау қаласы)

2025 жылдың қазан–қараша айларында менторларды тағайындау және оқу бағдарламасының кестесін әзірлеу жұмыстары өткізілді. Әрбір таңдалған стартап-жобаға аймақтың тәжірибелі кәсіпкерлері мен сарапшыларынан ментор бекітілді. Менторлық бағдарламаға әртүрлі салалардан сарапшылар тартылды: Максат Кузембаев, Канат Исраилов, Нұрлан Биімбет, Айгерім Килыбаева, Рахман Алиакбаров, Арман Каримов, Никита Горшаков, Азамат Жарылқасын, Сабина Жанғырбай, Ерсұлтан Джукасинов. Бұл командаларға салалық шекараларды қамтитын және жеке қолдау көрсететін менторлық жүйені қамтамасыз етті.

Жобалық команда мен менторлар бірлесіп стартаптардың тақырыбы мен қатысушылардың дайындығын ескере отырып, оқу сессиялары мен мастер-класстардың нақты кестесін жасады – бастапқы кәсіпкерлік дағдылардан презентация шеберлігін жетілдіруге дейін.

Қараша айында өткізілген менторлық кездесулер әр қатысушыға жеке даму траекториясын қалыптастырды: жобамен танысу, сатылымды күшейту тапсырмаларын қою, маркетингтік стратегияны түзету, презентация құрылымын жетілдіру, мазмұндық питчингті баптау және қорғауды отыра жаттығу.

Оқу циклі қазан–қараша айларында барлық қатысушылар үшін кезең-кезеңімен өтті: «Сәтті стартаптар мысалдары»; «Идеяны іздеу және проблемаларды шешу»; «Бизнес-модельді әзірлеу»; «Қаржылық сауаттылық»; «Питчинг: тиімді презентация» (офлайн); «Маркетинг және жобаларды ілгерілету» (офлайн). Бұл сабақ ритмі командаларға нақты даму жолын көрсетті – үздік тәжірибелерді түсінуден бастап, бизнес-модельді құруға, қаржылық негіздерді есептеуге және сенімді питч жасауға дейін.

Қол жеткізілген көрсеткіштер: Менторлар тартылды (жоспар ≥ 10 ментор), қатысушыларға қазан–қараша айларындағы тренингтер мен кездесулер кестесі дайындалып таратылды.

Тиімділікті талдау: Білікті менторларды тағайындау әр қатысушыға жеке қолдау негізін жасады. Сапалық тұрғыдан бағдарламаға бизнес, IT және білім беру салаларының сарапшылары тартылып, жобаның салалық тәжірибесі артты. Кестені уақытында дайындау оқу процесін ұйымдастырып, қатысушыларға келесі қадамдарды нақты көрсетті.

<https://www.instagram.com/ekomangystau?igsh=MTgyeXo5ajdrdXlwZA%3D%3D>

2 іс-шара. Оқыту сессиялары, мастер-класстар және онлайн интенсивтер өткізу

Оқу бағдарламасы 2025 жылдың қазан–қараша айларында аралас форматта өткізілді және идеяны тексеруден бастап сенімді қоғамдық презентацияға дейінгі жолды қамтыды. Ақтауда екі негізгі офлайн-модуль өткізілді – «Питчинг: тиімді презентация» және «Маркетинг және жобаларды ілгерілету», ал алыс аймақтардағы жас кәсіпкерлерді қамту үшін онлайн-интенсивтер ұйымдастырылды.

Қазан айында қатысушылар «Сәтті стартаптар мысалдары», «Идеяны іздеу және проблемаларды шешу», «Бизнес-модельді әзірлеу» және «Қаржылық сауаттылық» тақырыптарын өтті. Бағдарлама стартапты іске қосудың негізгі аспектілерін қамтыды: гипотезаларды қалай құрастыру және тексеру, бизнес-модельді қалай толтыру және монетизацияны қайдан іздеу, базалық қаржылық көрсеткіштерді қалай есептеу және кәсіпті заңды тіркеудің қадамдары, сондай-ақ питч және маркетинг жоспарын қалай құру. Сабақтар қысқа қолданбалы дәрістер, кейстерді талдау және Q&A форматында өтті; қатысушылар материалдарды өз уақытында қарап шығу үшін жазбалар мен әдістемелік материалдар алды.

Қол жеткізілген көрсеткіштер: 7 оқу іс-шарасы өткізілді (2 офлайн-семинар және 5 онлайн-интенсив), қатысушылар саны – кемінде 10 адам, орташа қатысу – әр сессияға шамамен 16 адам.

Тиімділікті талдау: Оқу көлемі толық орындалды. Қатысушылар тренингтердің практикалық маңыздылығын жоғары бағалады – сауалнама бойынша 90% қатысушы өз білім мен дағдыларының айтарлықтай өскенін көрсетті. Очно және онлайн форматтарды біріктіру бүкіл аймақ бойынша қатысуды қамтамасыз етті. Бұл бағдарлама жастардың кәсіпкерлік дағдыларын арттырып, стартап жобаларын іске асыруға жақындатты.

3 іс-шара. Индивидуалды менторлық және стартаптарды жетілдіру

Менторлық кезең жобаның «үздіксіз» бөлігі болды, негізінен қазан–қараша айларында топтық оқу сессияларымен қатар өтті. Әр он жобаның біріне жеке ментор бекітілді. Коммуникация тұрақты жеке онлайн кездесулер мен консультациялар арқылы жүргізілді; кездесулер қысқа спринт тапсырмаларымен және жедел кері байланыспен толықтырылды.

Менторлар бастапқыда командаларға мәселені анықтау, мақсатты аудиторияны белгілеу, құнды ұсынысты нақтылау және монетизация схемасын жасауға көмектесті. Кейін маркетинг каналдарын, шығын құрылымын, негізгі метрикаларды талдауға, заңдық қадамдар мен келісімдерді жасауға көмек көрсетілді.

Қараша айының басында жеке жұмыс практикалық күндер тақырыбына сәйкес синхрондалды: сатылымды күшейту, маркетинг стратегиясын түзету, презентация құрылымын жетілдіру, мазмұндық питчинг және қорғауды отыра жаттығу.

Қол жеткізілген көрсеткіштер: Барлық финалистерге жеке менторлық қолдау көрсетілді (100%). Әр команда/қатысушы жетілдірілген презентация және жобаның алдын ала бизнес-жоспарын дайындады. Жалпы шамамен 60 жеке сессия өткізілді (әр қатысушыға орта есеппен 3 кездесу).

Тиімділікті талдау: Менторлық жүйе сәтті енгізілді, әр жас стартапқа персоналдық қолдау қамтамасыз етілді. Менторлар қатысушылардың нарықты түсінуі мен жобаларды жетілдіруі айтарлықтай жақсарғанын атап өтті. Қатысушылар маңызды кеңестер мен мотивация алды, бұл олардың жобаларының сапасын және іске асыруға сенімін арттырды.

https://www.instagram.com/startup_mangystau?igsh=azh1cmJtNHNna2Jp

4 іс-шара. Питчинг күні. 3 жеңімпазды анықтау және гранттарды беру

Жобаның қорытындысы ретінде питчинг күні 2025 жылдың 14 қарашасында Ақтауда өтті. Командалар жаңартылған стартап-идеяларды сарапшылар алқасына таныстырды. Әр презентация оқу және менторлық нәтижелеріне сүйенді: мәселе мен шешімді ашу, мақсатты аудитория және құнды ұсыныс, бизнес-модель элементтері, бастапқы экономика және іске асыру жоспары.

Сарапшылар жобаларды жаңашылдық, жүзеге асырылу мүмкіндігі, масштабталу потенциалы, қаржылық есептердің негізділігі және күтілетін әсер бойынша бағалады. 3 үздік жоба грантқа ие болды (әрқайсысы 2 000 000 теңге), қалған командаларға кері байланыс берілді.

Қол жеткізілген көрсеткіштер: 10 финалист қатысқан қорытынды іс-шара ұйымдастырылды. 3 үздік жоба грантқа ие болды; қалған қатысушылар сертификат алды, барлық финалистерге менторлық қолдау ұсынылды. Жеңімпаздар мен конкурс барысы БАҚ пен әлеуметтік желілерде жарияланды.

Тиімділікті талдау: Питчинг күні жобаның оқу мен менторлық нәтижелерін көрсетті. Іс-шара ұйымдастырылды, қоғамдық назар аударылды, мақсаттық көрсеткіш (кемінде 3 грантталған стартап) орындалды.

5 іс-шара. 10 қатысушыны бизнес құрылымдарында стажировкадан өткізу

Бұл кезең конкурстан кейін 2025 жылдың қарашасында өтті. Жобаның практикалық тәжірибесін кеңейту үшін Маңғыстау облысының бірнеше компаниясы мен ұйымдары қатысушыларды қысқамерзімді тағылымдамаларға қабылдауға келісті. Грант жеңімпаздары басқарушылық дағдылар алу үшін қатыстырылды.

Қол жеткізілген көрсеткіштер: 10 қатысушы тағылымдамадан өтті (әрқайсысы 2–4 күн). Жас кәсіпкерлер нақты жұмыс жағдайында тәжірибе алды, әлеуетті инвесторлармен және сала мамандарымен байланыс орнатты.

Тиімділікті талдау: Тағылымдамалар жобаның оқу бөлігін практикалық компонентпен толықтырды. Барлық 10 тағылымдама ұйымдастырылды (100%). Қатысушылар тәжірибе арқылы бизнестің ерекшеліктерін түсінді, өз жобаларын жетілдірді.

https://www.instagram.com/startup_mangystau?igsh=azh1cmJtNHNna2Jp

6 іс-шара. Жобаның қорытынды есептері және сәтті стартап кейстерін жариялау

Жобаның соңғы кезеңі 2025 жылдың қарашасында орындалды. НПУ «Эко Маңғыстау» командасы грант берушіге (НАО ЦПГИ) жобаның барлық индикаторларын қамтитын толық қорытынды есепті дайындады. Сонымен қатар, жеңімпаздардың сәттілігін сипаттайтын жария материалдар – жаңалықтар мен мақалалар дайындалып, жарияланды.

Қол жеткізілген көрсеткіштер: Жобаның қорытынды есебі дайындалды және ұсынылды; кемінде 3 ақпараттық материал жарияланды; барлық 30 қатысушыға электрондық сертификат берілді, материалдарға қол жеткізілді.

Тиімділікті талдау: Қорытынды есеп пен ақпараттық науқан уақытында толық орындалды. Есеп жобаның негізгі көрсеткіштерін растайды. Сәтті кейстердің жариялануы нәтижелердің көрнекілігін қамтамасыз етті, жастардың стартаптық қауымдастығының қарым-қатынасы сақталып, жаңа бастамаларды дамытуға негіз болды.

Стартаптарды оқыту мен сүйемелдеудің тиімділігін бағалау қатысушылар мен менторлар арасында сауалнама, анкеталау және сұхбат жүргізу арқылы жүзеге асыру

1 іс-шара. Стартаптарды оқыту мен сүйемелдеудің тиімділігін бағалау қатысушылар мен менторлар арасында сауалнама, анкеталау және сұхбат жүргізу арқылы жүзеге асыру

Оқыту мен стартаптарды сүйемелдеудің тиімділігін бағалау кезеңі негізгі оқу циклі аяқталғаннан кейін жүргізілді. Бағалау қатысушылар мен менторлардан кері байланыс жинау, сондай-ақ сауалнамалар мен анкеталау арқылы қатысушыларды тестілеу форматында жүзеге асырылды. Сонымен қатар ашық сұрақтар арқылы сапалық кері байланыс жиналды.

Қол жеткізілген нәтижелер:

Тиімділікті бағалау кезеңінің қорытындысы бойынша қатысушылардан кері байланыс жиналды: коммуникация мен қауымдастықты қолдауды жақсарту бойынша негізгі ашық сұраққа барлығы 40 жауап алынды. Респонденттердің шамамен төрттен бірі ештеңе өзгертудің қажеті жоқ екенін және жобаның барлық форматы көңілінен шығатынын атап өтті. Бұл сауалнама нәтижелерін талдау негізінде сүйемелдеу деңгейінің жеткілікті жоғары екенін көрсетеді

Тиімділікті талдау:

Жиналған сауалнамалар мен тестілеу нәтижелері оқыту мен стартаптарды сүйемелдеу жалпы алғанда тиімді болғанын көрсетті. Бір жағынан, нақты білім беру әсері байқалды: пре-/пост-тест нәтижелері бойынша қатысушылар бағдарламаның негізгі тақырыптарын жақсырақ меңгерген, дұрыс жауаптар үлесі артқан және 50% және одан жоғары нәтиже көрсеткен қатысушылар саны көбейген. Екінші жағынан, анкеталау нәтижелері сүйемелдеу форматының оң қабылданатынын көрсетті — респонденттердің елеулі бөлігі өзгеріс ұсынбаған, бұл қолдау форматына қанағаттанушылықты білдіреді.

Сонымен бірге алынған кері байланыс дамытуды қажет ететін бағыттарды анықтауға мүмкіндік берді. Қатысушылардың жиі айтқан сұраныстары оқыту мазмұнына емес, коммуникацияны ұйымдастыруға және қауымдастық жұмысын күшейтуге қатысты болды. Қатысушылар үшін ақпаратты тұрақты түрде, түсінікті форматта және ыңғайлы арналар арқылы (әлеуметтік желілер, мессенджерлер) алу, сондай-ақ өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін — нетворкинг, тәжірибе алмасу және жедел кері байланысты арттыру маңызды екені анықталды. Осылайша, бағдарлама қазірдің өзінде жақсы нәтиже көрсетіп отыр, ал оның тиімділігін одан әрі арттыру жүйелі коммуникациялық стратегияны енгізу және қауымдастықты қолдау элементтерін күшейту арқылы мүмкін болады.

Қорытынды жария презентация

1 іс-шара. Қорытынды жария презентация

Қорытынды жария презентация жоба аясындағы оқыту және стартаптарды жеке сүйемелдеу аяқталғаннан кейін, бағдарламаның финалдық іс-шарасы ретінде өткізілді. Презентациядан кейін жобаның нәтижелері жобаның әлеуметтік желілеріндегі парақшаларында (Instagram/Facebook) кеңінен жарияланды. Қол жеткізілген нәтижелер:

Қорытынды жария презентация жобаның нәтижелерін ресми және көрнекі түрде қорытындылауға, оларды кең аудитория мен серіктестерге түсінікті етіп көрсетуге мүмкіндік берді. Іс-шара бағдарламаның ашықтығын арттырып, қол жеткізілген нәтижелерге деген сенімді күшейтті, сондай-ақ атқарылған жұмыстың нақты әсерін көрсетті.

Презентация қатысушылардың да, бастаманың да танымалдығын арттырып, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде одан әрі жариялауға арналған күшті ақпараттық себеп қалыптастырды. Сонымен қатар, іс-шара кәсіби байланыстар аясын кеңейтіп, жобаларды одан әрі дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашты.

Тиімділікті талдау: Қорытынды презентация тиімді өтті, себебі ол жобаның нәтижелерін көпшілік алдында бекітті, бағдарламаның қорытындыларына деген сенімді арттырды және бастаманың танымалдығын күшейтті. Іс-шара медиа және әлеуметтік желілерде ілгерілетуге арналған сапалы контент қалыптастырып, қатысушылар үшін жаңа байланыстар мен даму мүмкіндіктерін кеңейтті.

Шарт талаптарына сәйкес ақпараттық жұмыс жүргізу

Жобаны жүзеге асыру барысы туралы ақпараттық жұмыс 2025 жылғы шілде-қараша айларында жүргізілді. Ақпараттық жұмыс аясында әлеуметтік желілерде жарияланымдар, дайджесттер, пресс-анонстар дайындалып, түрлі тарату арналары арқылы таратылды. Сондай-ақ бейнероликтер де жарияланды.

Міндетті көрсеткіштерге сәйкес, әлеуметтік желілерде және жобаның сайтында әр платформа бойынша кемінде 10 жарияланым, әр платформа бойынша кемінде 2 қосымша жарияланым, кемінде 6 тарату арнасы (теледидар, баспа басылымдары, интернет порталдар, радио, электрондық хаттамалар, жобаны жариялаған сайт, Facebook, Instagram, Telegram) пайдаланылды. Жалпы ақпараттық қамту кемінде 35 000 адамды құрады, бейнероликтердің саны кемінде 2 болды.

Нақты көрсеткіштер бойынша, әлеуметтік желілерде 10 жарияланым, 1 қосымша жарияланым, 2 жарияланым әр платформада, тарату арналары бойынша 6 шара жүзеге асырылып, жалпы ақпараттық қамту 78 218 адамға жетті.

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

Маңғыстау облысында жүзеге асқан жоба жастар кәсіпкерлігін дамытуға бағытталған маңызды бастама болды. Жоба аясында 66 өтінім қабылданып, олардың ішінен 30 қатысушы финалдық топқа таңдалды. Бағдарламаға ≥ 10 ментор тартылып, 7 оқу іс-шарасы (2 офлайн, 5 онлайн) өткізілді. Питчинг күні 10 финалист өз жобаларын қорғап, 3 қатысушы 2 000 000 теңгелік грантқа ие болды. Сонымен қатар, 10 қатысушы аймақтық бизнес құрылымдарында стажировкадан өтті. Ақпараттық қолдау ретінде 5 пост/видеоролик жарияланып, Telegram-канал құрылды.

Жобаның нәтижесінде Маңғыстау облысында стартап мәдениеті кеңінен танылды, жастар кәсіби дағдыларын жетілдіріп, тәжірибелерін әрі қарай қолдануға мүмкіндік алды. Құрылған стартап қауымдастығы мен желілік байланыстар жобадан кейін де жұмысын жалғастырып, тәжірибе алмасуды қамтамасыз етеді. Менторлық жүйе тұрақты қолдау механизмі ретінде сақталады, ал гранттық қолдау алған жобалар аймақтық стартап экожүйесіне үлес қосады. Ақпараттық инфрақұрылым, жарияланымдар және әлеуметтік желілер арқылы жастардың кәсіпкерлікке қызығушылығы артып, тұрақты мотивация қалыптасты.

Жалпы, жоба жастар арасында кәсіпкерлік мәдениетті қалыптастырып, инновациялық ойлау мен стартап-экожүйенің дамуына ұзақ мерзімді оң әсер етті.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Мақсат: Маңғыстау облысында жастар кәсіпкерлігін дамыту, стартап мәдениетін танымал ету және перспективалық идеяларды іріктеп, оларға менторлық қолдау мен грант беру.

Ақпараттық кампания: 5 пост/видеоролик жарияланып, 1 Telegram-канал іске қосылды; 66 өтінім қабылданды, бұл жастардың жобамен танысып, қатысуға қызығушылығын көрсетті.

Қатысушылар іріктеу: 30 перспективалық жас стартапер таңдалып, жобалық қауымдастық құрылды, бұл мақсатқа сай сапалы жастар тобының қалыптасқанын дәлелдейді.

Оқыту және менторлық: 7 оқу іс-шарасы (2 офлайн, 5 онлайн) өткізілді; ≥ 10 ментор тартылып, қатысушылардың бизнес-құзыреттілігі артты. 90% қатысушылар өз білім деңгейінің өскенін бағалады.

Питчинг және гранттар: 10 финалист өз жобаларын қорғап, 3 жоба грант алды (әрқайсысы 2 000 000 теңге), бұл жобаның негізгі мақсаты – перспективалық идеяларды қолдау – орындалғанын көрсетеді.

Стажировка: 10 қатысушы бизнес құрылымдарында тәжірибе алды, бұл практикалық қабілеттерді дамыту арқылы жобаның мақсаттарына қосымша дәлел болды.

Қорытынды: Жоба мақсаты толық іске асырылды: жастар кәсіпкерлігі дамыды, перспективалық стартаптар анықталып, оларға менторлық және қаржылық қолдау көрсетілді.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: ауытқу жоқ

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Жобаға дейінгі ахуал: Жоба басталғанға дейін Маңғыстау облысында жастар кәсіпкерлігін дамыту деңгейі төмен болып, стартап мәдениеті жеткілікті дәрежеде қалыптаспаған еді. Жастар арасында кәсіпкерлік идеяларды іске асыруға қызығушылық болғанымен, практикалық тәжірибе мен жүйелі қолдау жеткіліксіз болды. Менторлық сүйемелдеу мен гранттық қолдау тетіктерінің болмауы перспективалы стартап жобалардың толық жүзеге асуына кедергі келтірді. Сонымен қатар, ақпараттық қолдау жүйесінің әлсіздігі жастардың жобалар мен мүмкіндіктер туралы хабардар болу деңгейін төмендетті.

Жоба аяқталған кездегі ахуал: Жоба нәтижесінде жастар кәсіпкерлігін дамыту бағытында нақты өзгерістерге қол жеткізілді: 30 жас стартаперден құралған қауымдастық қалыптасып, олар өз жобаларын іске асыруға дайындық кезеңінен өтті. Менторлық қолдау аясында кемінде 10 ментор тартылып, әр қатысушыға жеке кеңес пен бағыт-бағдар берілді. Гранттық қолдау нәтижесінде 3 жоба 2 000 000 теңгеден қаржыландырылып, стартап идеяларды нақты іске асыруға мүмкіндік туды.

Оқыту бағыты бойынша 7 оқу іс-шарасы өткізілді, қатысушылардың 90%-ы өздерінің бизнес-құзыреттіліктері артқанын растады. Сонымен қатар, 10 қатысушы бизнес құрылымдарында стажировкадан өтіп, кәсіби және практикалық дағдыларын нығайтты. Ақпараттық қолдау Telegram-канал мен әлеуметтік желілер арқылы күшейтіліп, нәтижесінде конкурсқа келіп түскен өтінімдер саны 66-ға жетті.

Проблемаларды және міндеттерді шешу дәрежесі

Жобаның негізгі мақсаты — жастар кәсіпкерлігін дамыту және стартап мәдениетін қалыптастыру — толық көлемде орындалды. Ақпараттық жетіспеушілік пен тәжірибелік қолдау тапшылығы жойылып, жастардың кәсіпкерлік идеяларын іске асыруға деген ынтасы артты. Бұл өңірде тұрақты инновациялық және кәсіпкерлік экожүйенің қалыптасуына негіз қалады

Қорытынды

Жоба әлеуметтік және практикалық тұрғыдан нақты нәтижелерге қол жеткізді: жастардың кәсіпкерлік дағдылары мен белсенділігі артты, стартап идеялар жүйелі қолдауға ие болды, менторлық және практикалық тәжірибе тетіктері қалыптасты.

2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат

1) гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
353	145	208

2) санаттар бойынша әлеуметтік мәртебесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
353	0	353	0	0	0	0	0	0	0	0

3) жас ерекшелігінің көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
353	0	190	95	67	1	0	0

3. Жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):

Сандық көрсеткіштер:

Жобаға барлығы 66 өтінім қабылданды. Іріктеу қорытындысы бойынша 30 қатысушыдан құралған жастар стартаперлерінің финалдық қауымдастығы қалыптасты. Жоба аясында кемінде 10 ментор тартылып, 7 оқу іс-шарасы өткізілді, оның ішінде 2 офлайн және 5 онлайн

форматта ұйымдастырылды. Финалдық кезеңге өткен 10 қатысушы бизнес құрылымдарында стажировкадан өтті. Сонымен қатар, 10 финалист өз жобаларын қорғап, нәтижесінде 3 жоба әрқайсысы 2 000 000 теңге көлеміндегі гранттық қолдауға ие болды. Ақпараттық қолдау шеңберінде 5 пост/бейнеролик жарияланып, жеке Telegram-канал құрылды.

Сапалық өзгерістер:

Жоба нәтижесінде қатысушылардың кәсіпкерлік құзыреттері артты, атап айтқанда бизнес-модель әзірлеу, маркетинг және қаржылық сауаттылық бағыттарында білімдері тереңдеді. Менторлық қолдау арқылы стартап идеяларын нақтылау, жобаны таныстыру және питчинг жасау дағдылары жетілдірілді. Жоба жастар арасында кәсіпкерлік мәдениет пен инновациялық ойлаудың қалыптасуына ықпал етті. Қатысушылар өзара тәжірибе алмасу нәтижесінде қоғамдық және кәсіби байланыстарын кеңейтті. Гранттық қолдау алған жобалар арқылы жергілікті экономикаға ықпал етуге мүмкіндік туды.

Қорытынды:

Жоба жастардың кәсіпкерлік әлеуетін дамытуға, стартап мәдениетін қалыптастыруға және перспективалық жобаларды қолдауға бағытталған мақсаттарына толық көлемде қол жеткізді.

2) жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):

Шешілген проблема:

Жоба аясында Маңғыстау облысында жастар кәсіпкерлігінің жеткіліксіз дамуы, стартап мәдениетінің қалыптаспауы, сондай-ақ менторлық және қаржылық қолдау жүйесінің болмауы мәселелері шешімін тапты.

Ұзақ мерзімді оң әсері:

Жоба нәтижесінде 30 қатысушыдан тұратын жастар стартап қауымдастығы қалыптасып, жинақталған тәжірибе мен дағдылар алдағы кезеңде жаңа кәсіпкерлік жобалардың негізіне айналады. Ақпараттық компаниялар мен оқыту бағдарламалары жастар арасында инновациялық ойлауды дамытып, кәсіпкерлікке деген қызығушылықты арттырды.

Менторлық қолдаудың енгізілуі тәжірибелі мамандардың қатысуымен қатысушылардың кәсіби әлеуетін күшейтіп, болашақта жаңа стартаптарға тұрақты кеңес беру мен сүйемелдеу мүмкіндігін қалыптастырады. Гранттық қолдау алған жобалардың қызметін жалғастыруы өңірдегі экономикалық белсенділіктің артуына ықпал етеді. Сонымен қатар, жоба барысында қалыптасқан қауымдастық, кәсіби байланыстар мен тәжірибе инновациялық кәсіпкерлік экожүйенің дамуына алғышарт жасайды.

Болжамды теріс өзгерістер:

Жобаның ұзақ мерзімді әсері негізінен оң сипатта. Дегенмен, жекелеген стартаптардың нарық талаптарына бейімделу барысында немесе қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуде қиындықтарға тап болуы мүмкін, бұл кәсіпкерлік қызметке тән табиғи тәуекелдер ретінде бағаланады.

Қорытынды: Жоба Маңғыстау облысында жастар кәсіпкерлігін тұрақты дамытуға, инновациялық экожүйені қалыптастыруға және перспективалық стартап идеяларды іске асыруға бағытталған ұзақ мерзімді оң әлеуметтік және экономикалық әсерге ие.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Әлеуметтік әсері:

Жоба аясында жастар арасында кәсіпкерлік мәдениет пен инновациялық ойлау қалыптасты. 30 қатысушыдан тұратын стартап қауымдастығы құрылып, олардың тәжірибе алмасуы мен кәсіби байланыстары кеңейді. Менторлық қолдау нәтижесінде қатысушылар өз стартап жобаларын нақты іске асыруға дайындық деңгейіне жетті. Оқу іс-шаралары мен тренингтер жастардың кәсіпкерлік құзыреттерін, оның ішінде бизнес-модель әзірлеу, маркетинг, қаржылық сауаттылық және питчинг дағдыларын арттырды.

Экономикалық әсері:

Әрқайсысы 2 000 000 теңгеден берілген 3 гранттық жоба нақты экономикалық белсенділіктің қалыптасуына ықпал етті. Сонымен қатар, 10 қатысушы бизнес құрылымдарында стажировкадан өтіп, практикалық дағдыларын жетілдіріп, кәсіби байланыстарын нығайтты. Жоба нәтижесінде өңірде инновациялық стартап экожүйесінің дамуына негіз қаланып, аймақ экономикасына қосымша инвестициялық және жобалық әлеует қалыптасты.

Қорытынды:

Жоба әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан тиімді болып, жастар кәсіпкерлігін дамытуға, инновациялық бастамаларды қолдауға және аймақтық стартап экожүйесін қалыптастыруға нақты үлес қосты.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: Aktownx қоғамдық қоры

Басым бағыттың атауы: Маңғыстау облысындағы шығармашыл жастарды қолдау

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1-міндет. Аймақтағы музыкалық және хореографиялық өнер саласындағы талантты жастарды анықтау, іріктеу, даярлау және оқыту

1 іс-шара Аймақтағы талантты жастарды анықтау мақсатында «Aktown шақырады» кастигін ұйымжастыру

Іс-шаралар бойынша жоспарланған сандық және сапалық көрсеткіштерге сәйкес ақпараттық және ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, әлеуметтік желілерде бір ақпараттық жарияланым (reels-пост) орналастырылды және кастингке қатысуға шақыру мақсатында бір бейнеролик дайындалып, жарияланды. Сонымен қатар, үміткерлердің тізімі қалыптастырылып, бекітілді.

Конкурсты өткізуге арналған ереже Тапсырыс берушімен келісіліп, бекітілген күйде қабылданды. Кастинг процесінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету мақсатында бес адамнан тұратын әділқазылар алқасы құрылып, олардың әрқайсысы туралы тиісті ақпарат ұсынылды. Кастинг қорытындысы бойынша отыз бес үміткер іріктеуден өтіп, бұл көрсеткіш жоспарланған индикаторларға толық сәйкес келеді. Кастинг нәтижелері тиісті хаттамамен рәсімделді. Сондай-ақ іс-шара барысында үш фото және бір бейнематериал дайындалып, құжаттамалық базаға енгізілді. Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/DJegFknshMF/?utm_source=ig_web_button_share_sheet&igsh=cGpjZTR4a3AzOHRl

2 іс-шара Шығармашыл жастардың біліктілігін арттыру бойынша тақырыптық шеберлік сағаттар ұйымдастыру

04.07.2025 жыл. Ақтау қаласы, Жастар орталығы 6 ш/а 18 ғимарат, мәжіліс залы шеберлік сағат ұымдастырылды.

Жоспарланған және орындалған көрсеткіштерге сәйкес шеберлік сағаттар бойынша іс-шаралар өткізіліп, келесі нәтижелер тіркелді. Жоспарланған шеберлік сағат саны – 2, нақты орындалған – 2. Дәріскер саны жоспарланған 1 адам, нақты – 1 адам. Шеберлік сағат бағдарламасы бойынша жоспарланған 2 бағдарлама толығымен орындалды. Қатысушылар тізімі әр сабақ бойынша, олардың аты-жөні, байланыс нөмірлері және қолдары тіркелген; жоспарланған – 2, факт – 2.

Қатысушылар саны жоспарланған 30 адам, нақты қатысқан 15 адам, кейбір қатысушылар қайталанды. Фото және видео есеп жоспарланған 3 фото және 1 видео әр шара бойынша, нақты орындалған көрсеткіш – 3 фото және 1 видео әр шарадан. Әлеуметтік желілерде жарияланым жоспарланған және орындалған – 1 жарияланым.

Типографиялық өнімдер (футболка, блокнот, стикерпак) дайындау жоспары бойынша 60 дана жоспарланып, берілді. Сауалнама өткізілген, жоспарланған – 1, факт – 1; алайда сауалнама анализі бойынша 80% асты. Жауаптар жүктемесі жоспарланған және нақты – 1.

https://www.instagram.com/p/DLw2ffAMIHt/?img_index=1

3-іс-шара Конкурстық іріктеуден өткен қатысушылардан шығармашылық топ қалыптастыру

Аймақтағы музыкалық және хореографиялық өнер саласындағы талантты жастардың кемінде 15 қатысушыдан тұратын шығармашылық тобы қалыптасты.

4-іс шара Іріктелген жастардың әлеуетін арттыру мақсатында жас таланттардың шағын таныстырылымын ұйымдастыру

Әлеуметтік желі(лер)де жарияланатын қатысушылар туралы жарияланым толық 15 (промо-ролик) салынды.

https://drive.google.com/drive/folders/1_9SJqdf42r761fq2zdLcDvWXXbJ545oT?usp=sharing

Сілтемесі:

<https://www.instagram.com/p/DR7PvnfDM0z/?igsh=MTBqa2RxMjJsYjhmaQ==>

<https://www.instagram.com/p/DR7QymQDBPF/?igsh=MmpjZWF6bjc1dmRv>

<https://www.instagram.com/p/DR7RALPDP3D/?igsh=MXVubXNua3dzb3VrOA==>

<https://www.instagram.com/p/DR7RJcSDMKc/?igsh=MTRvNTJ6OWhldW9uZA==>

<https://www.instagram.com/p/DR7ROahjleU/?igsh=MTBpbXM5enp6bXFybw==>

<https://www.instagram.com/p/DR7RboQjOmc/?igsh=MWlkbTJxMGNrNG9ycg==>

<https://www.instagram.com/p/DR7RsQvDMVh/?igsh=OTZ1YXZlcm9oODY2>

<https://www.instagram.com/p/DR7Rz9lDMos/?igsh=cGV4dnMwOWdubTI5>

<https://www.instagram.com/p/DR7SHWejPeK/?igsh=Z21ja3dzYjN2NHfy>

<https://www.instagram.com/p/DR7SQneDCGs/?igsh=MXB1NTBmZWhtdTR6aQ==>

<https://www.instagram.com/p/DR7SZRljK3G/?igsh=NHgxYWc3eHQ5cWd4>

<https://www.instagram.com/p/DR7ShEUjENg/?igsh=MWo5dmp0YWI0Zms5dA==>

<https://www.instagram.com/p/DR7SHWejPeK/?igsh=Z21ja3dzYjN2NHfy>

<https://www.instagram.com/p/DR7RsQvDMVh/?igsh=OTZ1YXZlcm9oODY2>

<https://www.instagram.com/p/DR7ShEUjENg/?igsh=MWo5dmp0YWI0Zms5dA==>

2-міндет. Аймақтағы талантты жастар қолдау мақсатындағы «Жиналайық» шағын кештер сериясын және «Жиналайық» Open air форматындағы жастар кешін ұйымдастыру

1-іс-шара Өңірдегі жас таланттарды анықтау үшін ашық алаңда, еркін форматта «Жиналайық» шағын кешін ұйымдастыру

«Жиналайық» жобасы аясында өңірдегі жас таланттарды анықтау мақсатында Ақтау және Жаңаөзен қалаларында ашық форматтағы 3 мәдени іс-шара өткізілді. Шараларға 500-ден астам көрермен қатысып, әр шара бойынша 15 жас өнерпаздар музыкалық және хореографиялық бағытта өз өнерлерін көпшілікке ұсынды. Сілтеме

https://www.instagram.com/reel/DJegFknshMF/?utm_source=ig_web_button_share_sheet&igsh=cGpjZTR4a3AzOHRl

<https://www.instagram.com/p/DJegmIJs3G1/?igsh=MXhleGRydDZiaHZzaQ==>
<https://www.instagram.com/p/DK-BOTPsHKj/?igsh=d3JjdWg5anFvdzBw>
https://www.instagram.com/reel/DJegFknshMF/?utm_source=ig_web_button_share_sheet&igsh=cGpjZTR4a3AzOHRl
<https://www.instagram.com/p/DJegmIJs3G1/?igsh=MXhleGRydDZiaHZzaQ==>
<https://www.instagram.com/p/DK-BOTPsHKj/?igsh=d3JjdWg5anFvdzBw>
<https://www.instagram.com/reel/DLAX643tmqZ/?igsh=cGVuc3kwdWdkYzF4>
<https://www.instagram.com/reel/DLCxMTINokb/?igsh=bzdrM3p5OGFvaHlu>
<https://www.instagram.com/reel/DLFac3PNCkm/?igsh=MWI4aXNvemUwcHVwdA==>
<https://www.instagram.com/reel/DLHuvWZN89z/?igsh=MzAwdjM0anBIMjYz>
<https://www.instagram.com/reel/DLKikDdtZun/?igsh=djQzbDA4cGVqdDVv>
<https://www.instagram.com/reel/DLKn3WTN4im/?igsh=YXZ6b2U5ODRia3Uw>
<https://www.instagram.com/p/DLMiAHRNerT/?igsh=dHo3Y2ZheWtkY25x>
<https://www.instagram.com/reel/DLNUpJBtd2A/?igsh=MWh2NTFpdDE1NXRpZw==>
<https://www.instagram.com/reel/DLPoZs8tJ5j/?igsh=cm9xMnU4M2JsZmYz>
<https://www.instagram.com/reel/DLP9mMGNpaq/?igsh=MWJ0bTI2NThqNHA4Zw==>
<https://www.instagram.com/reel/DLRoEC2tPif/?igsh=MWdzYmlsMG5rdXppaw==>
<https://www.instagram.com/reel/DLSNgeCs7FV/?igsh=MTI1aWRoamNoZmZnOA==>
<https://www.instagram.com/reel/DLSg8mGMZVu/?igsh=ZXQ1amE0bnhhMHkz>
<https://www.instagram.com/p/DLz8fdHskp4/?igsh=MmZwNnIzOGxyd2Ni>
<https://www.instagram.com/reel/DL2Ru1wNuKt/?igsh=MTRsZmZiaWg5c2kx>

2 іс-шара. Аймақтағы шығармашыл жастардың әлеуетін көрсетіп, шығармашыл жастардың басын біріктіретін ең ауқымды алаң «Жиналайық» Open Air форматындағы концертті ұйымдастыру.

2025 жылдың тамыз айында теңіз жағасында үлкен финалды шара ұйымдастырылды. Сахна көрермендерді тәнті ететін баннермен әсем безендіріліп, іс-шараның атмосферасын ерекше әсерлі еткен. Шараның хедлайнері өзінің өнерімен көрермендерді тәнті етті, ал жоспар тапсырыс берушімен келісілгендей толық орындалды. Республика бойынша өнер көрсетуге 50 жас талантты қатысушы тартылып, олардың әрқайсысы өз шеберлігін көрсетті. Шараға барлығы 10 000 көрермен қатысып, теңіз жағасындағы мерекелік атмосфераны толық сезінді. Фото және видео есептер әр шарадан дайындалып, жалпы 15 фото мен 3 видео материал тіркелді. Өнер көрсетушілердің толық тізімі, оның ішінде аты-жөні, байланыс деректері және қолдары тіркелген.

Әлеуметтік желілерде шараның басталуы мен аяқталуы туралы екі рилс жарияланды, ал көрермендер мен қатысушылардан кемінде 20 пікір алынды. Сонымен қатар, БАҚ-та бір жарияланым жасалып, хабарландыру афиша арқылы шара кеңінен насихатталды.

Шараның нәтижесінде жастардың шығармашылық мүмкіндіктері кеңейіп, көрермендерге ұмытылмас әсер қалдырды.

https://www.instagram.com/reel/DJegFknshMF/?utm_source=ig_web_button_share_sheet&igsh

<https://www.instagram.com/p/DJegmIJs3G1/?igshGRydDZiaHZzaQ==>

<https://www.instagram.com/p/DNBDup4tmQ0/>

3-міндет. Аймақтағы заманауи музыкалық және хореографиялық өнер саласындағы талантты жастарға ақпараттық, консультативтік және әкімшілік қолдау көрсету

1-іс-шара Жоба қатысушыларының заманауи музыка саласындағы біліктілігін арттыру мақсатында республикалық деңгейдегі маман қатысуымен уоркшоп ұйымдастыру.

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 19А ш/а орналасқан Маңғыстау креатив хаб орталығы талантты жастарға арналған бірегей уоркшопқа куә болды. Жоба қатысушыларымен өткізілген бұл уоркшоп бір сессиядан тұрды және толықтай ұйымдастырылған іс-шара бағдарламасы бойынша өткізілді.

Уоркшопты өткізуге екі тәжірибелі маман тартылды, олардың кәсіби шеберлігі қатысушыларға жаңа дағдылар мен шығармашылық мүмкіндіктерді ашуға мүмкіндік берді. Жалпы 30 қатысушы іс-шараға белсенді қатысты, олардың аты-жөні, байланыс деректері мен қолдары арнайы тізімде тіркелген. Сонымен қатар, республикалық деңгейдегі маман туралы толық ақпарат ұсынылып, қатысушыларға кәсіби кеңестер берілді.

Уоркшоп барысында жасалған барлық жұмыстар мен сәттер фото және видео арқылы толық қамтылып, 6 материалдық есеп дайындалды. Шара нәтижесінде қатысушылардың шығармашылық қабілеттері дамып, кәсіби тәжірибесі артты.

2 іс-шара Кастингтен өткен шығармашыл жастар үшін промо-роликтер әзірлеу, аймақ жұртшылығына таныстыру мақсатында ақпараттық жұмыс жүргізу.

Кастингтен өткен шығармашыл жастарды аймақ жұртшылығына таныстыру мақсатында ақпараттық сүйемелдеу жүргізіліп, өнерпаздарға арналған 15 промо-ролик әзірленді. Әрбір ролик бойынша фото және видео есептер дайындалып, барлығы 15 жарияланым әлеуметтік желілерде орналастырылды. Бұл жұмыс жас таланттардың танымалдылығын арттыруға ықпал етті.

https://drive.google.com/drive/folders/liSeV1Py_Xb4AvcUhMk9yuSq7bTdxsGj8?usp=drive_link

3 іс-шара. Шығармашыл жастардың портфолиосын жасақтау мақсатында кәсіби маманның қатысуымен фотосессия ұйымдастыру.

Шығармашыл жастардың жеке портфолиосын қалыптастыру мақсатында кәсіби маманның қатысуымен фотосессия ұйымдастырылды. Іс-шара аясында 1 фотостудия жалданып, қатысушылар үшін 15 кәсіби фотосурет дайындалды. Фотосессия нәтижелері бойынша әлеуметтік желілерде 15 жарияланым орналастырылды.

4 іс-шара Жоба қатысушыларымен (кастингтен өткен) тұрақты байланыс орнатып, консультативтік қолдау көрсету мақсатында мессенджерлерде топ құру

Кастингтен өткен жоба қатысушыларымен тұрақты байланыс орнатып, консультативтік қолдау көрсету мақсатында екі мессенджерде арнайы топтар құрылды. Жоба аясында қатысушылармен өзара байланыс нәтижелері бойынша 15 скриншот және 1 консультативтік кеңес беру журналы әзірленді. Бұл жұмыс қатысушылардың сұрақтарына жедел жауап беріп, жобаны тиімді сүйемелдеуді қамтамасыз етті.

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы

1 іс-шара Жобаның қорытынды презентациясы

Жобаның қорытынды презентация жасалды, әлеуметтік желілерге жарияланды. Жоба бойынша әлеуметтік қаралым 265024 жиналды.

2-шара Қатысушылардың қанағаттану деңгейін талдау

2 фазалы сауалнама жүргізілді, сауалнама нәтижесі бойынша қанағаттану деңгейі 100 % болды.

3 іс-шара Әлеуметтік желі арқылы жоба аудиториясынан жалпы сауалнама алу.

Әлеуметтік желі арқылы сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесі бойынша 20 акаунтты қатысып, қанағаттану деңгейі 100 % болды.

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс

Жоба бойынша медиа жоспар жасалынып, Бақ-та кемінде 3 жарияланды. Әлеуметтік желілерде 12 пост шығып, 2 инфлюенсер тартылды.

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

Жоба мақсаты – Маңғыстау облысындағы музыкалық және хореографиялық өнер саласындағы талантты жастарды анықтау, іріктеу, даярлау, оқыту және қолдау көрсету.

Жобаны іске асыру барысында жоспарланған іс-шаралар толық көлемде орындалып, нақты нәтижелерге қол жеткізілді. Атап айтқанда, кастинг және іріктеу кезеңдерінің қорытындысы бойынша 35 үміткер анықталып, конкурс нәтижелері тиісті хаттамамен рәсімделді. Қатысушылар үшін шеберлік сағаттар ұйымдастырылып, бекітілген бағдарламалар толық орындалды, сондай-ақ әрбір сабақ бойынша қатысушылардың аты-жөні мен байланыс деректері тіркелді.

Жоба аясында аймақтағы шығармашылық жастардың арасынан 15 қатысушыдан тұратын тұрақты шығармашылық топ қалыптастырылды. Сонымен қатар, «Жиналайық» форматындағы шағын кештер мен Open Air үлгісіндегі финалдық іс-шара өткізілді. Аталған шараларға жалпы саны шамамен 10 000 көрермен қатысып, республикалық деңгейдегі 50 жас талант тартылды.

Жобаның барлық кезеңдері фото және бейнематериалдармен құжатталып, есептік базаға енгізілді.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Жоба аясында ақпараттық қолдау жұмыстары жүргізіліп, әлеуметтік желілерде тиісті жарияланымдар орналастырылды, сондай-ақ кастингке қатысуға шақыратын бейнеролик дайындалып, таратылды. Кастингке қатысқан үміткерлердің тізімі қалыптастырылып, бекітілді.

Кастинг процесінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету мақсатында әділқазылар алқасы құрылып, оның құрамындағы әрбір мүшеге қатысты толық ақпарат ұсынылды. Шеберлік сағаттар бойынша жоспарланған бағдарламалар толық көлемде орындалып, дәріскерлер саны жеткілікті болды, іс-шаралар фото және бейнематериалдармен құжатталды. Сонымен қатар, «Жиналайық» форматындағы кештер мен Open Air үлгісіндегі финалдық іс-шара жоғары көрермен қатысуымен өткізілді.

Қатысушылардың толық тізімі тіркеліп, іс-шаралар туралы ақпараттар әлеуметтік желі мен бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды. Жобаның іске асырылуын растау мақсатында фото және видео есептер, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі жарияланымдар дәлелдеме ретінде ұсынылды.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: ауытқу жоқ

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Жобаға дейінгі ахуал: Жобаны іске асыруға дейін аймақтағы жас таланттар арасында жүйелі шығармашылық байланыс жеткілікті деңгейде қалыптаспаған, кәсіби өсуге арналған орта мен бірлескен алаңдар шектеулі болды.

Жоба аяқталғаннан кейінгі өзгерістер: Жоба нәтижесінде жас таланттар арасында тұрақты шығармашылық топтар құрылып, олардың кәсіби шеберлік деңгейі артты. Көрермендер үшін мәдени іс-шараларға қатысу мүмкіндігі кеңейіп, әлеуметтік желілер арқылы жастардың өнері кең аудиторияға таныстырылды. Сонымен қатар, жобаның жүзеге асуы аймақтың мәдени өмірінің жандануына ықпал етіп, жас өнерпаздардың дамуы мен кәсіби өсуіне нақты қолдау көрсетті.

2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат:

1) гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
1742	500	1242

2) санаттар бойынша әлеуметтік мәртебесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
1742	20	1342	53	16	14	32	54	28	123	60

3) жас ерекшелігінің көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
1742	720	270	123	356	268	5	0

3. Жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:

Жоба аясында Маңғыстау облысындағы музыкалық және хореографиялық өнер саласындағы талантты жастар қамтылды. Жобаны іске асыру барысында нысаналы топтар төмендегідей нақты нәтижелерге қол жеткізді.

Сандық көрсеткіштер:

Кастингке 35 үміткер қатысып, белгіленген талаптарға сәйкес іріктеуден өтті. Қатысушылар үшін 2 шеберлік сағаты ұйымдастырылып, әр іс-шараға орта есеппен 15 адам қатысты (кейбір қатысушылар бірнеше іс-шараға қатысқан). «Жиналайық» форматындағы шағын кештер мен Open Air үлгісіндегі финалдық шараларды қоса алғанда, барлығы 3 мәдени іс-шара өткізілді, олардың жалпы көрермен саны шамамен 10 000 адамды құрады. Сонымен қатар, республикалық деңгейде өнер көрсетуге 50 жас талант тартылды.

Іс-шаралардың өтуін растау мақсатында 15 фотоматериал және 3 бейнематериал дайындалып, әлеуметтік желілерде 2 рилс жарияланды, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында 1 хабарландыру орналастырылды.

Сапалық көрсеткіштер:

Жобаға қатысу нәтижесінде жастардың шығармашылық қабілеттері дамып, сахналық және кәсіби тәжірибесі артты. Іс-шаралар барысында қатысушылар өз өнерін көпшілікке ұсыну, аудиториямен тікелей байланыс орнату және әлеуметтік желілер арқылы шығармашылық жетістіктерін таныстыру мүмкіндігіне ие болды. Сонымен қатар, қатысушылар арасында ынтымақтастық пен шығармашылық белсенділік күшейіп, бірлескен жұмыс тәжірибесі қалыптасты.

2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

Оң ықпалдар: Жоба аясында қамтылған жас таланттар өз шығармашылық шеберлігін дамытып, кәсіби деңгейін арттыруға мүмкіндік алды. Аймақтағы мәдени өмірдің белсенділігі күшейіп, жаңа шығармашылық топтардың қалыптасуына негіз қаланды. Сонымен қатар, жастардың өнерін көпшілікке ұсыну мүмкіндігі кеңейіп, мәдени және әлеуметтік байланыстар нығайды.

Болжамды шектеулер мен тәуекелдер: Қатысушылар санының шектеулі болуы және кейбір жоспарланған іс-шаралардың толық көлемде орындалмауы жобаның әлеуетін қысқа мерзімде шектеуі мүмкін. Алайда бұл факторлар жобаның жалпы нәтижелеріне айтарлықтай кері әсер етпейді және болашақта қосымша іс-шаралар арқылы толықтырылуы мүмкін.

Қорытынды: Жобаның жалпы әсері аймақтағы талантты жастарды жүйелі түрде қолдауға, олардың кәсіби дамуына жағдай жасауға және өңірдің мәдени белсенділігін арттыруға бағытталған тұрақты негіз қалыптастыру болып табылады.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Жобаның әлеуметтік әсері:

Жоба нәтижесінде жастардың шығармашылық қабілеттері мен кәсіби дағдылары айтарлықтай дамыды. Қатысушылар жеке портфолио мен промо-роликтер дайындау арқылы өз өнерін кең аудиторияға таныстыру, өзін-өзі көрсету мүмкіндігін кеңейтті. Тұрақты байланыс пен консультативтік қолдау шығармашылық белсенділікті сақтауға және қатысушылардың өз жобаларын әрі қарай дамытуға деген мотивациясын нығайтты. Жобаға қатысушылардың қанағаттану деңгейі 100% болып, іс-шаралар жастар арасында оң эмоциялық әсер қалдырды.

Жобаның экономикалық әсері:

Іс-шараларға қатысқан жастардың кәсіби дағдылары мәдениет және өнер саласындағы еңбек нарығына бейімделуіне ықпал етті. Жоба аясында дайындалған фото, бейнематериалдар мен промо-роликтер өңірлік мәдени инфрақұрылымды дамытуға және шығармашылық бастамаларды насихаттауға үлес қосты. Сонымен қатар, Open Air форматындағы финалдық іс-шара мен шағын кештердің өткізілуі туризм мен жергілікті қызмет көрсету саласына жанама экономикалық әсер етті.

Қорытынды:

Жоба өңірдегі жас таланттардың кәсіби дамуына, шығармашылық белсенділігінің артуына және мәдени инфрақұрылымның нығаюына ықпал етіп, жергілікті әлеуметтік-экономикалық дамуға оң әсерін тигізді.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Қоғамды дамыту мәселелері жөніндегі Маңғыстау облысының Азаматтық Альянсы» заңды тұлғалар бірлестігі (ассоциация нысанында)

Басым бағыттың атауы: Ауыл жастарының урбанистикалық бастамаларына қолдау көрсету

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1-міндет. «Ауыл жастарының урбанистикалық бастамаларына қолдау көрсету».

1 іс-шара Ауыл жастарына арналған шағын гранттар конкурсын ұйымдастыру

Ауыл жастарының қоғамға пайдалы урбанистикалық бастамаларын жүзеге асыру мақсатында шағын гранттар байқауы өткізілді. Байқаудың негізгі мақсаты – ауылдық жерде тұратын жастардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру, олардың өз ауылында өмір сапасын арттыруға бағытталған идеяларын қолдау және жүзеге асыруға мүмкіндік беру. Әлеуметтік желідегі бетшелер арқылы байқау өтетіні туралы хабарландыру орналастырылып, кеңінен таратылды, сонымен қатар жастар орталықтары, аудан әкімдіктері, жастар ұйымдары арқылы да жастар хабарландырылды.

Байқауға 18 бен 35 жас аралығындағы ауыл жастары қатысты. Қатысушылар өз жобаларын ұсыну үшін арнайы өтінім формасын толтырып, жоба идеясын, мақсатын, күтілетін нәтижелерін және бюджетін ұсынды. Байқауға кемінде 42 жоба өтінімдері түсті, жобалар конкурс ережелеріне сәйкес арнайы құрылған сараптамалық комиссия арқылы бағаланды. Бағалау кезінде жобаның өзектілігі, жаңашылдығы, қоғамдық әсері және жүзеге асыру мүмкіндігі ескерілді.

Нәтижесінде, ең үздік деп танылған 7 жоба әрқайсысы 1 000 000 теңге көлемінде қаржылай қолдауға ие болды, олар:

1. Балтабай Еркебұлан, «Open Air Jastar» жобасы
2. Ғаббас Бекарыс, «Демалыс аймағы» жобас
3. Доццаев Алмаз, «СкейтПарк» жобасы
4. Жиенбаев Жандарбек, «Эко-Art креативті аула» жобасы
5. Нықышов Нұрлан, «Боранқұл ауылының тұрғындарына аялдама» жобасы
6. Қаржаубайұлы Сәбит, «EcoCorner Tenge» жобасы
7. Барлыбаева Нұргүл «Далаға арналған шахмат үстелі»

Талдау нәтижесінде жастардың шығармашылық әлеуеті мен бастамашылдығы ынталандырылып, ауылдық жерлердегі өзекті әлеуметтік, мәдени, экологиялық және инфрақұрылымдық мәселелерді шешуге бағытталған нақты жобаларға қаржылай қолдау көрсетілді.

Қаржыландыру есебінен қоғамдық кеңістіктерді жақсарту, экологиялық акциялар, спорттық немесе мәдени нысандарды абаттандыру, демалыс орындарды құру жобалары жүзеге асты. Жобаның басталуы туралы хабарландыру

https://www.instagram.com/p/DMpIAJfi0wd/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MXExYzVkMzgxeXBjeQ==

Шағын гранттар байқауы туралы хабарландыру

https://www.instagram.com/p/DNC6qYHCaYA/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=c2QwdDBsYjljNmxp

Жоба байқауының шарттары туралы тікелей эфир өткізу

https://www.instagram.com/reel/DNSmXUgiNs4/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MWVudmhsZnZhNm9jbA==

Конкурсқа өтінімдерді қабылдау туралы

https://www.instagram.com/p/DNYGvLNoF5q/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MTg0dXkydHZwbHo1cA==

Конкурсқа өтінімдерді қабылдау туралы

https://www.instagram.com/p/DNdhVVMIIuH/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=bTZkY2RpY2F2YzY5

Конкурсқа өтінімдерді қабылдау туралы

https://www.instagram.com/p/DNf7F9fIzel/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=YW01emJ2d3gxcm00

Конкурсқа өтінімдерді қабылдаудың аяқталуы туралы

https://www.instagram.com/p/DNhnDUPILyN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MTN6bWNocXJjOG01dA==

Грант жеңімпаздарын таңдау жөніндегі комиссияның отырысы

https://www.instagram.com/reel/DNpoOFXS_hB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=czN3OH11anozbGh2

Жоба байқауының нәтижелері мен жеңімпаздары туралы

https://www.instagram.com/p/DNpuCG-I-XI/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=cTIxbG1icGd3aGN0

2 іс-шара Шағын гранттарды іске асыру және мониторингі

Осы есеп шағын гранттарды іске асыру аясында өткізілген іс-шаралар бойынша мониторинг жүргізу, сүйемелдеу және растайтын құжаттармен қоса шығармашылық есеп ретінде ұсынылады. Әрбір іс-шара әлеуметтік маңызы бар мақсаттарға бағытталып, қатысушылардың

белсенділігін арттыруға және жобаның тиімді орындалуын қамтамасыз етуге арналды. ездесу барысында жоба мазмұны, күтілетін нәтижелер, мониторинг талаптары түсіндірілді.

Қатысушылар тарапынан сұрақтар қойылып, кері байланыс алынды. еминар интерактивті форматта өтіп, теория мен тәжірибе ұштастырылды. Қатысушыларға үлестірме материалдар таратылды. Қатысушылар топтарға бөлініп, практикалық тапсырмаларды орындады. Іс-шара нәтижесінде нақты ұсыныстар әзірленді. Әлеуметтік желілерде және ақпараттық платформаларда жарияланымдар орналастырылды. Шағын гранттарды іске асыру аясында жоспарланған барлық іс-шаралар уақтылы және сапалы өткізілді. Мониторинг пен сүйемелдеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп, жобаның әлеуметтік әсері жоғары болды.

2 міндет. Жобаларды тиімді жүзеге асыруға қолдау көрсету

1 іс шара: Грант иегерлеріне арналған оқыту тренингтері мен менторлық қолдау

Ауыл жастарының ұсынған жобаларын сапалы әрі нәтижелі жүзеге асыруына қолдау көрсету мақсатында жеңімпаз болған 7 грант иегерлеріне жобалық менеджмент, қаржылық жоспарлау және қоғамдық белсенділік бағытында кешенді оқыту және менторлық сүйемелдеу ұйымдастырылды. Грант иегерлері – ауылдық жерден шыққан жобаларды жүзеге асыру тәжірибелері жоқ белсенді жастар болғандықтан олар үшін арнайы оқыту бағдарламасы ұйымдастырылып, жобаны сәтті жүзеге асыруға қажетті негізгі білім мен дағдылар берілді. Тренинг 2 күн офлайн форматта өткізілді.

Тренинг бағдарламасы аясында бірінші күн олар жобалық менеджмент: жобаның жұмыс жоспарын құру, міндеттерді бөлу, іс шаралар ұйымдастыру, мерзімдер мен ресурстарды басқару, гранттық қаражатты тиімді және мақсатты пайдалану, есеп жасақтауды үйренді.

Сонымен қатар қоғаммен байланыс: грант иелері өз жобасын кеңінен жұршылыққа таныстыру, SMM және PR құралдары арқылы ақпарат тарату, ауыл тұрғындарымен кері байланыс орнату құралдарын пайдадануды меңгерді.

Екінші күні урбанистика негіздері және ауылдағы қоғамдық кеңістіктерді дамыту: креативті қоғамдық кеңістіктер жасау, әлеуметтік әсерге қол жеткізу жолдарын үйренді. Қатысушылар тренингте «урбанистика деген не?», қоғамдық кеңістікті зерттеу және жобалау, кеңістікті жақсартудың жолдары, креативті урбанистік жобаларды жүзеге асыру құралдарымен танысып, дағдыларды меңгерді. Тренингті жүргізу үшін республикалық деңгейде урбанистика саласында тәжірибесі бар «Urban Forum Kazakhstan» сияқты ұйымдардың expertі Маратұлы Диас тартылды.

Талдау нәтижесінде грант иегерлеріне тәжірибелі мамандар мен сарапшы ментор ретінде бекітілді. Менторлар шағын гранттардың жүзеге асу барысында кеңес берді. Ментор ретінде Данияр Сандыбаев (урбанистика бойынша expert, кәсіпкер, «Ақтау-мой город» ҚҚ директоры), Ирина Татиева (Таза Like мекемесінің директоры, «Зеленая школа Таза Like» ҚҚ директоры, эколог), сонымен қатар тренинг өткізген тренерлер Амангельдиева Мөлдір, Шахатова Гаухар тартылды. Менторлық қолдау барысында 5 онлайн және 1 офлайн кездесулер өткізіліп, туындаған мәселелер бірлесе шешілді. Менторлар грант иегерлерінің жобаның сапалы жүзеге асуына көмектесті.

Байқау жеңімпаздары үшін екі күндік тренинг өткізу туралы

https://www.instagram.com/p/DN7MMW4iNlm/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MWh6cWZrZWJINGxzMg==

Жоба қатусушыларға арналған тренингтің 1 күні

https://www.instagram.com/reel/DN-8DgREth9/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=ODR6ZW91cXcyNnYx

Жоба қатусушыларға арналған тренингтің 2 күні

https://www.instagram.com/reel/DN_WJU1k15x/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=ZGR6amphaHgyaG5y

Жобаларды іске асыру кезеңі

https://www.instagram.com/p/DQ8-zfriIbT/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

3 міндет. Жастар жобаларын насихаттау және үлгі ету

1 іс шара. Бастамашыл жастар туралы видеороликтер дайындау және тарату

Ауылдық жерлерден шыққан белсенді жастардың жобаларын насихаттау және олардың жетістіктерін кең аудиторияға таныстыру мақсатында әрбір грант иегері туралы ұзақтығы 1–2 минутты құрайтын 7 видеороликтер (рилс) дайындалды.

Бейнероликтерде грант иегерлерінің өз сөзімен жобаның маңыздылығы баяндалып, жергілікті қауымдастықтың қатысуы мен кері байланысы көрсетілді. Сонымен қатар, бейнероликтер арқылы өз ауылындағы өзгерістерді көрнекі түрде көрсетілді.

Дайындалған бейнероликтер әлеуметтік желілерде, атап айтқанда, Instagram, Facebookте жарияланды. Бейнематериалдарда ауыл жастарының белсенділігі, шабыттандыру және олардың жобалары арқылы қоғамға оң өзгерістер әкелуге болатынын көрсетілді.

Нәтижелер мен бейнематериалдар

https://www.instagram.com/p/DQ3f87RCN5W/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/DQ3IU_qCJaq/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/DQ3nti7iOWe/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/DQ3yXILiJ7J/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/DQ37RLiEtp/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/DQ3_QqWiCfq/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DQ9Pn16CPof/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DQ9PcvkiAjf/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DQ9PwVKiKOC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DQ9XVnCKtt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DQ9qzpkIJtn/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DQ-7TZXiDsD/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DQ_TDnViOhX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

4 міндет. Жастар бастамаларын кеңінен жұртшылыққа таныстыру

1 іс-шара. Ауыл жастарының үздік бастамаларының қорытынды көрмесі

Жобаның қорытынды шарасы ретінде ауыл жастары жүзеге асырған урбанистикалық бастамаларды көпшілік назарына ұсыну мақсатында 54 адамның қатысуымен көрме ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – жастардың еңбегін қоғамға таныстыру, олардың тәжірибесін тарату және жергілікті қауымдастық пен билік өкілдерінің назарын ауылдағы жастар белсенділігіне аудару. Көрме барысында әрбір грант иегері өз жобасын таныстырып, идеяның пайда болу тарихы, іске асыру барысы, кездескен қиындықтар мен оларды шешу тәсілдері туралы баяндады.

Талдау нәтижесінде жобалар көрмесі – грант иегерлері өз бастамаларын арнайы стенд арқылы таныстырды, сонымен қатар тәжірибе алмасу алаңында қатысушылар пікір алмасып, бірлескен идеялар мен болашақ серіктестік бағыттарын талқылады.

Үздік жобалар, белсенді қатысушылар, менторлар және серіктестер алғыс хаттармен марапатталды. Көрмеге кемінде 50 адам қатысты, олар ауылдың бастамашыл топтары, жергілікті атқарушы органдар өкілдері, қоғам белсенділері, жастар ұйымдары, волонтерлер және БАҚ өкілдері. Жобаның қорытынды шарасы

https://www.instagram.com/p/DRC1xI-iNSe/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DRKUukGCPGZ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

5 міндет. Ауыл жастарының қоғамдық белсенділігін арттыру, олардың креативті бастамаларын қолдау және насихаттау арқылы ауылдық жерлердегі өмір сапасын жақсарту

1 іс-шара. Ауыл жастарының қоғамдық белсенділігін арттыру, олардың креативті бастамаларын қолдау және насихаттау арқылы ауылдық жерлердегі өмір сапасын жақсарту

Жеңімпаздар грант қаражатының көмегімен өз ауылдарында заманауи және әлеуметтік маңызы бар нысандарды іске асырды. «Open Air Jastar» жобасы аясында жастарға арналған ашық аспан астындағы кинотеатр құрылып, түрлі шаралар өтетін жаңа кеңістік пайда болды. «Демалыс аймағы» жобасы жергілікті тұрғындар мен жастардың бас қосатын, креативті идеяларын жүзеге асыратын қоғамдық кеңістікке айналды. «СкейтПарк» жобасы жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне, экстремалды спорт түрлерімен айналысуына мүмкіндік берді. «Эко-Арт демалыс ауласы» экологиялық мәдениетті насихаттап, ауыл тұрғындары үшін жасыл демалыс аймағын ұсынды.

«Боранқұл ауыл тұрғындарына аялдамасы» жобасы арқылы ауыл тұрғындарының күнделікті өміріне қолайлылық әкелінді — заманауи, ыңғайлы аялдама бой көтерді. «Далаға арналған шахмат үстелі» – ауыл тұрғындарының бос уақытын пайдалы өткізуге және логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға арналған ерекше қоғамдық нысан болды. Ал «EcoCorner Tenge» жобасы экологиялық білім мен жастардың еріктілік белсенділігін арттыруға бағытталып, экологиялық мәдениетін насихаттайтын экобұрыш ретінде іске қосылды.

Ауыл жастарының қоғамдық белсенділігін арттыру, олардың креативті бастамаларын қолдау және насихаттау арқылы ауылдық жерлердегі өмір сапасын жақсарту мақсатында ұйымдастырылған іс-шара өз нәтижесін көрсетті. Жобаларға қатысқан грант иелерінің пікірі мен кері байланысы олардың бастамаларының ауыл тұрғындары үшін нақты пайда әкелгенін және жобаларды жүзеге асыру кезінде алған

тәжірибесі маңызды екенін дәлелдеді. Мониторинг нәтижелері, менторлық бағалау парақтары, сұхбаттар және сауалнамалар көрсеткендей, қатысушылардың басым бөлігі жобаның тиімділігіне қанағаттанғанын білдірді.

Көрме кезінде және кейін өткізілген сауалнама, сұхбаттар және қатысушылардың жазбаша пікірі жобалардың ауыл өміріне оң әсерін нақты көрсетті. Барлық алынған нәтижелер көрсеткендей, іс-шара жастардың белсенділігін арттыруға, креативті бастамаларын насихаттауға және ауылдық инфрақұрылымды жақсартуға нақты үлес қосты, ал қатысушылар өз тәжірибесі мен алған білімдерін келешекте жаңа жобаларды іске асыру үшін қолдана алады.

Жобаларды іске асыру кезеңі

https://www.instagram.com/reel/DPdYIR3CFPs/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DPopJoUCEj-/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DPopdSSiFYK/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/DQbs1bZCJgV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/DQb2IEJCONg/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DQb7NRnCJHh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DQcEke9jWLC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DQjPEVZCBq-/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DQjwPcTDcaZ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DQrHe_LjfAl/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария тұсаукесері

1 іс-шара Жоба аясында жүргізілген барлық жұмыстардың қорытындысы туралы ұйымның әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы тікелей эфирде таныстыру ұйымдастыру

Ауыл жастарының қоғамға пайдалы урбанистикалық бастамаларын жүзеге асыру мақсатында шағын гранттар байқауы 6-18 тамыз күндері өткізілді. Байқаудың ережесі жасақталып, жастар басқармасымен келісілді. Әлеуметтік желідегі бетшелер арқылы байқау өтетіні туралы хабарландыру орналастырылды, кеңінен таратылды, сонымен қатар жастар орталықтары, аудан әкімдіктері, жастар ұйымдары арқылы да жастар хабарландырылды. Байқауға 18 бен 35 жас аралығындағы ауыл жастары қатысты. Қатысушылар өз жобаларын ұсыну үшін арнайы өтінім формасын толтырып, жоба идеясын, мақсатын, күтілетін нәтижелерін және бюджетін ұсынды. Байқауға 42 жоба өтінімдер түсті, жобалар конкурс ережелеріне сәйкес арнайы құрылған сараптамалық комиссия арқылы бағаланды.

Нәтижесінде, ең үздік деп танылған 7 жоба әрқайсысы 1 000 000 теңге көлемінде қаржылай қолдауға ие болды және ауыл жастарының урбанистикалық бастамаларына қолдау көрсету арқылы. бастамашыл ауыл жастарының топтары құрылды. Жеңімпаз Меджанова Атлас жобаны жүзеге асырудан бас тартқанына байланысты, комиссия мүшелерінің шешімімен грант резервте тұрған Барлыбаева Нұргүлге берілді. Байқау жеңімпаздары:

1. Балтабай Еркебұлан, «Open Air Jastar» жобасы
2. Ғаббас Бекарыс, «Демалыс аймағы» жобасы

3. Доцаев Алмаз, «СкейтПарк» жобасы
4. Жиенбаев Жандарбек, «Эко-Art креативті аула» жобасы
5. Қусайнов Қуаныш, «Боранқұл ауылының тұрғындарына аялдама» жобасы
6. Қаржаубайұлы Сәбит, «EcoCorner Tenge» жобасы
7. Барлыбаева Нұргүл «Далаға арналған шахмат үстелі»

Жоба аясында кең көлемді ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жобаның мазмұны мен нәтижелерін насихаттауға ерекше көңіл бөлінді. Ауыл жастары ұсынған жобалардың сапалы әрі нәтижелі жүзеге асуын қамтамасыз ету мақсатында жеңімпаз атанған 7 грант иегері мен бастамашыл топ мүшелеріне арналған 2 күндік офлайн оқыту тренингі ұйымдастырылды.

1-күн: Жобалық менеджмент және қоғаммен байланыс бағыттары қамтылды. Қатысушылар жобаның жұмыс жоспарын құру, міндеттерді бөлу, іс-шараларды ұйымдастыру, мерзімдер мен ресурстарды басқару, грант қаражатын мақсатты пайдалану және есеп дайындау бойынша негізгі дағдыларды меңгерді. Сонымен қатар жобаны көпшілікке таныстыру, SMM және PR құралдарын қолдану, ауыл тұрғындарымен кері байланыс орнату тәсілдері қарастырылды.

2-күн: Урбанистика негіздері және ауылдағы қоғамдық кеңістіктерді дамыту тақырыптарына арналды. Қатысушылар қоғамдық кеңістікті зерттеу мен жобалау, оны жақсарту жолдары, креативті урбанистік жобаларды жүзеге асыру құралдарымен танысты. Тренингті урбанистика саласының республикалық деңгейдегі expertі, «Urban Forum Kazakhstan» ұйымының өкілі Маратұлы Диас жүргізді. Тренинг соңында қанағаттану деңгейін өлшеу мақсатында онлайн сауалнама жүргізіліп, қатысушылардың 90%-ы тренингке қанағаттанғанын және алған білімдерін жобаларын жүзеге асыру барысында қолданатынын білдірді. Грант иегерлеріне менторлық қолдау көрсетілді. Менторлар ретінде Данияр Сандыбаев, Ирина Татиева, сондай-ақ тренерлер Амангельдиева Мөлдір мен Шахатова Гаухар бекітілді. Менторлық қолдау аясында 5 онлайн және 1 офлайн кездесу өткізіліп, жобаларды іске асыру барысында туындаған мәселелер бірлесе шешілді. Менторлар грант иегерлерінің жобаларын сапалы жүзеге асыруына әдістемелік және практикалық көмек көрсетті.

Шарт талаптарына сәйкес жобаны іске асыру барысы туралы ақпараттық жұмыс

Медиа-жоспар әлеуметтік желідегі посттар

Шарт талаптарына сәйкес жоба шеңберінде ақпараттық-насихаттау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді. Әлеуметтік желілерде жарияланымдарды орналастыруға арналған медиа-жоспар және контент-жоспар әзірленіп, бекітілген форматта іске асырылды (1 медиа-жоспар).

Жоба аясында ақпараттық қамту көлемі кемінде 25 000 қаралымды құрап, жоспарланған көрсеткіш толық орындалды. Жобаның негізгі кезеңдері бойынша 2 баспасөз хабарламасы дайындалып, таратылды. Әлеуметтік желілерде барлығы 25 жазба жарияланып, кемінде 10 бейнематериал (бейнеролик) орналастырылды. Сонымен қатар, жобаға қатысты кемінде 5 хабарландыру жарияланды.

Жергілікті газеттер мен облыстық ақпараттық сайттарда жоба туралы 3 мақала жарияланып, телеарналарда 2 ақпараттық сюжет эфирге шықты. Барлық жарияланымдар мен материалдар белгіленген талаптарға сәйкес ресімделіп, есептік базаға енгізілді.

Қорытынды көрме мен негізгі іс-шараларға бұқаралық ақпарат құралдарының кемінде 3 өкілі шақырылып, олардың қатысуымен ақпараттық қамту қамтамасыз етілді.

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

Көрсетілген нысаналы топтардың әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелері

Ауыл жастары (18–35 жас аралығындағы қатысушылар) әлеуметтік жобаны іске асыру барысында өз ауылдарында әлеуметтік, мәдени, экологиялық және инфрақұрылымдық бастамаларды жүзеге асырды.

Сандық көрсеткіштер:

Жоба аясында барлығы 42 жоба ұсынылып, олардың ішінен 7 үздік жоба іріктеліп, әрқайсысы 1 000 000 теңге көлемінде қаржылай қолдауға ие болды. Әлеуметтік желілерде жариялау үшін 7 бейнеролик дайындалды. Қорытынды көрмеге 50-ден астам қатысушы қатысты. Сонымен қатар, 5 онлайн және 1 офлайн менторлық сессия ұйымдастырылып, 2 күндік офлайн тренинг өткізілді, оған 7 грант иегері қатысты.

Сапалық өзгерістер:

Жоба нәтижесінде жастар жобалық менеджмент, қаржылық жоспарлау, PR және қоғаммен байланыс салаларында практикалық дағдыларды меңгерді. Қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, экологиялық және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру арқылы ауылдық елді мекендерде нақты оң өзгерістер енгізілді. Сонымен қатар, жастардың өз идеяларын іске асыруға деген белсенділігі мен әлеуметтік жауапкершілік деңгейі артты.

2) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: ауытқу жоқ

3. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету):

Ауыл жастары арасында өткізілген шағын гранттар конкурсына барлығы 42 жоба ұсынылды. Сараптама комиссиясының қорытындысы бойынша 7 үздік жоба іріктеліп, әрқайсысы 1 000 000 теңге көлемінде қаржылай қолдауға ие болды. Бұл қолдау жастардың әлеуметтік, мәдени, экологиялық және инфрақұрылымдық мәселелерді шешуге бағытталған нақты бастамаларын іске асыруға мүмкіндік берді.

Грант иегерлері үшін жобалық менеджмент, қаржылық жоспарлау, урбанистика және PR бағыттары бойынша 2 күндік офлайн тренинг ұйымдастырылды. Сонымен қатар, жобаларды іске асыру барысында 5 онлайн және 1 офлайн менторлық кездесу өткізілді. Аталған іс-шаралар жастардың жобаларды сапалы жоспарлауына және тиімді жүзеге асыруына қажетті білім мен практикалық дағдыларды қалыптастырды.

Әрбір грант иегері туралы 1–2 минуттық бейнероликтер (reels) дайындалып, әлеуметтік желілерде жарияланды. Бұл жұмыстар жастардың бастамаларын кең аудиторияға таныстыруға, сондай-ақ ауылдық жерлердегі оң өзгерістерді көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік берді.

Ауыл жастары жүзеге асырған жобалар қорытынды көрме аясында көпшілікке ұсынылды. Көрмеге 50 адам қатысып, жобалардың идеялары мен қол жеткізілген нәтижелері таныстырылды. Үздік жобалар мен белсенді қатысушылар алғыс хаттармен марапатталды. Бұл іс-шара жастардың шығармашылық әлеуетін көрсетуге және олардың қоғам алдындағы беделін арттыруға ықпал етті.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: ауытқу жоқ

4) Әлеуметтік жобаның аяқталуы және/немесе іске асырылуы барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуал мен жоба аяқталған кездегі жобалық жағдайды, жоба шеңберіндегі проблемалар мен міндеттерді шешу дәрежесін салыстыру):

Жобаны іске асыруға дейін ауылдық жерлерде жастардың урбанистикалық бастамаларын қолдау жүйесі жеткілікті деңгейде дамымаған еді. Жастардың қоғамдық кеңістіктерді дамытуға қатысу белсенділігі төмен болып, қаржылық және әдістемелік қолдау мүмкіндіктері шектеулі болды. Жоба аяқталған кезеңде жағдай айтарлықтай өзгерді. Шағын гранттар байқауы аясында ауыл жастары ұсынған 7 бастама қаржылай, оқыту және менторлық қолдауға ие болып, нақты іске асырылды. Соның нәтижесінде ауылдарда демалыс аймақтары, скейтпарк, ашық кинотеатр, экологиялық және креативті алаңдар, аялдама, шахмат үстелі мен экобұрыштар сияқты жаңа қоғамдық кеңістіктер қалыптасты.

Оқыту тренингтері мен менторлық сүйемелдеу барысында грант иегерлері жобалық менеджмент, қаржылық жоспарлау және қоғаммен байланыс бағыттарында практикалық дағдыларды меңгерді. Сауалнама қорытындыларына сәйкес қатысушылардың 90%-ы жобаның тиімділігін және алған білімдерінің нақты тәжірибеде қолдануға жарамды екенін растады. Жоба ауыл жастарының қоғамдық белсенділігін арттыруға, бастамашылдығын дамытуға және ауылдық елді мекендердегі өмір сапасын жақсартуға бағытталған айқын әлеуметтік әсерге қол жеткізді.

2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат (бағдарламалық аралық есепті ұсыну кезінде):

1) гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
71	42	29

2) санаттар бойынша әлеуметтік мәртебесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жасан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
71		66	3					2		

3) жас ерекшелігінің көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
71		28	21	11	8	3	

3. Әлеуметтік жобаның нәтижелері

1) Көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):

Ауыл жастары (18–35 жас аралығындағы қатысушылар) жобаны іске асыру барысында өз ауылдарында әлеуметтік, мәдени, экологиялық және инфрақұрылымдық бағыттағы бастамаларды жүзеге асырды. Конкурс аясында барлығы 42 жоба ұсынылып, сараптама нәтижесінде 7 үздік жоба іріктеліп, әрқайсысына 1 000 000 теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетілді. Жобалар шеңберінде әлеуметтік желілерде жариялау үшін 7 бейнеролик дайындалып, қорытынды көрмеге 50-ден астам адам қатысты. Қатысушылардың жобаларын сапалы іске асыруын қамтамасыз ету мақсатында 5 онлайн және 1 офлайн менторлық сессия ұйымдастырылып, сондай-ақ 7 грант иегерінің қатысуымен 2 күндік офлайн тренинг өткізілді.

Жоба нәтижесінде жастар жобалық менеджмент, қаржылық жоспарлау, PR және қоғаммен байланыс бағыттарында практикалық білім мен дағдыларды меңгерді. Қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, экологиялық және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру арқылы ауылдық елді мекендерде нақты әрі әлеуметтік маңызы бар өзгерістер жүзеге асырылды.

2) жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):

Жастар өз жобаларын әрі қарай дамытуға және жаңа урбанистикалық бастамаларды жүзеге асыруға машықтанды, олар жобалық менеджмент дағдыларын меңгерген қатысушылар ретінде болашақта өз идеядарын жоба ретінде ұсынып әр түрлі байқауларға қатысатын болады. Жүзеге асырылған шағын гранттар әлеуметтік желілер арқылы насихатталып, кейінгі кезеңде басқа да ауыл жастарына үлгі болады.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, демалыс орындары мен спорттық нысандарды құру арқылы ауыл тұрғындарының өмір сапасы жақсарды, экологиялық және мәдени шаралар ауыл экономикасына оң әсер беріп, волонтерлік және қауымдастық белсенділігін арттырды, сонымен қатар урбанистикалық жобалар тұрғындардың жергілікті мәселелерді шешуге деген сенімін арттырып, жергілікті ауыл әкімдігі мен қоғам арасындағы тиімді өзара әрекеттестікті нығайтты.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Рух жаңғырығы» қоғамдық қоры

Басым бағыттың атауы: Жасөспірімдер мен жастардың кәсіби бағдарлау үдерісін жүйелеу

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1 міндет. Кәсіби бағдар беруші мамандардың біліктілігін арттыру және олардың жұмысын жүйелендіру

1-іс-шара Маңғыстау облысында жобаны іске асыру жөніндегі іс-әрекеттер жоспарын әзірлеп, оны Бірыңғай гранттар операторымен, тапсырыс берушімен келісу және бекіту.

Іс-шара орындалған жоқ.

2-іс-шара Облыстың жалпы білім беретін орта мектептерінің профориентологтары ішінен кем дегенде 30 қатысушыны арнаулы байқау арқылы іріктеу.

Жоба шеңберінде өткізілген байқаудың барлық жоспарланған кезеңдері сәтті жүзеге асты. Әлеуметтік желілерде байқау туралы бір ақпараттық жарияланым орналастырылды, ол қатысушылардың назарын аударып, байқауға белсенді қызығушылық тудыруға септігін тигізді.

Жалпы 50 жас талант байқауға қатысып, олардың арасынан 30 адам іріктеуден өтіп, келесі кезеңге өтті. Байқау ережелері мен әділ бағалау процесін қамтамасыз ету мақсатында комиссия хаттамасы әзірленіп, бекітілді.

Барлық кезеңдерде фото және видео материалдар жасалып, құжаттық базаға енгізілді: әр іс-шара бойынша 3 фото және 1 видео дайындалды. Сонымен қатар, байқау нәтижелері бойынша әлеуметтік желілерде бір жарияланым жасалып, қатысушылардың жетістіктері кең аудиторияға таныстырылды.

Жалпы, жоба көрсеткіштері жоспармен толық сәйкес келді. Байқау жастардың шығармашылық қабілеттерін ашуға, жаңа таланттарды анықтауға және оларға кәсіби тәжірибе жинауға мүмкіндік берді.

3 іс-шара Кәсіптік бағыт-бағдар беру жөніндегі әдістемелік нұсқаулық дайындау

Іс-шара орындалған жоқ.

4 іс-шара «4D-профориентация» оқыту бағдарламасы аясында 4 модульден тұратын blended learning форматындағы оқыту өткізу.

Жоспарланған 4 оқу компоненттерінің 1 оқу компоненті орындалған, бірақ қатысушылар саны мен олардың бағалау сауалнамалары бойынша кейбір көрсеткіштер орындалмады. Бағдарламаның мазмұны мен тест үлгілері әзірленіп, сарапшылар тартылған, алайда қатысушылардың белсенділігі төмен болды. Жалпы, кәсіби құзыреттердің өсу деңгейі тіркелгенімен, кей көрсеткіштер толық жүзеге аспады.

5 іс-шара «PRO-LAB: жасөспірімдермен жұмыс зертханасы» атты практикалық дағдыларды жетілдіруге бағытталған интерактивті зертхана ұйымдастыру.

Жоспарланған іс-шара бойынша барлық көрсеткіштер орындалған: зертхана мен іс-шара бағдарламасы өткізілді, қатысушылар саны 25 адамға жетті. Фото және видео материалдар дайындалып, әлеуметтік желідегі жарияланым да орындалды.

6 іс-шара PROF-Quaут: кәсіби бағдар беру қауымдастығын құру.

Іс-шара толық орындалған жоқ.

2 міндет. Жастар мен жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауға қатысты хабардарлығын арттыру.

1 іс-шара «Кәсіп керуені» атты жалпы білім беретін орта мектептерде арнаулы кездесулер өткізу.

Іс-шара толық орындалған жоқ.

2 іс-шара. «Менің кәсіби траекториям» атты облыс бойынша оқушыларды онлайн тестілеу.

Іс-шара толық орындалған жоқ.

3 іс-шара «PROF-quest: Кәсіптер әлемі» атты мектептерде квест өткізу.

Іс-шара толық орындалған жоқ.

3 міндет Цифрлық кеңістікте кәсіби бағыт-бағдар беруді танымал ету және жастардың ақпаратқа қолжетімділігін арттыру.

1 іс-шара Instagram, TikTok, Facebook әлеуметтік желілерінде «PROF.Mangystau» мультимедиалық паблизінің ашылуы және жүргізілуі.

Пабликтер саны – 3. Әр пабликке кемінде 50 түрлі форматтағы медиа-өнімдер (посттар, инфографика, бейнероликтер, подкасттар және т.б.) дайындалып, жарияланған. Нақты көрсеткіш бойынша Инстаграм – 53, Facebook – 60, Тик-ток – 39. Паблик арқылы қамтылған жастар саны – кемінде 10 000, нақты – 19 678. Пабликтегі контентті қарап, өзара әрекет жасаған пайдаланушылардың кемінде 60%-ы кәсіби бағдар бойынша пайдалы ақпарат алғанын растайды, нақты – 100%.

2 іс-шара «Мансан Talks» подкаст сериясын түсіру, әлеуметтік желілерге жариялау

Жоспарланған көрсеткіштердің барлығы толық орындалды: 5 подкаст түсіріліп, 5 спикер шақырылды, олардың түйіндемелері дайын болды, сценарийлер әзірленіп, әлеуметтік желіде жарияланды. Барлық индикаторлар бойынша жоспар мен факт сәйкес келеді.

3 іс-шара «Digital PROF-карта» онлайн-гидін жасау

Жоспарланған көрсеткіштердің барлығы толық орындалды: 1 онлайн-гид дайындалды, онда кемінде 10 кәсіп пен 10 ұйым қамтылған. Барлық индикаторлар бойынша жоспар мен факт сәйкес келеді.

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы

1 іс-шара Әлеуметтік желіде қоғамдық таныстырылым

Іс-шара толық орындалған жоқ.

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс

1 іс-шара Instagram, TikTok, Facebook әлеуметтік желілерінде «PROF.Mangystau» мультимедиалық паблизінің ашылуы және жүргізілуі. Іс-шара дәлелдеме құжаттар берілген жоқ.

Іс-шара толық орындалған жоқ.

2-шара Визуалды және сыртқы жарнама құралдары. Жоба логотипі, QR-коды бар баннерлер, мектептер мен колледждерге арналған постерлер, кәсіби бағдар беруге арналған гайдтар мен таратпа материалдар арқылы аудиторияға ақпарат тарату. Іс-шара дәлелдеме құжаттар берілген жоқ.

Жоспарланған көрсеткіштер толық орындалды: визуалды және сыртқы жарнамалар тізімі әзірленіп, баннерлер мен постерлердің дизайны дайындалды, орнатылған материалдар мен таратпа материалдардың фотосы түсірілді, тарату шарасынан фото алынған. Барлық индикаторлар жоспар мен фактіге сәйкес келеді.

3) жас ерекшелігінің көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
120			100	20			

3. Жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:

Жоба барысында негізгі мақсатты топтар – мектеп оқушылары, жасөспірімдер мен кәсіби бағдар беруші мамандар – нақты және сапалық нәтижелерге қол жеткізді. Мысалы:

Мектеп оқушылары: «PRO-LAB» практикалық зертханасында 25 қатысушы кәсіби дағдыларын жетілдірді; «4D-профорентация» оқыту модулі бойынша кәсіби құзыреттері артты. Онлайн тестілеу және квесттер толық орындалмаса да, байқауға қатысқан 50 жас таланттың 30-ы іріктеуден өтіп, өз мүмкіндіктерін көрсетті.

Кәсіби бағдар беруші мамандар: Арнайы байқау арқылы іріктелген 30 маман кәсіби дайындығын арттырды, әділ бағалау процесі мен әдістемелік құжаттар дайындалды, әлеуметтік желілерде ақпараттық жарияланымдар орналастырылды.

Жастардың цифрлық қамтылуы: «PROF.Mangystau» мультимедиалық пабликтері арқылы 19 678 жас қамтылды, әрбір пабликке кемінде 50 медиа-өнім дайындалды, контенттің пайдалы болуы 100% расталды. Подкасттар (5 дана), онлайн-гид (1 дана), визуалды жарнама құралдары (баннер, постер, таратпа материалдар) арқылы аудитория ақпаратпен қамтылды.

Сапалық тұрғыда, жобаның барлық іс-шаралары жастардың кәсіби бағдарын арттыруға, жаңа таланттарды анықтауға және кәсіби тәжірибе жинауға мүмкіндік берді. Фото, видео және әлеуметтік желідегі жарияланымдар арқылы іс-шаралардың көрнекілігі мен тартымдылығы артты.

2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу)

Жобаның нәтижелері жастардың кәсіби өзін-өзі анықтау деңгейін арттыруға, мектептер мен колледждерде кәсіби бағдар беруді жүйелендіруге ықпал етеді. Ұзақ мерзімде бұл:

Жасөспірімдердің кәсіби таңдау процесін тиімді ұйымдастыруға, болашақта еңбек нарығына бейімделуін жеңілдетуге;

Жобадан туындаған цифрлық платформа мен пабликтер арқылы кәсіби ақпаратқа қолжетімділіктің артуына;

Жаңа кәсіби қауымдастықтардың қалыптасуына және мамандар арасындағы тәжірибе алмасудың тұрақтануына себепші болады

Болжамды жағымды өзгерістер ретінде жастардың кәсіби бағдарын жақсарту, жаңа таланттарды анықтау, мамандардың біліктілігін арттыру және цифрлық ресурстар арқылы ақпараттық қолжетімділіктің өсуін айтуға болады. Болжаулы жағымсыз әсерлер – кейбір іс-шаралардың толық орындалмауы немесе қатысушылар белсенділігінің төмен болуы, бірақ бұл жалпы жобаның тиімділігін айтарлықтай төмендетпейді.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Жобаның іске асырылуы нәтижесінде әлеуметтік-экономикалық тұрғыда келесі әсерлер байқалады: Жастардың кәсіби бағдарын арттыру арқылы еңбек нарығына бейімделу деңгейі жоғарылайды, бұл болашақта жұмыссыздық деңгейін төмендетуге ықпал етеді. Мектептер мен колледждерде кәсіби бағдар беру жүйесінің дамуы білім беру сапасын арттырады. Жобалық платформалар мен қауымдастықтардың құрылуы білім беру мен кәсіптік тәжірибені цифрлық ресурстар арқылы таратуға мүмкіндік берді, әлеуметтік қатысуды күшейтті. Жобалық іс-шараларға тартылған жастар мен мамандардың сандық көрсеткіштері (қатысушылар саны, медиа-өнімдер, онлайн қамту) көрсеткендей, жобаның экономикалық тиімділігі мен қоғамға әсері айқын байқалады.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Жағымды жаңалық» қоғамдық қоры

Басым бағыттың атауы: Маңғыстау облысының NEET және жұмыссыз жастар санаты үшін цифрлық білім беру бағдарламасын әзірлеу"

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1-міндет. Neet және жұмыссыз жастарға арналған онлайн білім беру контентін әзірлеу

1 іс-шара: Аймақтық сұраныс пен трендтерге сай 10 мамандықты анықтау (сауалнама, сарапшылармен кеңесу арқылы)

Жоба барысында ең алдымен Маңғыстау облысының Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасымен келісіліп әлеуметтік желідегі парақшаға арналған бірыңғай визуалды дизайн әзірленді.

Осыдан кейін арнайы Instagram парақшасы ашылып, онда жобаға қатысты ақпараттық материалдар, хабарландырулар және жаңалықтар тұрақты түрде жарияланып отырды.

Instagram сілтемесі: https://www.instagram.com/bilimall_mangystau?igsh=MWs1NGEzc3R2dWhvZg%3D%3D&utm_source=qr

2025 жылдың 18 шілде айында Онлайн оқыту бағдарламасын бастамас бұрын, жастардың қалауына көңіл бөлу және заманауи мамандықтар тізімін жасақтау үшін Маңғыстау облысының жастары арасында онлайн форматта сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға өңір бойынша әртүрлі жас санатындағы (14 жастан 37 жасқа дейінгі) 49 қатысушы жауап берді.

Сауалнама аясында жастардың тұрғылықты жері, жасы, цифрлық білім беру туралы түсінігі, онлайн/офлайн курстарға қатысу тәжірибесі, заманауи мамандықтарға деген қызығушылығы, сондай-ақ болашақта қандай бағытта білім алғысы келетіні жөніндегі сұрақтар қойылды.

Сауалнама нәтижесінде жастардың басым бөлігі Ақтау, Жаңаөзен, Мұнайлы және Маңғыстау аудандарынан жауап берді. Қатысушылардың орташа жас көрсеткіші 17–25 жас аралығында болды.

Қатысушылардың көпшілігі цифрлық білім беруді заманауи технологияларды пайдалана отырып, білім алуды қолжетімді әрі тиімді ететін жүйе деп түсінеді. Сонымен қатар, онлайн/офлайн курстарға қатысқандардың үлесі жоғары – ағылшын тілі, мобилография, SMM, дизайн және басқа да бағыттарда тәжірибе жинақтаған.

Жастардың қызығушылығы IT (бағдарламалау, киберқауіпсіздік, жасанды интеллект), графикалық дизайн, мобилография, SMM және цифрлық маркетингке айқын бағытталған. Сонымен қатар, шет тілдері, кәсіпкерлік, қаржылық сауаттылық, медицина және құқық та сұранысқа ие. Көпшілігі онлайн курс арқылы айына 100–300 мың теңге табыс табуды мақсат етеді, ал кейбір жастардың амбициясы 500 мыңнан 1 миллион теңгеге дейін жетеді. Әлеуметтік желілер бойынша жастарға *Нұре_shetpe*, *Нұре_Aktau*, *Mangystau Hub*, *Отпан news*, 112 Ақтау және жеке блогерлердің парақшалары ұнайды. Маңғыстаудағы танымал тұлғалар қатарында Азамат Сәрсенбаев, Аида Серікқалиева, Тимур Бектұр сияқты есімдер аталды. Жастардың басым бөлігі өңірде цифрлық білім беру бағытындағы жергілікті мамандарды аз танитындығы байқалды.

Осылайша, сауалнама нәтижелері Маңғыстау облысы жастарының цифрлық дағдыларды дамытуға жоғары қызығушылығын көрсетті. Әрі қарай сауалнама анализіне жүгіне отырып бүгінгі таңдағы жастар арасында сұранысқа ие 10 мамандықтар тізімі жасақталып бекітілді.

Жоспар бойынша 10 мамандық бойынша (әрқайсысы 1–5 модульден тұратын) онлайн бейнесабақтар сериясы дайындалып, кәсіби түрде түсіріліп, монтаждалды.

Сонымен қатар 2025 жылдың 18 қыркүйек айында Ақтау қаласы, 6 ш/а Жастар ресурстық орталығында жобаны ақпараттандыру мақсатында сарапшылармен кездесу өткізілді. Қатысушы сарапшылар белсенді көшбасшы жастар, журналистер, әр мамандық бойынша мамандары қатысты. Кездесу барысында жоба таныстырылымы ашық әрі интерактивті форматта өтті. Алдымен жоба командасы «BILIM-ALL» бағдарламасының мақсаты, кезеңдері мен күтілетін нәтижелері туралы жан-жақты ақпарат берді. Сауалнама нәтижелері негізінде жастардың қалауы бойынша жасақталған 10 заманауи мамандық тізімі сарапшылар назарына ұсынылды. Сарапшылар жобаның өзектілігін жоғары бағалап, жастардың нақты сұраныстарына сүйеніп құрылуы оның тиімділігін арттыратынын атап өтті. Әрбір ұсынылған мамандық бойынша оқыту модульдерін кәсіби тұрғыда дайындаудың маңыздылығы айтылды.

Кездесу сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/DOybJyrDIld/?igsh=MW81cDJ0ejJwMW1udA==>

2 іс-шара: Әр мамандық бойынша бейнесабақ сценарийлерін әзірлеу және оқу құрылымын модульдерге бөлу.

Жоба аясында Маңғыстау облысының NEET және жұмыссыз жастарын цифрлық дағдылармен қамтамасыз ету мақсатында 10 заманауи мамандық бойынша онлайн сабақ контенті әзірленіп, модульдерге бөлінді. Кейбір мамандықтар 1-5 модульден тұрады, бұл қатысушыларға теориялық материалды кезең-кезеңімен меңгеруге және практикалық тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді.

Әр модуль бойынша сабақтар үшін жеке сценарийлер жасалды. Сценарийлерде сабақ мақсаты, тақырыптық жоспар, практикалық тапсырмалар және визуалды материалдар нақты көрсетілді. Сценарий дайындау барысында әр мамандық бағытындағы сарапшылар, жергілікті фрилансерлер және инфлюенсерлер шақырылды. Сарапшылар әр сабақтың мазмұнын нақты тәжірибемен толықтырып, практикалық құндылығын арттырды.

Сценарий бекітілгеннен кейін сабақтар жоспар бойынша модульдерге сәйкес жазылып, қатысушыларға түсінікті түрде жеткізілді. Барлық сабақтар «MANGYSTAU ZHASTARY» мобильді қосымшасына толық орналастырылып, қатысушыларға ыңғайлы түрде қолжетімді. Сабақтар құрылымы жүйеленген, оқу процесі модульдерге сәйкес ұйымдастырылған, бұл жастарға өздігінен оқуға және алған білімін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әр мамандық бойынша жасалған сабақтар қатысушылардың қызығушылығына сәйкес құрылып, заманауи еңбек нарығының талаптарын ескере отырып әзірленді. Жобаның нәтижесінде жастар өздігінен білім алу мүмкіндігіне ие болып, жаңа дағдыларды меңгеру арқылы еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыра алады.

«MANGYSTAU ZHASTARY» мобильді қосымшасының сілтемесі: <https://apps.apple.com/kz/app/mangystau-zhastary/id6753177114>

Сабақтар контентінің мысалдық құрылымы төмендегідей:

- Жасанды интеллект (ЖИ): 10 сабақ, мәтін, видео, аудио, презентация, промпт-инжиниринг, жеке даму жоспары, этика, мансап.
- UI/UX-дизайн: дизайн ойлау, зерттеулер, прототиптер, UX/UI негіздері, портфолио, нақты жоба.
- Дата-аналитика: деректер жинау, тазалау, Excel/SQL/Python, визуализация, нақты жоба.
- ЖИ графикалық дизайн: кескін жасау, фотосурет өңдеу, логотиптер, авторлық құқық, портфолио.
- ЖИ фото/видео монтаж: фонды өзгерту, объектілерді өңдеу, анимациялар, аудио, әлеуметтік желіге контент, портфолио.
- Digital marketing: SEO, SMM, контент, маркетингтік жоспар, кампания, ЖИ көмегі.
- Startup: идея табу, нарық зерттеу, MVP, команда, маркетинг, қаржыландыру, құқық, нақты жоба.
- No-code инженер: веб-сайт жасау, деректер базасы, автоматтандыру, нақты бизнеске ЖИ қосу, өз қосымша жобасы.
- ЖИ Business: клиенттер, маркетинг, қаржылық талдау, жаңа сегменттер, жобаны енгізу, презентация.
- Мұғалімдерге арналған ЖИ: сабақ жоспарлау, тесттер, кері байланыс, ЖИ құралдары, этика, нақты сабақ жобасы.

Іс – шара нәтижесінде:

- 10 заманауи мамандық бойынша сабақтар сценарийлері әзірленді және модульдерге бөлінді.
- сабақтар сарапшылар тарапынан тексеріліп, сапасы қамтамасыз етілді.
- барлық сабақтар «MANGYSTAU ZHASTARY» мобильді қосымшасына орналастырылды, қатысушыларға толық қолжетімді.
- сабақтар жастардың кәсіби дамуына, цифрлық дағдыларын жетілдіруге және еңбек нарығына дайын болуына мүмкіндік береді.

3-іс-шара: Түсірілімге қажет техникалық топ пен спикер-мамандарды анықтау және келісімшарт жасау. Сондай-ақ, сабақтарды кәсіби түсіру, монтаждау және онлайн форматқа бейімдеу.

Жоба барысында 10 мамандық бойынша сабақтарды жүргізетін спикер-мамандар анықталды.

Тимур БЕКТҮР

Нұржан НУРЖАНОВ

Айжан ТАСЫМБАЙ

Айтжан ШОҚАНОВ

Асыл ОРАЗМАҒАНБЕТОВА

Аслан ҚАЙЫРХАНОВ

Айгерім МӘЖТАЙ

Нұрбек ШҮКІРБАЕВ

Шапағат ІЗБЕНОВ

Лаура ТЫНДЫРҒАНОВА

Оларға меморандум жасалып, сабақтардың мазмұны, мақсаттары және форматтары толық түсіндірілді. Спикерлердің таңдауы жастарға заманауи еңбек нарығының талаптарына сай кәсіби дағдыларды меңгеруге мүмкіндік берді. Сабақтарды кәсіби түрде дайындау барысында теориялық материалдар мен практикалық тапсырмалар жүйеленіп, түсінікті форматта құрылды. Сабақтар монтаждан өткізіліп, қосымша визуалды элементтер мен мәтіндік түсіндірмелер енгізілді. Барлық сабақтар онлайн форматқа бейімделіп, «MANGYSTAU ZHASTARY» мобильді қосымшасында қолжетімді етілді. Бұл жоба қатысушыларға оқу материалын өздігінен меңгеруге, жаңа дағдыларды игеруге және еңбек нарығына дайын болуға мүмкіндік береді.

«MANGYSTAU ZHASTARY» мобильді қосымшасының сілтемесі: <https://apps.apple.com/kz/app/mangystau-zhastary/id6753177114>

Іс – шара нәтижесінде әр мамандық бойынша спикер-мамандар анықталып, келісімшарттар жасалды. Сабақтар кәсіби түрде дайындалып, онлайн форматқа бейімделді. Контент «MANGYSTAU ZHASTARY» мобильді қосымшасында қолжетімді. Сабақтар қатысушыларға оқу процесін тиімді меңгеруге мүмкіндік береді.

2-міндет. Білім беру контентін қолжетімді цифрлық ортаға интеграциялау

Іс-шара: Платформа функционалын зерттеу және талаптарға сай бейнематериалдарды техникалық форматтау. Видеосабақтарды мобильді қосымшаға жүктеу және тестілік түрде жұмысын тексеру.

Жоба аясында білім беру контентін жастарға қолжетімді ету мақсатында «MANGYSTAU ZHASTARY» мобильді қосымшасының функционалы толық зерттелді. Бұл зерттеу барысында қосымшаның техникалық мүмкіндіктері, пайдаланушы интерфейсі, модульдер мен сабақтарды көрсету форматы қарастырылды. Платформаның мүмкіндіктеріне сәйкес, сабақтар модульдік құрылымын сақтау және оқу процесін ыңғайлы ету үшін техникалық форматқа бейімделді.

Барлық сабақтар мобильді қосымшаға жүктелді. Тексеру кезінде оқу материалдарының дұрыс ашылуы, модульдер арасындағы байланыс және қатысушыларға ақпараттың қолжетімділігі қаралып толық үйлестірілді.

Сабақтарды платформаның талаптарына бейімдеу барысында олардың құрылымы мен мазмұны үйлестіріліп, қатысушыларға оқу процесі кезең-кезеңімен түсінікті әрі ыңғайлы болатындай етіп реттелді. Нәтижесінде барлық контент цифрлық ортаға толық интеграцияланып, оқу материалын қолданушылар үшін қолжетімді, жүйеленген және тиімді форматқа келтірді. Контент «MANGYSTAU ZHASTARY» мобильді қосымшасында толық қолжетімді болып, қатысушыларға өздігінен оқу және жаңа дағдыларды меңгеру мүмкіндігін берді.

«MANGYSTAU ZHASTARY» мобильді қосымшасының сілтемесі: <https://apps.apple.com/kz/app/mangystau-zhastary/id6753177114>

2 іс-шара: Қолданушылардың онлайн тіркелуі мен қатысуын бақылау үшін мониторинг жүйесін қосу.

Жоба аясында «MANGYSTAU ZHASTARY» мобильді қосымшасына жүктелген оқу материалдарының қолжетімділігі бойынша жүйелі мониторингтік бақылау жүргізілді. Әрбір жүктелген сабақтың дұрыс ашылуы қолжетімділігі тексерілді. Техникалық ақаулар немесе сабақтардың ашылмауы сияқты мәселелер анықталған жоқ.

Жүргізілген мониторинг нәтижелеріне сүйене отырып, «MANGYSTAU ZHASTARY» мобильді қосымшасының пайдаланушылар белсенділігіне толық аналитикалық есеп жасалды. Есеп жастар аудиториясының жоба контентімен танысу деңгейін, қосымшаға деген қызығушылығын және цифрлық платформа арқылы білім алуға ұмтылысын көрсетеді.

Мониторинг бойынша, жүктелімдердің жалпы саны — 1 892, бұл жобаға қызығушылықтың айтарлықтай жоғары екенін білдіреді. Аудиторияның 86%-ын 18–34 жас аралығындағы жастар құрайды, бұл жобаның нақты мақсатты топқа жетіп отырғанын көрсетеді. Гендерлік тепе-теңдік қалыпты: 60% — ерлер, 40% — әйелдер.

Жүктелім арналары бойынша Google Play және App Store негізгі қайнар көздер болып табылады, бұл қосымшаның ресми платформалар арқылы оңай қолжетімді екенін көрсетеді. Жүйенің ұстап қалу коэффициенті 67,8% деңгейінде болуы — қолданушылардың қосымшаға қайта оралып, бейнематериалдарды көріп, сабақтарды жалғастырып отырғанының нақты дәлелі. Сонымен қатар, деректер көрсеткендей, жүктелім динамикасы тұрақты өсімде, ал жаңа құрылғылар санының көп болуы жоба аясында цифрлық білім беру мүмкіндіктерін кеңейтудің тиімді екенін дәлелдеді.

Есеп қорытындысы бойынша, мобильді қосымша арқылы онлайн оқыту құралдарын пайдалану жастар арасында жоғары сұранысқа ие болып, жоба мақсаттары толық орындалғанын көрсетеді. Мониторинг жүйесі жобаның барысын нақты бақылауға мүмкіндік беріп, аудиторияның белсенділігін айқын көрсетті.

Қосымшаға қатысушылар белсенділігіне бақылау белсенді пайдаланушылар саны: 567 адам. Бұл қосымшаның контенті қызықты және тұрақты қолданылып отырғанын көрсетеді Жүктелімдер саны: 1 892. Бұл аудиторияның өсіп келе жатқанын айқындайды. Қондырылулар саны: 1 214 (+15,7% өсім). Пайдаланушылардың қосымшаны белсенді қолданатынын көрсетеді. Қайтып келу деңгейі: 67,8%. Яғни қолданушылардың басым бөлігі қайта кіріп, контентпен жұмыс істеуді жалғастырады.

2. Құрылғылар бойынша белсенділік: Android: 68% / iOS: 32% Android қолданушылар саны басым, бірақ екі платформада да аудитория белсенді.

Жаңа құрылғылар саны: 847. Аудитория тұрақты түрде жаңарып отыр, қосымшаға жаңа қолданушылар тартылады.

Жүктелу арналарының динамикасы: Google Play: 1 234 жүктелім / App Store: 658 жүктелім

Реферал арқылы жүктеу: +24,8% өсім. Бұл жастардың қосымшаны бір-біріне ұсынып отырғанын көрсетеді.

3-міндет. Жастардың цифрлық дағдыларын және өзін-өзі жұмыспен қамту әлеуетін арттыру

1 іс-шара: «Фриланс негіздері», «Цифрлық маркетинг», «Тапсырыспен жұмыс істеу» сияқты модульдер енгізу.

Бұл негізгі сабақтардан бөлек, жастарға бонус ретінде берілетін сабақтар легі. «Фриланс негіздері», «Цифрлық маркетинг», «Тапсырыспен жұмыс істеу» сияқты модульдер енгізіледі.

Жоба аясында NEET және жұмыссыз жастардың цифрлық дағдыларын дамыту, кәсіби әлеуетін арттыру және еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін күшейту мақсатында негізгі сабақтардан бөлек бонус модульдер енгізілді. Оларға «Фриланс негіздері», «Цифрлық маркетинг», «Тапсырыспен жұмыс істеу» сияқты практикалық бағыттағы модульдер кірді.

Сауалнамаға қатысушы респонденттер саны: 350 адам

Сауалнамаға қатысушы респонденттер жұмыссыз жастар. Жастарға бұл оқу сабақтары жалпы түсінік қалыптастыруға көмектесті. Жалпы курсқа қанағаттану деңгейі 88% болды. Бұл модульдер жастарға қазіргі еңбек нарығының талаптарын түсінуге, фриланс-платформаларда жұмыс істеу тәжірибесін игеруге, клиенттермен қарым-қатынас жасау және жеке кәсіби жолын жоспарлау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әр модуль кезең-кезеңімен құрылып, теориялық ақпарат пен практикалық тапсырмаларды үйлестіретіндей етіп дайындалды. Модульдер жастардың кәсіби дамуына, өзін-өзі жұмыспен қамту әлеуетін арттыруға және заманауи дағдыларын жетілдіруге бағытталды. Сауалнаманың нақты статистикасы отчетқа қосымшада тіркелді.

Әлеуметтік желіге жариялым сілтемелері

«Фриланс негіздері»: <https://www.instagram.com/reel/DSNJYjfjFh1/?igsh=a2wyemRhNW91emR6>

Цифрлық маркетинг»: <https://www.instagram.com/reel/DSNS2rDDOIJ/?igsh=MWlibXB3cW9tYTAzaQ==>

«Тапсырыспен жұмыс істеу»: <https://www.instagram.com/reel/DSNUm6-DERw/?igsh=MWgzamh3bHlzMtIycg==>

2 іс-шара: Практикалық тапсырмалар мен жеке портфолио жасау бойынша қосымша бейнематериалдар әзірлеу.

Қосымша ретінде практикалық тапсырмалар мен жеке портфолио жасау бойынша қосымша 9 бейнематериалдар әзірленді. Жастардың алған білімін бекіту және практикалық дағдыларын дамыту мақсатында қосымша материалдар әзірленді. Бұл материалдар қатысушыларға

жеке портфолио жасау, тапсырмаларды орындау және өз кәсіби тәжірибесін көрсетуге мүмкіндік береді. Практикалық тапсырмалар студенттердің алған білімін тәжірибеде қолдануын, нақты нәтижелерге қол жеткізуін және кәсіби дағдыларын нығайтуын қамтамасыз етті. Жеке портфолио жасау арқылы қатысушылар өз жетістіктерін жинақтап, оны еңбек нарығында қолдану мүмкіндігіне ие болды.

Қатысушылар туралы жалпы мәлімет (сауалнама нәтижелері бойынша), барлығы 350 респондент қатысты; олардың барлығы — жұмыссыз жастар. Онлайн және қашықтан жұмыс істеуге қызығушылық танытатын жастар. Тесттің орташа балы – 90%, бұл қатысушылардың ақпараттану деңгейінің жоғары екенін көрсетеді.

Әлеуметтік желіге жариялым сілтемелері:

1. <https://www.instagram.com/reel/DSNS-zJjDEN/?igsh=MWUwZDRyOGludWVvdg==>
2. <https://www.instagram.com/reel/DSNTKs2DPJY/?igsh=aTBheXJwOGJ4ejFq>
3. https://www.instagram.com/reel/DSNTm_EjDib/?igsh=MXd6NjBqb3ZndTBsOQ==
4. <https://www.instagram.com/reel/DSNTsqmDGOK/?igsh=MWw1azVlZHppYW92dw==>
5. <https://www.instagram.com/reel/DSNT1HfDBSC/?igsh=eG1tNWxjamlwMXA2>
6. <https://www.instagram.com/reel/DSNUAJzjCxx/?igsh=MXZiZjRqczdoZG9keQ==>
7. <https://www.instagram.com/reel/DSNUO6fDEyT/?igsh=MWFscnVya24wZXk5cw==>
8. <https://www.instagram.com/reel/DSNUafKjM0G/?igsh=NmJ2Zno1dXYyamcx>
9. <https://www.instagram.com/reel/DSNU01mDL38/?igsh=MW84djdicXY1a213Yg==>

3-іс-шара: Платформа арқылы онлайн марафондар немесе челендж форматында белсенділік ұйымдастыру.

Ең бастысы платформа арқылы онлайн марафондар немесе челендж форматында белсенділік ұйымдастырылады. Жастардың оқу процесіне қызығушылығын арттыру, «MANGYSTAU ZHASTARY» мобилді қосымшасын таныстыру және тегін сабақтармен бөлісу мақсатында онлайн марафондар мен челенджертер теңіз жағасында өткізілді. Іс-шара барысында қатысушыларға қосымшаға тіркелу және оның функционалы туралы ақпарат берілді.

Қатысушылар белсенділігі: 85%. Бұл формат жастарға өз білімін тәжірибеде қолдануға, жаңа дағдыларды меңгеруге, топтық ынтымақтастық арқылы мотивацияны арттыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, қосымша арқылы тіркелген қатысушыларға тегін сабақтарға қолжетімділік ұсынылды, бұл олардың платформамен танысып, оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етті. Белсенді қатысушыларға сыйлықтар таратылды, бұл жастардың мотивациясын арттырды.

Қатысушылардың қосымшаға тіркелу мен тегін сабақтарға қызығушылық танытты. Қатысушылар қосымшаға тіркеліп, тегін сабақтармен танысты. Әлеуметтік желіге жариялым сілтемелері:

<https://www.instagram.com/reel/DSNU01mDL38/?igsh=MW84djdicXY1a213Yg==>

<https://www.instagram.com/reel/DR5ebjCjBv4/?igsh=dWQwZmdxcjVqcXY1>

4-міндет. Ақпараттық-медиа қолдау жүргізу

1 іс-шара: Қордың әлеуметтік желідегі парақшасы (Instagram/Facebook) арқылы жоба туралы ақпараттық насихат жүргізу.

Қордың Instagram және Facebook парақшалары арқылы жобаны насихаттау жұмыстары тұрақты түрде жүргізілді. Бұл іс-шараның негізгі мақсаты – жастарды жобамен таныстыру, онлайн оқыту бағдарламаларына қызығушылықтарын арттыру, сондай-ақ қатысуды

ынталандыру. Парақшаларда жоба туралы ақпарат, оның мақсаттары, кезеңдері, қатысу шарттары, жаңалықтар және маңызды хабарландырулар жүйелі түрде жарияланды.

Жарияланған ақпараттық **75** шығарылым, қаралым саны **38031**. Қатысушылар арасында қосымшаға тіркелу белсенділігі айтарлықтай артты. Парақшаларда жарияланған материалдарға лайктар мен пікірлер арқылы жастардың жобамен белсенді байланысы көрінді.

Сілтемелер:

<https://www.instagram.com/p/DNPs14YMc1e/?igsh=YmR4NXM4NzBuZDY2>

<https://www.instagram.com/reel/DOybjyrDIld/?igsh=YmR2dmIzbjk2aGc1>

<https://www.instagram.com/p/DNPs14YMc1e/?igsh=YmR4NXM4NzBuZDY2>

<https://www.instagram.com/reel/DOybjyrDIld/?igsh=YmR2dmIzbjk2aGc1>

<https://www.instagram.com/p/DOyikMzjRoY/?igsh=MWNoZm51bmZvNTY0bQ==>

<https://www.instagram.com/p/DROiStNjCXD/?igsh=cmPoOTdmNnJxemtK>

<https://www.instagram.com/p/DROies1DAne/?igsh=M3A2eWF6MmIxdnp1>

<https://www.instagram.com/p/DROirZ1jFJq/?igsh=bzd3eGszZG94YWtk>

<https://www.instagram.com/p/DROi4nhDLBm/?igsh=MWFxNXBqbmt5dno5aA==>

<https://www.instagram.com/p/DROjGOfDATZ/?igsh=eHg3a290dXZsaDM0>

<https://www.instagram.com/p/DROjOscjNa0/?igsh=b25xb3ByeGJwNWU0>

<https://www.instagram.com/p/DRkRa8xjIFI/?igsh=NWQ4a3A2OXVsZzlm>

<https://www.instagram.com/p/DRkRvfVjBdq/?igsh=dHFjZHD4cG95c3Vx>

https://www.instagram.com/p/DRkSAF_jHWz/?igsh=MXE4cGQ2M285cXY1Zg==

<https://www.instagram.com/p/DRkSIy1jJR-/?igsh=MWEwbmNraTZyeDA4eg==>

<https://www.instagram.com/p/DRkSSmEjE5A/?igsh=NXpqY3U1NHV6NTNh>

<https://www.instagram.com/p/DRkSeG4DH1M/?igsh=MTc4bXhjc3l4c3Eydg==>

<https://www.instagram.com/p/DRkSnIgdMve/?igsh=M3F1cTRjeHptbDY1>

<https://www.instagram.com/p/DRkS-WLDGO0/?igsh=MTY3djNyYXNtNmG2eg==>

<https://www.instagram.com/reel/DR1ZgL1DD13/?igsh=cnlwMWftY2VxeGly>

<https://www.instagram.com/reel/DR1ZwHVjAGc/?igsh=MXA4MzUyajk2aHZqOA==>

<https://www.instagram.com/reel/DR1Z73ZDEz-/?igsh=MWVmYXRjY2l6NXJhYQ==>

<https://www.instagram.com/reel/DR1gmYfDBqY/?igsh=MWphZ2NrazgyNm9vYg==>

<https://www.instagram.com/reel/DR1nKsmjCJZ/?igsh=MzEwd3JhODFuajNn>

https://www.instagram.com/bilimall_mangystau?igsh=MWs1NGEzc3R2dWhvZg%3D%3D&utm_source=qr

https://www.instagram.com/bilimall_mangystau?igsh=MWs1NGEzc3R2dWhvZg%3D%3D&utm_source=qr

https://www.instagram.com/bilimall_mangystau?igsh=MWs1NGEzc3R2dWhvZg%3D%3D&utm_source=qr

https://www.instagram.com/bilimall_mangystau?igsh=MWs1NGEzc3R2dWhvZg%3D%3D&utm_source=qr

https://www.instagram.com/bilimall_mangystau?igsh=MWs1NGEzc3R2dWhvZg%3D%3D&utm_source=qr

https://www.instagram.com/bilimall_mangystau?igsh=MWs1NGEzc3R2dWhvZg%3D%3D&utm_source=qr

https://www.instagram.com/bilimall_mangystau?igsh=MWs1NGEzc3R2dWhvZg%3D%3D&utm_source=qr

https://www.instagram.com/bilimall_mangystau?igsh=MWs1NGEzc3R2dWhvZg%3D%3D&utm_source=qr

https://www.instagram.com/bilimall_mangystau?igsh=MWs1NGEzc3R2dWhvZg%3D%3D&utm_source=qr

https://www.instagram.com/bilimall_mangystau?igsh=MWs1NGEzc3R2dWhvZg%3D%3D&utm_source=qr

<https://www.facebook.com/share/p/1FixiwNvaq/?mibextid=wwXlfr>

2-іс-шара: Instagram, TikTok және YouTube Shorts арқылы мотивациялық роликтер мен сабақ үзінділерін жариялау.

Жоба аясында әлеуметтік желілерде Instagram, TikTok және YouTube Shorts де қысқа мотивациялық роликтер мен сабақ үзінділері жарияланды. Бұл жастардың сабақ мазмұнымен танысуына, қызығушылықтарын арттыруға және «MANGYSTAU ZHASTARY» мобилді қосымшасын пайдалануға ынталандыруға бағытталды. Материалдар аптасына 2-3 рет жарияланып, 8069 қаралым жинады. Қатысушылар роликтерді көріп, олар бойынша пікірлер қалдырды, сонымен қатар тегін сабақтарға тіркелу ниеттерін білдірді. Жастар сабақтарды тәжірибеде қолдануға және өз кәсіби бағыттарын дамытуға ынталандырылды. Сілтемелер:

Tiktok

<https://vm.tiktok.com/ZNR8hJuox/>

<https://vm.tiktok.com/ZNR8h6Haq/>

<https://vm.tiktok.com/ZNR8hfP36/>

<https://vm.tiktok.com/ZNR8hRHfT/>

YOUTUBE

<https://www.youtube.com/watch?v=Wt3WXHIV1pY>

https://www.youtube.com/watch?v=ti0FGewqX_4

<https://www.youtube.com/watch?v=fjSncPaFNjI>

<https://www.youtube.com/watch?v=L-NooSsKXvQ>

3-іс-шара: Айына кемінде 1 рет медиа инфлюенсерлермен бірлескен эфирлер немесе сұхбаттар мен кездесулер ұйымдастыру.

Айына кемінде 1 рет медиа инфлюенсерлермен бірлескен эфирлер немесе сұхбаттар мен кездесулер ұйымдастырылды. Жобаның ақпараттық қолдауын күшейту үшін айына кемінде бір рет медиа инфлюенсерлермен бірлескен онлайн эфирлер, сұхбаттар және кездесулер өткізілді. Белгілі инфлюенсерлер қатысқан эфирлер барысында жастардың сұрақтарына толық жауап беріліп, жобаның артықшылықтары мен сабақтар мазмұны егжей-тегжейлі түсіндірілді.

- Ұйымдастырылған кездесулердің саны: 5
- Instagram желісінде тікелей эфир ұйымдастырылды.
- Instagram желісінде тікелей эфир ұйымдастырылды.
- IT мамандармен жүздесу.
- Кезекті ZOOM байланыс.
- Мұнайлылық спортшылармен жүздесу.

Инфлюенсерлердің аты-жөні: Нұржан Нуржанов, Тілекқабыл Жұмабайұлы, Айгерім Мәжтай, Санжар Жунусов, Рүстем Қабдығалиев «Bilim – all» әлеуметтік жобасы бойынша өткен кездесулердегі инфлюенсерлер туралы ақпарат:

Нұржан Нуржанов — маркетинг, графикалық дизайнер, фрилансер. Instagram желісінде тікелей эфир ұйымдастырылды.

Тілекқабыл Жұмабайұлы жобаның SMM маманы. Instagram желісінде тікелей эфир ұйымдастырылды.

Айгерім Мәжтай – «Маңғыстау HUB» жетекшісі. Сонымен қатар, жас стартаперлер де қатысты. IT мамандармен жүздесу.

Санжар Жунусов – ТикТок ментор. Кезекті ZOOM байланыс - Эфирге инфлюенсер қатысты. Сонымен қатар, Ақтау мен Жаңаөзен қаласы, Мұнайлы, Түпқараған, Маңғыстау ауданының жастары қатысты.

Рүстем Қабдығалиев, Бектурсун Жайчибеков, Амалбек Дүйсембиев, Ақылбек Асанов – тәжірибелі спортшылар. Атамекен ауылдық округіндегі спортшылармен кездесу. Эфирлер барысында жастар қосымшаға тіркелуге ынталандырылып, платформада қолжетімді сабақтармен таныстырылды. Сонымен қатар, инфлюенсерлердің аудиториясы арқылы жоба кеңінен танылып, жастар арасында мотивацияны арттыруға септігін тигізді.

Әлеуметтік желіге жариялым сілтемесі:

https://www.instagram.com/bilimall_mangystau?igsh=MWs1NGEzc3R2dWhvZg%3D%3D&utm_source=qr

4 іс-шара: «BILIM-ALL» жобасына қатысушы жастардың табыс хикаяларын жариялау арқылы мотивацияны күшейту.

«BILIM-ALL» жобасына қатысушы жастардың табыс хикаялары әлеуметтік желілерде жарияланды. Бұл жастарға өз жетістіктерін көрсетуге, тәжірибе алмасуға, жобамен белсенді айналысуға және кәсіби бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді. Хикаялар жастардың өз кәсіби жолын жоспарлауына, практикалық дағдыларын дамытуына және өздігінен табыс табуға деген ынтасын көтеруге ықпал етті. Сонымен қатар, табыс хикаялары арқылы жобаға жаңа қатысушылар тартылды және жастардың жобамен тұрақты айналысуы қамтамасыз етілді.

5-міндет. Жергілікті серіктестермен және менторлармен ынтымақтастық орнату.

1 іс-шара: Маңғыстау өңіріндегі IT, медиа, креативті индустрия салаларындағы мамандармен кездесу ұйымдастыру.

Жоба аясында 2025 жылы 19 қараша күні Маңғыстау өңіріндегі IT, медиа және креативті индустрия салаларындағы тәжірибелі мамандармен кездесу өткізілді.

Кездесу мақсаты – жобаның мазмұнын таныстыру, жастарға арналған онлайн білім беру бағдарламаларының құрылымын көрсету, өңірдегі кәсіби сұраныс пен жастардың қабілеттерін сәйкестендіру. Кездесу барысында жоба командасы қатысушыларға жобаның негізгі мақсаттары, кезеңдері, күтілетін нәтижелері, заманауи мамандықтар тізімі және қатысу шарттары туралы егжей-тегжейлі ақпарат берді. Мамандар өз кезегінде өңірдегі жастардың цифрлық дағдыларын жетілдіру қажеттілігі, онлайн білім берудің маңызы және кәсіби дамуға бағытталған оқу бағдарламаларының тиімділігі туралы пікір алмасты.

Кездесу барысында мамандар жобаның құрылымын, сабақтардың мазмұнын және практикалық тапсырмаларды талқылап, өз тәжірибелерімен бөлісті. Бұл жастарға кәсіби бағыттарын нақтылау үшін маңызды байланыстар орнатуға мүмкіндік берді. Кездесудің нәтижесінде өңір мамандары жобамен белсенді жұмыс істеуге дайындықтарын білдіріп, болашақта сабақтарды жетілдіруге, практикалық тапсырмаларды дамытуға және кәсіби кеңестер беруге ниетін көрсетті. Сонымен қатар, осы кездесу арқылы жастардың цифрлық дағдыларын арттыруға бағытталған жобаның сапасы күшейіп, тәжірибелі мамандармен тұрақты серіктестік орнатылды, бұл жастардың кәсіби әлеуетін дамытуға тікелей ықпал етті. «BILIM-ALL» жобасы аясында платформаға енгізілген онлайн сабақтар бойынша кездесулерінің әлеуметтік желіге жариялым сілтемесі:

<https://www.instagram.com/p/DSN9hjIDHyh/?igsh=MWNjNXlqN2oyejdnaw==>

<https://www.instagram.com/p/DSN6svGjJ2k/?igsh=MW8xcDMycDJzNHVmZg==>

<https://www.instagram.com/p/DSN-YhjjEn6/?igsh=bGc4YjdrenlxejQy>

2 іс-шара: Оқу процесіне тартылатын менторлар пулын құру және олармен келісім жасау.

Жобаның тиімділігін арттыру үшін тәжірибелі менторлар пулын құру жұмыстары жүргізілді. Менторлар ретінде IT, дизайн, цифрлық маркетинг, медиа және креативті индустрия саласындағы тәжірибелі мамандар таңдалды. Менторлардың негізгі міндеті – сабақтар мазмұнын бақылау, қатысушыларға жеке кеңестер беру, практикалық тапсырмаларды бағалау, мотивациялық қолдау көрсету және жастардың кәсіби дамуын бағыттау болды.

Менторлар пулымен тұрақты байланыс орнатылып, олардың қатысуы сабақтардың сапасын арттыруға және жастардың мотивациясын күшейтуге мүмкіндік берді. Менторлардың қолдауы қатысушыларға нақты тәжірибелік тапсырмалар арқылы білімдерін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік беріп, кәсіби дағдыларын жетілдіруіне ықпал етті.

3 іс-шара: Серіктес ұйымдармен (мысалы, Халыққа қызмет көрсету орталығы, Жастар ресурстық орталықтары) бірлескен акциялар мен кездесулер өткізу. Платформаға енгізілген онлайн сабақтардың авторларымен, менторлармен офлайн кездесу.

Жобаны кеңінен тарату және қолдау мақсатында 2025 жылы 16 қараша күні Халыққа қызмет көрсету орталығымен бірлескен кездесулер өткізілді. Әлеуметтік желіге жариялым сілтемесі:

<https://www.instagram.com/p/DSN9hjIDHyh/?igsh=MWNjNXlqN2oyejdnaw==>

<https://www.instagram.com/p/DSN6svGjJ2k/?igsh=MW8xcDMycDJzNHVmZg==>

<https://www.instagram.com/p/DSN-YhjjEn6/?igsh=bGc4YjdrenlxejQy>

Сонымен қатар, 2025 жылдың 17 – 18 қараша күндері Жаңаөзен қаласы, Құрық ауылы, Мұнайлы ауданында «BILIM-ALL» жобасы аясында платформаға енгізілген онлайн сабақтар бойынша 5 шеберлік сағат өткізілді.

Өткізілген орны: Жаңаөзен қаласы, Құрық ауылы, Мұнайлы ауданы

Өткізілген күні: 17-18 қараша

Барлық қамтылған жастар саны: 229

Әлеуметтік желіге жариялым сілтемесі:

<https://www.instagram.com/reel/DR1ZgLI1DD13/?igsh=cnlwMWFtY2VxeGly>

<https://www.instagram.com/reel/DR1ZwHVjAGc/?igsh=MXA4MzUyYajk2aHZqOA==>

<https://www.instagram.com/reel/DR1Z73ZDEz-/?igsh=MWVmYXRjY2l6NXJhYQ==>

<https://www.instagram.com/reel/DR1gmYfDBqY/?igsh=MWphZ2NrazgyNm9vYg==>

<https://www.instagram.com/reel/DR1nKsmjCJZ/?igsh=MzEwd3JhODFuajNn>

Бұл іс-шаралар қатысушыларға оқу процесіне белсенді қатысуға, практикалық кеңестер алуға, тәжірибе жинақтауға және кәсіби бағыттарын нақтылауға мүмкіндік берді. Серіктес ұйымдардың қолдауы арқылы ақпараттық хабарландырулар таратылып, жастар платформаны тиімді пайдалана білді. Осы бірлескен іс-шаралар арқылы қатысушылардың белсенділігі артты, олар өздерін цифрлық дағдыларын жетілдіруге бағытталған жобаның бір бөлігі ретінде сезінді. Сонымен қатар, бұл кездесулер жастарға офлайн тәжірибе алмасу, менторлардан кеңестер алу және кәсіби байланыстар орнатуға жағдай жасады. Жобаның жергілікті қауымдастықтардағы беделі күшейіп, қатысушылардың қосымшаға тіркелу деңгейі және онлайн сабақтарға қызығушылығы артты.

4-іс-шара: Жоба туралы кемінде 5 БАҚ-та жариялау (жоба басында және жоба сәтті жүзеге асқанда).

Жобаның танымалдығын арттыру мақсатында оның басталу кезеңінде және сәтті жүзеге асқаны туралы Маңғыстау өңіріндегі бірнеше негізгі ақпараттық арналарға жарияланымдар жасалды. Атап айтқанда, хабарландырулар «Маңғыстау медиа» сайты, Маңғыстау облысы Қоғамдық коммуникация әлеуметтік желісі, Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының ресми парақшасы мен Маңғыстау облысының жастар орталығының әлеуметтік желілерінде орналастырылды. Жастар мен қоғам назарын аударуға, қосымшаға жаңа қатысушылар тартуға және жобаның танымалдығын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік берді. Тікелей эфирлер жастардың қызығушылығын арттырып, оларды платформаға тіркелуге ынталандырды, ал жарияланымдар жобаның кең аудиторияға танысуын қамтамасыз етті. Нәтижесінде жоба имиджі нығайып, жастардың кәсіби дамуы мен өздігінен табыс табу қабілеттерін арттыруға, сондай-ақ «MANGYSTAU ZHASTARY» мобильді қосымшасын тиімді қолдануға деген қызығушылығы елеулі түрде көтерілді. Барлығы 12 шығарылым шықты. Маңғыстау облысы Қоғамдық коммуникация әлеуметтік желісіне жариялым сілтемесі:

<https://www.instagram.com/p/DQeE1yPiLDc/?igsh=MTIyMXN0dW1kc29nbg==>

<https://www.instagram.com/reel/DQeUDHYCHhS/?igsh=MTJxbHZlczVqazl6eA==>

«Маңғыстау медиа» сайтына жүктелген ақпараттың қаралымы 11047 жариялым сілтемесі:

<https://otpannews.kz/kz/news/onlain-platforma-boiynsha-zhastarga-tusindiru-zhumystary-zhurgizildi-KZ>

<https://otpannews.kz/kz/news/mangystau-zhastaryna-arnalghan-tegin-onlain-sabaktar-zhana-bagyttarmen-tolykty-KZ-2>

<https://otpannews.kz/kz/news/onir-zhastaryna-arnalghan-10-zamani-mamandyk-boiynsha-tegin-kurs-ashyldy-KZ>

<https://otpannews.kz/kz/news/mangystau-zhastaryna-arnalghan-zhana-tsifryk-platforma-iske-kosyldy-KZ>

<https://otpannews.kz/kz/news/mangystau-zhastaryna-arnalghan-zhana-tsifryk-platforma-iske-kosyldy-KZ>

Маңғыстау облысының жастар орталығының ресми сайты

<https://mangystauzhastary.kz/bilim-all-zhobasy/>

<https://mangystauzhastary.kz/onlajn-platforma-boiynsha-zhastarga-tusindiru-zhumystary-zhurgizildi/>

Маңғыстау обл.-ң жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының ресми парақшасында 1368 қаралым, жарияланған ақпарат сілтемесі:

<https://www.instagram.com/reel/DRmKw8wiump/?igsh=MTNzZWNqc3RIYTRmdg==>

<https://www.instagram.com/p/DQeIitqij-n/?igsh=MjhuMW85aWlpanpi>

<https://www.instagram.com/p/DQeIitqij-n/?igsh=MjhuMW85aWlpanpi>

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы

1 іс-шара. Жобаның қорытынды жария презентациясын ұйымдастыру

Шарт талаптарына сәйкес, жобаның нәтижелерін қорытындылайтын презентация жасалды. Қорытынды презентацияда жобаның негізгі мақсаттары, орындалған іс-шаралары, жастардың қатысу статистикасы, заманауи мамандықтар бойынша дайындалған контент және олардың нәтижелері көрсетілді. Сонымен қатар, жобаға арналған пресс-релиз дайындалып, жобаның басты жетістіктері мен маңызды ақпараттары қамтылды.

2 іс-шара. Жоба нәтижесі бойынша нысаналы индикаторға қол жеткізу.

Білім беру бағдарламасын әзірлеу және оны жүргізу арқылы нысаналы санаттағы жастардың төмендетілген үлесі 5 % асты. Жергілікті атқарушы органнан индикаторға қол жеткізу жайлы растайтын құжат берілді.

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс.

1 іс-шара. Жобаның бастапқы және қорытынды кезеңіндегі нәтижелер туралы ақпараттық жарияланымдар

Қорытынды кездесу туралы әлеуметтік желілерде жарияланып, жобаның аудиториясына кеңінен таныстырылды. Бұл іс-шара жобаның танымалдығын арттырып, қатысушылардың белсенділігін көрсетуге, сондай-ақ жергілікті серіктестер мен БАҚ өкілдерінің назарын аударуға мүмкіндік берді. Әлеуметтік желілердегі және БАҚ-тағы жарияланымдар саны 3. Қамтылған БАҚ аудиториясы 10000 болды.

2 іс-шара. Жобаның оң көрсеткіштерін ресми сайттар мен әлеуметтік желілерде жариялау

Әлеуметтік желілердегі жарияланымдар саны 3. Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының ресми сайты немесе әлеуметтік желідегі парақшасында кемінде 2 жарияланым болды. Ақпараттық қамту 25000 болды.

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

Жоба мақсаты – Маңғыстау облысындағы NEET санатындағы және жұмыссыз жастардың білімге, біліктілікке және цифрлық дағдыларға қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру, өзін-өзі жұмыспен қамту мүмкіндіктерін кеңейту және аталған санаттағы жастар үлесін кемінде 5%-ға төмендетуге ықпал ету.

Жоба аясында мақсатты топқа арналған білім беру бағдарламасы әзірленіп, іске асырылды. Бағдарлама шеңберінде 10 мамандық бойынша (әрқайсысы 1–5 модульден тұратын) онлайн бейнесабақтар сериясы дайындалып, кәсіби түрде түсіріліп, монтажданды. Барлық оқу материалдары Маңғыстау облысының жастар саясаты басқармасының мобильді қосымшасына жүктеліп, жастар үшін тәулік бойы (24/7) қолжетімді форматта ұсынылды.

Жобаның ақпараттық сүйемелденуі жүйелі түрде жүргізіліп, Instagram, TikTok және YouTube әлеуметтік желілері арқылы кеңінен таратылды. Нәтижесінде жобалық контенттің жалпы қаралым саны 57 147-ні құрады, бұл жоспарланған кемінде 25 000 қаралым көрсеткішінен едәуір жоғары.

Цифрлық, фриланс және кәсіпкерлік бағыттар бойынша әзірленген практикалық модульдер мен портфолио қалыптастыруға арналған сабақтар жастардың өзін-өзі жұмыспен қамту әлеуетін арттыруға бағытталды. Сонымен қатар, сала мамандары мен менторлардың қатысуымен кемінде 5 шеберлік сағат өткізіліп, жастар мен кәсіби сарапшылар арасындағы байланыс нығайтылды.

Жалпы алғанда, білім беру бағдарламасын әзірлеу және оны іске асыру нәтижесінде NEET санатындағы және жұмыссыз жастардың еңбек нарығына бейімделу деңгейі артты және олардың үлесін кемінде 5%-ға төмендетуге нақты ықпал жасалды.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Жобаны іске асыру барысында қойылған мақсаттарға қол жеткізілгені нақты деректермен расталады. Алдын ала жүргізілген онлайн сауалнама нәтижесінде жастар арасында цифрлық дағдыларды меңгеруге жоғары қызығушылық бар екені анықталды. Сауалнамаға 49 жас қатысушы қатысып, олардың орташа жасы 17–25 жас аралығын құрады, бұл жобаның нысаналы тобының дұрыс таңдалғанын көрсетті.

Аталған қажеттіліктерді ескере отырып, жоба аясында құрылымдалған онлайн бейнесабактар, практикалық тапсырмалар және қосымша бонус модульдер әзірленді. Атап айтқанда, «Фриланс негіздері», «Цифрлық маркетинг» және «Тапсырыспен жұмыс істеу» бағыттары бойынша оқу контенті ұсынылып, жастардың теориялық білімін практикамен ұштастыруға мүмкіндік жасалды.

Барлық оқу материалдары мобильді қосымшаға жүктеліп, жоба кезеңінде 1 892 жүктелім тіркелді. Қосымшаны белсенді пайдаланушылар саны 567 адамды құрап, қайтып келу деңгейі 67,8% болды. Бұл көрсеткіштер жастардың оқу контентіне тұрақты қызығушылық танытқанын және материалдардың өзектілігін дәлелдейді.

Дәлелдеме ретінде, сабақтар контентінің жүйелі құрылымы, модульдік форматта әзірленуі, сала мамандары мен тәжірибелі спикерлердің тартылуы, сондай-ақ пайдаланушылар белсенділігінің сандық статистикалық көрсеткіштері жобаның мақсаттарына толық көлемде қол жеткізілгенін айқындайды.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: ауытқу жоқ

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Жобаны іске асыруға дейін Маңғыстау облысындағы NEET санатындағы және жұмыссыз жастар үшін цифрлық дағдыларды дамытуға бағытталған қолжетімді әрі жүйеленген білім беру бағдарламалары шектеулі болды. Онлайн форматтағы сапалы оқу контенті, жергілікті мамандардың қатысуы және практикалық бағыттағы сабақтар жеткіліксіз деңгейде ұсынылды, бұл жастардың еңбек нарығына бейімделу мүмкіндігін төмендетті.

Жоба іске асырылғаннан кейін жағдай айтарлықтай жақсарды. Онлайн бейнесабактар мен практикалық модульдерден тұратын білім беру бағдарламасы әзірленіп, мобильді платформа арқылы жастарға тәулік бойы (24/7) қолжетімді форматта ұсынылды. Бұл жастардың өздігінен білім алуына, цифрлық құзыреттерін жүйелі түрде дамытуына және жеке оқу траекториясын қалыптастыруына мүмкіндік берді.

Жоба аясында жүргізілген оқыту және шеберлік сағаттары нәтижесінде қатысушылардың цифрлық сауаттылығы артты, фриланс, цифрлық маркетинг және өзін-өзі жұмыспен қамту бағыттарына қызығушылығы күшейді. Нәтижесінде жастардың еңбек нарығына қатысу әлеуеті ұлғайып, NEET және жұмыссыз жастардың білім мен біліктілікке қолжетімділігі едәуір кеңейді.

Қорытындылай келе, жоба шеңберінде анықталған негізгі проблемалар – цифрлық білімге қолжетімділіктің шектеулілігі, жүйеленген оқыту форматының болмауы және практикалық дағдылардың жетіспеушілігі – едәуір дәрежеде шешімін тапты. Жоба NEET санатындағы және жұмыссыз жастардың әлеуметтік-экономикалық бейімделуіне нақты және өлшенетін оң әсер етті.

2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат

1) гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
726	326	400

2) санаттар бойынша әлеуметтік мәртебесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жасан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
726		215	-	-	-	-	276	235	-	-

3) жас ерекшелігінің көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
726	115	210	214	187	-	-	-

3. Жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:

обаның нысаналы тобы – 14–37 жас аралығындағы NEET санатындағы және жұмыссыз жастар. Жоба аясында олардың кәсіби дағдыларын дамыту, еңбек нарығына қатысу әлеуетін арттыру және цифрлық білімге қолжетімділігін кеңейту көзделді.

Сандық көрсеткіштер бойынша нәтижелер:

Жобаға жалпы саны 350 жас тартылды. Қатысушылардың 67,8%-ы жобалық платформаны тұрақты пайдаланып, оқу процесіне белсенді қатысқанын көрсетті. Платформа арқылы 1 892 онлайн модуль жүктеліп, 567 қатысушы оқу материалдарын жүйелі түрде меңгерді. Практикалық тапсырмаларды орындау деңгейі 85–88% аралығында болды. Жоба шеңберінде жастар үшін 10 заманауи мамандық бойынша бейнесабақтар сериясы әзірленіп, өткізілді.

Сапалық өзгерістер:

Жоба нәтижесінде қатысушылардың өздігінен білім алу дағдылары қалыптасып, цифрлық ортада жұмыс істеу қабілеті артты. Жастар портфолио әзірлеу және практикалық жобаларды орындау арқылы еңбек нарығына бейімделе түсті. Сонымен қатар, NEET және жұмыссыз жастардың цифрлық сауаттылығы жоғарылап, жаңа кәсіби дағдыларды практикада қолдану мүмкіндігі кеңейді. Жобалық іс-шаралар мен онлайн өзара әрекеттесу арқылы қатысушылардың әлеуметтік интеграциясы күшейіп, командада жұмыс істеу дағдылары нығайды.

Қорытынды:

Ұсынылған сандық және сапалық көрсеткіштер жобаның нысаналы топқа нақты әрі өлшенетін оң әсер еткенін, жастардың кәсіби және әлеуметтік дамуына елеулі үлес қосқанын дәлелдейді.

2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

Жобаны іске асыру барысында шешілген негізгі проблема – жастардың кәсіби дағдыларының жеткіліксіздігі, еңбек нарығына бейімделу деңгейінің төмендігі және әлеуметтік белсенділіктің шектеулі болуы. Аталған мәселелер NEET санатындағы және жұмыссыз жастардың еңбекке араласуына және өз әлеуетін толық іске асыруына кедергі келтіріп келген.

Жобаның ұзақ мерзімді әсері жастардың цифрлық және кәсіби құзыреттерін дамытуға, өзін-өзі жұмыспен қамту мүмкіндіктерін кеңейтуге және әлеуметтік интеграция деңгейін арттыруға бағытталды. Жоба аясында қатысушылар заманауи мамандықтар бойынша білім алып, практикалық тәжірибе жинақтады, топтық жұмыс пен кәсіби ынтымақтастық дағдыларын меңгерді. Бұл олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырып, өңірдегі NEET және жұмыссыз жастар үлесінің төмендеуіне ықпал етеді.

Сонымен қатар, мобильді қосымша мен бейнесабақтар арқылы білім алу процесі тұрақты әрі қолжетімді форматта ұйымдастырылып, цифрлық білім беру саласының ұзақ мерзімді дамуына негіз қаланды. Бұл жастардың үздіксіз оқуға деген қызығушылығын сақтауға және өздігінен білім алу мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Болжамды оң өзгерістер ретінде жастардың кәсіби дағдыларының артуы, экономикалық белсенділіктің өсуі және қоғамға тиімді әлеуметтік интеграциясы қарастырылады. Ықтимал тәуекел ретінде техникалық сүйемелдеу мен платформалық қолдау жеткіліксіз болған жағдайда жобаның тиімділігі төмендеуі мүмкін. Жалпы алғанда, жоба өңірдегі жастардың әлеуметтік-экономикалық дамуына және еңбек нарығының тұрақты дамуына ұзақ мерзімді оң әсер етеді.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Әлеуметтік әсері:

Жоба нәтижесінде NEET санатындағы және жұмыссыз жастардың цифрлық сауаттылығы мен кәсіби біліктілік деңгейі артты. Қатысушылардың білім алуға деген мотивациясы күшейіп, өздігінен оқуға және жаңа дағдыларды меңгеруге тұрақты қызығушылық қалыптасты. Сонымен қатар, жастардың әлеуметтік интеграциясы артып, олар кәсіби ортаға белсенді араласа бастады.

Экономикалық әсері:

Алынған білім мен практикалық дағдылардың нәтижесінде жастар фриланс және кәсіпкерлік бағыттарда табыс табу мүмкіндігіне ие болды. Қатысушылардың бір бөлігінде ай сайынғы табыс көлемі 100–300 мың теңгені құрап, жекелеген жағдайларда 1 млн теңгеге дейін жетті. Жоба өңірдегі еңбек нарығына жаңа цифрлық мамандардың келуіне ықпал етіп, IT және цифрлық экономика саласының дамуына серпін берді.